



ArcelorMittal



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

МИЛЛИОН  
СӨЗДІҢ  
ОРНЫНА

20  
22



# БІЗДІҢ ЕСЕПТІҢ ИДЕЯСЫ

## МИЛЛИОН УӘДЕ СӨЗДІҢ ОРНЫНА МИЛЛИОН НАҚТЫ ІС!

Біз миллион уәде берген жоқпыз, біз миллион сөз айтпадық.

Біздің мақсат – **миллион** ағаш отырғызу!

Біз отырғызған ағаштар, ондаған немесе тіпті жүздеген жыл өмір сүріп, қала мен оның тұрғындарын ыстық пен желден қорғайтын, ауаны газ бен шаңнан тазалайтын, өңірдегі ормандарды жаңғыртатын тірі жасыл ағза құрайды.

Біз тек адамдар мен жерге ғана емес, сонымен бірге болашағымызға да қамқорлық танытып, оны жасыл әрі тірі етеміз!



# МАЗМҰНЫ

<b>Есеп туралы</b>	<b>4</b>
Есептің шекаралары	5
Сыртқы растау	5
<b>Бас директордың үндеуі</b>	<b>6</b>
<b>Негізгі көрсеткіштер</b>	<b>8</b>
Өндірістік көрсеткіштер	8
Экологиялық көрсеткіштер	10
Әлеуметтік көрсеткіштер	12
<b>Компания туралы</b>	<b>14</b>
«АрселорМиттал» Тобы туралы	16
«АрселорМиттал Теміртау» Компаниясы туралы	18
Қызмет географиясы	18
Өнімнің негізгі түрлері мен оларды өткізу	22
Бизнес-модель (құнды құру процесі)	24
<b>Корпоративтік басқару</b>	<b>26</b>
Басқару құрылымы	29
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау және сыйақы беру	30
Мүдделер қақтығыстарын алдын алу	30
Тұрақты дамуды басқару	32
Тұрақты даму саласындағы мәселелерді басқару жауапкершілігі	36
Саясаттар, міндеттемелер және оларды жүзеге асыру	37
Есептің маңызды тақырыптары	37
Мүдделі тараптармен өзара әрекет	38



## Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

42

Біздің көзқарасымыз	44
Өндірістік жарақаттану	52
Қауіпті факторларды анықтау және тәуекелдерді бағалау	54
Денсаулықты қорғау	55
ЕҚЖҚТ саласындағы оқыту	58

## Климаттың өзгеруі және парниктік газдар шығарындылары

60

Біздің көзқарасымыз	62
Парниктік газдар шығарындылары	62
Парниктік газдар шығарындыларын төмендету бойынша шаралары	64
Энергия тұтыну және энергия тиімділігі	66
Біздің көзқарасымыз	66
Энергия ресурстарын тұтыну	66
Өнімнің энергия сыйымдылығы	68
Энергия тиімділігін арттыру шаралары	69

## Қоршаған орта

70

Біздің көзқарасымыз	72
Экологиялық шығындар және төлемдер	76
Ластаушы заттар шығарындылары	78
Біздің көзқарасымыз	78
Ластаушы заттардың шығарындыларын азайту бойынша іс-шаралар	78
Қалдықтармен жұмыс	84
Біздің көзқарасымыз	84
Қалдықтардың қалыптасуы	84
Қайта өңдеу және қайта пайдалану	86
Қалдықтарды орналастыру	87
Қалдық қоймалары	88
Су ресурстарын басқару	89
Біздің көзқарасымыз	89
Су алу	90
Су өткізу	92
Су тұтыну	94
Биоалуантүрлілік және жерлерді пайдалану	94
Біздің көзқарасымыз	94
Биоалуантүрлікке әсер	95
Мекендейтін жерлерді қалпына келтіру	95

## Клиенттерге көпілдік және өнім саласындағы инновациялар

96

Біздің көзқарасымыз	98
Мемлекетшілік құндылықты дамыту	100
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет	102
Біздің көзқарасымыз	102
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және қолданылатын шаралар	103
Өнім саласындағы инновациялар	105

## Әлеуметтік сала

106

Қызметкерлерді басқаруға біздің көзқарасымыз	108
Жұмыспен қамту	109
Жаңа қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы	111
Көптүрлілік және тең мүмкіндіктер	114
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	115
Бірлестіктер еркіндігі мен ұжымдық шарттар	116
Оқыту және білім беру	118
Біздің көзқарасымыз	118
Қызметкерлерді дамыту	122
Қатысу аймақтарын дамыту	128
Біздің көзқарасымыз	128
Жергілікті қоғамдастықтарды қолдауға инвестициялар	129
Адам құқықтарын сақтау	136
Біздің көзқарасымыз	136
Кемсітушіліктің алдын алу	137
Шағым және ұсыныстар беру механизмі	137
Экономикалық әсер	138
Біздің көзқарасымыз	138
Салықтар және міндетті төлемдер	140

## Қосымшалар

142

### 1-қосымша. Тұрақты даму саласындағы мәліметтер

144

Энергия тұтыну	144
Ластаушы заттар шығарындылары	144
Қалдықтармен жұмыс	145
Су ресурстарын басқару	148
Қызметкерлерді басқару	149

### 2-қосымша. GRI мазмұнының сілтеуіші

153

### Аббревиатуралар және қысқартулар

168

### Байланыс ақпараты

170



2-1

## Есеп туралы

**«АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның (бұдан әрі – «АМТ» немесе «Компания») Тұрақты даму жөніндегі есебі (бұдан әрі – «Есеп») Компанияның қаржылық есептілігінің есептік кезеңіне сәйкес келетін 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметі туралы ақпарат ұсынады. Компания 2010 жылдан бастап жыл сайын тұрақты даму және корпоративтік жауапкершілік туралы есебін жариялайды. Бұл Есеп Компанияның он екінші қаржылық емес Есебі. Аталған ақпаратты салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ол бірнеше жылғы динамикада берілген.**

Есеп алғаш рет GRI Universal Standards 2021 Есептілік бойынша Жаһандық бастама стандарттарының қағидаттары мен талаптарына сәйкес әзірленді. Соған байланысты Есептің бөлімдері өткен кезең Есептерімен салыстырғанда толықтырылды. Өткен есептік кезеңнің мәліметтері өзгеріске ұшыраған жоқ. Есеп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленді. Қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған жағдайда Есептің орыс тіліндегі нұсқасы түпнұсқа болып есептеледі. Есеп мүдделі тараптардың назарына АМТ сайтында жариялау және баспа нұсқасын тарату арқылы ұсынылады. Есептердің электронды нұсқасы Компанияның сайтында ашық қолжетімді:



Біз Есепті мүдделі тараптардың ауқымды Тобына арнап жариялаймыз және барлық маңызды тақырыптар бойынша Компанияның оң және теріс ықпалдарын ашатын теңгерімді мәліметтерін жария етуге тырысамыз.



## Есептің шекаралары 2-2

Компанияның табиғи, адами және материалдық ресурстарға ең айтарлықтай ықпалы Компанияның негізгі активтерінің қызметімен байланысты болғандықтан, Есептің шекаралары «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның келесі бөлімдерін қамтиды:

- Толық өндірістік циклге ие металлургиялық комбинатты қамтитын Болат департаменті;
- Сегіз көмір шахтасы мен тау-кен байыту фабрикасын қамтитын Көмір департаменті;
- Төрт кенішті қамтитын Темір-кен департаменті («Өркен» ЖШС).

## Сыртқы растау 2-5

Аталған есептік кезеңнің Есебі үшінші тараптың қосымша тәуелсіз растауынан өткен жоқ. Алайда, Есепте қамтылған ең айтарлықтай негізгі көрсеткіштер сыртқы растаудан өтеді. Осылайша, парник газдары шығарындылары туралы мәліметтер (Қамту 1) есептік кезеңде ISO 14064 парник газдары шығарындыларын есепке алу, түгендеу, мониторингілеу, есептік және верификациялау бойынша халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес тәуелсіз верификациядан өтті.



## Яблонский Владимир Иванович

«АрселорМиттал Теміртау»  
АҚ бас директоры

## Бас директордың үндеуі

### Құрметті оқырмандар!

**2022 жылы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ өз қызметін тұрақты даму саласындағы БҰҰ-ның мақсаттарына сай келетін «АрселорМиттал» Тобының тұрақты дамуының 10 қағидатына сәйкес жалғастырды. Болашақтың металлургиялық компаниясына айналуымызды жеделдете отырып, біз тұрақты дамуға және барлық негізгі мүдделі тараптар үшін ортақ құндылықтарды құруға деген ұмтылысты сақтадық.**

Компания жұмыс орындарын құрып, еңбекақының бәсекеге қабілетті деңгейін қамтамасыз етеді, өз жұмысшыларына әлеуметтік қолдау көрсетіп, даму мен біліктілігін арттыруына жағдай жасайды. Қызметкерлермен өзара әрекет етуде «АрселорМиттал Теміртау» АҚ адам құқықтарын сыйлау міндеттемесін сақтайды, тең құқықтар қағидатын қамтамасыз етіп, жұмысшылардың өз мүддесін ұжымдық білдіру, кәсіподақтарға бірігу құқықтарын қабылдайды. 2022 жылы өз қызметкерлерімізге салынған әлеуметтік инвестициялар 30,6 млрд теңгені құрады. Жұмысшыларға қамқорлық көрсету мақсатында біз шипажайлар мен демалыс үйлеріне жолдама береміз, сондай-ақ жыл сайын жұмысшылардың балалары үшін жазғы сауықтыру лагерлерінде демалыс ұйымдастырамыз. Біз тұрақты түрде жұмыс орындарындағы еңбек жағдайын жақсарту үшін денсаулық қорғау бойынша шаралар бағдарламасын жүзеге асырып, денсаулық пункттерін қажетті жабдықтар мен қондырғылармен қамтамасыз етеміз.

Жұмысшылардың барлығына қолжетімді оқыту бағдарламаларын енгізу Компания саясатының

ажырамас бөлігі. 2022 жылы Халықаралық техникалық инновациялар институтымен жөндеу қызметінің мамандарының біліктілігін арттыру саласында ұзақмерзімді әріптестік туралы шарт жасалып, сондай-ақ Назарбаев Университетінің Жоғарғы Бизнес Мектебімен әріптестікте Компания басшылары үшін көшбасшылық бойынша жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді. Жас мамандарды тарту үшін «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ЖОО-мен ынтымақтастықты дамытады, өндірістік тәжірибе өту үшін мүмкіндіктер жасайды және оқушылар мен студенттерге таныстыру экскурсияларын өткізеді. 2022 жылы Компания STEM жобаларға 120 млн теңгеден астам қаржы инвестициялады. Бұл жобалардың қатарында Абай қаласындағы мектеп оқушыларына арналған цифрлық STEM зертханалары бар.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ өзінің қатысу аймақтарында тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыру мен әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға мүдделі, сондықтан инфрақұрылымды құру және дамыту жобаларына, білім беру, медициналық, мәдени және спорттық мекемелерге қаржылай қолдау көрсетеді. 2022 жылы Шахтинск қаласындағы мәдениет және

демалыс паркі қайта құрылып, Теміртау қаласының Орталық ауруханасына медициналық қондырғылар мен жедел жәрдем машинасы сатып алынды, Теміртау қаласы маңында аумақты көгалдандыру бойынша ауқымды жоба басталды және басқа да жобалар жүзеге асырылды. Әлеуметтік жобаларды іске асыруға барлығы 2,6 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды. Одан бөлек, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ жыл сайын соғыс және еңбек ардагерлеріне, мүмкіндігі шектелген жандарға, балалар үйлері мен қоғамның әлеуметтік осал топтарына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді.

Мемлекеттік өнеркәсіп саясатының импортқа тәуелділікті азайту және отандық өндірушілердің экспорттық әлеуетін арттыру бойынша міндеттерін қолдай отырып, 2022 жылы Компания сатып алған тауарлар мен қызметтердің жалпы көлеміндегі қазақстандық өнім үлесі 70 %-дан астам болды.

Компания жұмыс орындарын құрып, еңбекақының бәсекеге қабілетті деңгейін қамтамасыз етеді, өз жұмысшыларына әлеуметтік қолдау көрсетіп, даму мен біліктілігін арттыруына жағдай жасайды. Қызметкерлермен өзара әрекет етуде «АрселорМиттал Теміртау» АҚ адам құқықтарын сыйлау міндеттемесін сақтайды, тең құқықтар қағидатын қамтамасыз етіп, жұмысшылардың өз мүддесін ұжымдық білдіру, кәсіподақтарға бірігу құқықтарын қабылдайды. 2022 жылы өз қызметкерлерімізге салынған әлеуметтік инвестициялар **30,6 млрд теңгені** құрады.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ Теміртау қаласы тұрғындарына ыстық және суық су, жылу және электр энергиясын беру бойынша негізгі жеткізуші болып табылады. Ұзақмерзімді кезеңге тұрақтылықты қамтамасыз ету және жылу энергиясы бойынша дефицитті төмендету үшін 2022 жылы ЖЭО-нда қазандықтарды құру және жөндеу бойынша ауқымды жұмыс басталды.

Компания өз жұмысшыларына, мердігер ұйымдардың жұмысшыларына қауіпсіз еңбек жағдайларын, өмірі мен денсаулығын қамтамасыз етуге ұмтылады. Компанияның өндірістік алаңдарындағы қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту бұлжымас басымдық болып қала береді.

2022 жылы «АрселорМиттал» Тобы денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы саясатты жаңартты. Компанияның барлық негізгі бөлімшелері денсаулықты қорғау мен еңбек қауіпсіздігі бойынша менеджмент жүйесінің инспекциялық аудитінен өтіп, өзінің ISO 45001 халықаралық стандартына сәйкестігін растады. Біз өндірістік алаңдарда тәуекелдерді анықтау, бағалау және жою бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргіземіз: жадынамалар әзірленіп, өндірістік алаңдардағы аудитор барысында ескерілмеген тәуекелдерді анықтау шарасы жүргізіледі. 2022 жылы «Safety Management System» электронды жүйесі енгізілді. Ол еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша мәліметтерді тиімдірек бақылап, талдауға және болып жатқан оқиғаларға жылдам әрекет етуге мүмкіндік береді.

Компанияның болат департаментінде «Safety Management System» жүйесін ендіру процесі аяқталып жатыр, дәл осындай жүйе келесі жыл соңына дейін көмір және темір-кен департаменттерінде де енгізіледі. Сондай-ақ, 2022 жылы биіктікте, тұйық кеңістіктерде, жүк көтергіш механизмдер мен энергия көздері қолданылатын механизмдерде аса қауіпті жұмыс істеу кезіндегі негізгі процедураларды сақтауға бағытталған «Он алтын ереже» жаңартылды.

2022 жылдың ортасында 1 300-ден астам жұмысшы қауіпсіздік техникасы бойынша тиімді көшбасшы болу үшін STEP IOSH бағдарламасы бойынша оқудан өтті. Еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру және нөлдік жарақаттану бойынша мақсатқа қол жеткізу үшін жұмысты жүргізу орындарындағы еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар мен цех және учаске басшыларының саны арттырылды.

Компанияның негізгі басымдықтарының бірі өндірістік процестердің қоршаған ортаға теріс ықпалын азайту және оның алдын алу болып табылады. Есептік жылда экологиялық жобаларға 17,2 млрд теңге инвестиция салынды. Күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, қондырғыларды жаңғырту жұмыстарының арқасында өткен есептік жылмен салыстырғанда металлургиялық қалдықтарды өңдеу үлесін 53,2 %-ға дейін арттыру және ластаушы заттар шығарындыларын 1,8 %-ға төмендету түріндегі экологиялық ықпалға қол жеткізілді. 2022 жылы Теміртау қаласының аумағын көгалдандыру және оның айналасында жалпы аумағы 344 га болатын жасыл белдеу құру бойынша ауқымды жобаны жүзеге асыру басталды. Жасыл белдеудің орман массиві табиғи қоршау ретінде парниктік газдарының белсенді жұтылуына көмектеседі, бұл өз кезегінде климаттың өзгеруі мәселесінде оң әсерін береді.

2022 жылдың қорытындылары компанияның тұрақты даму бағытындағы жолынан айнымайтынын, өзінің қатысу аймақтарындағы жұмысшылар мен тұрғындардың алдындағы міндеттемелерін орындайтынын, жеткізушілер мен бизнес қауымдастықтың өзге де өкілдерімен сенімді қарым-қатынасын жалғастыра беретінін көрсетті. Болашақта біз қондырғыларды жаңғырту жобаларын, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобаларды жүзеге асыруды жалғастырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіреміз және жұмысшылардың өз әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндіктер береміз.





Командаға атқарған жұмысы мен Компанияның тұрақты дамуына қосқан үлесі үшін, ал мүдделі тараптарға бізге білдірген сенімі үшін алғыс айтамын.



2-6

# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР 2022

## ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР














## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР 2022

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

#### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ШЫҒЫНДАРЫ








# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР 2022



## ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

- 2-7
- 405-1
- 201-1
- 203-1
- 204-1




<sup>1</sup>Бұл Есептің өткен кезеңдер есептерінен айырмашылығы – мұнда қызметкерлер саны АМТ үш негізгі департаменті бойынша берілген. Бұрынғы Есептерде үш негізгі департаменттен бөлек, өзге еншілес кәсіпорындар мен қарыздық еңбек қызметкерлерінің саны да есепке алынатын.

<sup>2</sup>2021 жыл шығындарының сомасы ұжымдық шарт бойынша шығындар, Компания балансындағы әлеуметтік нысандарды күтіп ұстау шығындары және әлеуметтік жобалар шығындарынан бөлек, Компания мен еншілес кәсіпорындардың жұмысшыларына материалдық ынталандыру мақсатында бір жолғы сыйақы беру, сондай-ақ, еке салу кампаниясы аясындағы шығындардан тұратын қосымша шығыстарды қамтиды.  
<sup>3</sup>2022 жылғы субсидия шығындары төмен тарифтік мөлшерлемелерге байланысты 2021 жылмен салыстырғанда аз.



# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ





## «АРСЕЛОРМИТТАЛ» ТОБЫ ТУРАЛЫ

2-1

«АрселорМиттал» Тобы негізгі болат балқыту кәсіпорындары әлемнің

**16** елінде орналасқан әлемдегі

жетекші тау-кен металлургиялық корпорация болып табылады.



«АрселорМиттал» Тобы ғылыми-зерттеу жұмыстарына және инновациялық технологияларды әзірлеуге инвестиция салады. Өзінің кең көлемді шикізат базасы бар және шикізат пен өнімді жаһандық бөлу желісіне сүйенеді.

### Топтың стратегиясы

әлемдегі жетекші металлургиялық және тау-кен өндіру компаниясының позициясын ұзақ мерзімді сақтауға бағытталған, бұл бізге екпінді өзгеріп жатқан әлемдегі акционерлер мен мүдделі тараптар үшін тұрақты құнды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«АрселорМиттал» Тобы автомобиль және құрылыс өнеркәсібін, тұрмыстық техника мен қораптар өндірісін қоса алғанда, металл өнімдерінің барлық ірі нарықтарында көш басында.



Компания өнімдері әлемнің шамамен

**155** елінде нарыққа шығарылады

2022 жылғы 31 желтоқсандағы мәлімет бойынша, әлем бойынша Компания қызметкерлерінің саны

**154 352** адамды құрайды

**59,0** млн тоннаны

2022 жылы «АрселорМиттал» Тобындағы қатты болат өндірісі (2021 жылы – 69,1 млн тонна, 2020 жылы – 71,5 млн тонна) құрады

**45,3** млн тоннаны

өзіндік кен өндірісі (2021 жылы – 50,9 млн тонна, 2020 жылы – 58,0 млн тонна) құрады.

### «АрселорМиттал» Тобының мақсаты –

анағұрлым сапалы болаттың көмегімен жақсы әлем құру. Инновациялық, анағұрлым тиімді технологияларды пайдалана отырып, болат өндіру кезінде энергия аз жұмсалады және көміртегі шығарындылары айтарлықтай азаяды. Бұл болат анағұрлым таза, берік және көп қолдануға жарамды.

Топ туралы толығырақ ақпаратты сіз компанияның сайтынан таба аласыз:




### Түр атауы: Қара үйеңкі (A. tataricum)

Биіктігі 10–12 м ағаш немесе биік көпбұтақты бұта. Әдетте жеке не топ болып кездеседі, ал ірі өзендердің алқабында тоғай болып, тауларда орман жолағының төменгі бөліктерінде өседі. Қабығы тегіс, қою қара, тіпті қап-қара. Жапырақтары жұмыртқа пішіндес, бүтін немесе ұзындығы 6–10 см аздап қалақшалы, жиектері қос ара тісті, ұшында өткір шамалы жүрек пішіндес және шеңберлі негізге ие. Қара үйеңкі сібір климатының аязына шыдайды, үйеңкілер ішінде құрғаққа ең төзімділерінің бірі, егістікті қорғайтын орман ретінде, тіпті тұзды жерлерде де пайдаланылады. Өнеркәсіп шығарындылары мен қалалық жағдайларға төзімді. Таралу аймағындағы және одан тыс жерлердегі бақтар мен саябақтарда жиі өсіріледі. Үйеңкілердің парниктік газдарын жоғары жұту қабілеті «АрселорМиттал Теміртау» АҚ үшін жобаны жүзеге асыру аясында ағаштың осы түрін таңдауда негізгі фактор болды.

Тұрақты жасыл массив құру үшін қара үйеңкінің


**3 800**-ден

астам көшеті отырғызылды.



# «АРСЕЛОРМИТТАЛ ТЕМІРТАУ» КОМПАНИЯСЫ ТУРАЛЫ

## ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ



### «АрселорМиттал Теміртау» АҚ


(бұдан әрі мәтінде – «АМТ» немесе «Компания») «АрселорМиттал» Тобының құрамына кіреді және Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия секторының ірі кәсіпорны болып табылады. АМТ жеке көмірі, темір кені және энергетикалық базасымен қоса біріктірілген тау-кен кешенін қамтиды. Компанияның басқаруында екі жылу электр станциясы бар: Компанияның металлургиялық комбинатын және Теміртау қаласын жылу және электр энергиясымен қамтуға, сондай-ақ өндірістің қажеттілігі үшін химиялық тұзсызданған су өндіруге арналған ЖЭО-2 және комбинатты домендік үрлеумен, технологиялық бумен, электр энергиясымен және химиялық тазарған сумен қамтамасыз ететін ЖЭО-БАС.

### Компанияның негізгі активтері:

Қарағанды, Ұлытау, Қостанай және Ақмола облыстарында орналасқан.

Бас кеңсе Теміртау қаласында.

Компанияның өкілдіктері Астана және Алматы қалаларында бар.



## «АрселорМиттал Теміртау» АҚ құрамына үш негізгі бөлімше кіреді:




### Болат департаменті

Теміртау қаласындағы толық өндірістік циклге ие металлургиялық комбинат:

- коксхимия өндірісі;
- аглодомна өндірісі;
- болат балқыту өндірісі;
- илектеу цехтері;
- ЖЭО-2;
- ЖЭО-БАС.

**Өнімі:**

- сұрыптық илем;
- мырышталған болат;
- полимерлі жабындысы бар мырышталған болат;
- ыстықтай илемделген және суықтай илемделген болат;
- қаңылтақтар және блюмдер;
- ақ және қара түсті қаңылтыр;
- құбырлар.



### Көмір департаменті

Қарағанды облысындағы көмір шахталары:

- «Абай» шахтасы;
- «Саран» шахтасы;
- «Қазақстан» шахтасы;
- «Шахтинская» шахтасы;
- «Тентек» шахтасы;
- И. А. Костенко атындағы шахта;
- В. И. Ленин атындағы шахта;
- Т. Күзембаев атындағы шахта.

«Восточная» ОБФ тау-кен байыту фабрикасы.

**Өнімі:**

- МК, К және ЖК маркалы тас көмір.




### Темір-кен департаменті «Өркен» ЖШС

- Кентөбе кеніші (Қарағанды облысы);
- Лисаковск кеніші (Қостанай облысы);
- Атасу кеніші (Ұлытау облысы);
- Атансор кеніші (Ақмола облысы).

**Өнімі:**

- кен;
- темір-кен концентраты.





## ӨНІМНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ӨТКІЗУ ЖОЛДАРЫ

**АМТ негізгі өнімі – болат. Одан металлургиялық комбинатта цинк, полимер және алюминий жабындысы бар сұрыпты илем, сондай-ақ жіксіз құйылған қаңылтақтар мен текше әзірлемелер, штрипс, лонжеронды жолақ, электр дәнекерлі құбырлар мен домналық және коксхимиялық өнім бұйымдары (оның ішінде кокс пен шойын) әзірленеді.**

АМТ көмір департаментінің шахталарында тас коксты көмір өндіріліп, ол әрі қарай «Восточная» ОБФ Орталық байыту фабрикасында өңделеді.

Байытудың соңғы өнімі коксхимиялық өндіріске арналған концентрат және аралық өнім болып табылады. Концентрат болат, шойын және кокс өндірісінде шикізат ретінде қолданылса, аралық өнім ЖЭО-БАС және ЖЭО-2-де электр және жылу энергиясын өндіру үшін жіберіліп, олар Теміртау қаласы мен комбинат цехін жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

Болатты қорытуда негізгі шикізат ретінде пайдаланылатын темір-кен концентраты темір-кен департаментінің Лисаковск, Кентөбе, Атасу, Атансор кен орындарында темір кенін өндіру, қайта өңдеу және байыту жолымен алынады.

Компания халықаралық CE (Conformité Européenne) сертификатын алды, ол EN 10025 бойынша ыстықтай илемделген металды Еуропалық Одақ елдеріне жеткізуге мүмкіндік береді.

2022 жылғы маусымда «АрселорМиттал Теміртау» АҚ сұрыптық илемді өткізу географиясын кеңейтіп, екі сертификат алды: ST 009:2011 стандарты бойынша Румыния және STO 070–061387 стандарты бойынша Чехия нарығына жол ашылды.

BIS IS 1993:2018 стандарты бойынша сәйкестікті растаған 2022 жылғы тамыздан бастап комбинаттың ақ қаңылтыры Үндістанға жеткізіле бастады.

### Келесі өнім түрлері игерілді:

1. EN 10346–2015 стандарты бойынша DX51D маркалы мырышталған илем.

2. Чехия үшін B500B маркалы арматуралы илем.
3. Үндістан тұтынушылары үшін қаттылық дәрежесі 55, 57, 59 болатын электролитті ақ қаңылтыр.

АМТ металлургиялық өнім мен коксты қатардағы көмір байыту өнімдерін (көмір концентраты мен аралық өнім) негізінен Қазақстан мен жақын шетел елдері үшін экспорттайды.

Көмір концентраты (98%) және аралық өнімнің (88%) басым бөлігі кокс өндіру мен қазандықтар мен ЖЭО-нда жылу энергиясын алумен байланысты АМТ өз қажеттіліктеріне жұмсалады.

### АМТ өңірлер бойынша 2022 жылғы өнім өткізуі

Өңір	Металлургиялық өнім		Көмір концентраты		Аралық өнім	
	мың тонна	%	мың тонна	%	мың тонна	%
Қазақстан	824	26,7	-	-	124,1	11,7
Ресей	1 255	40,6	9,6	0,4	-	-
Орталық Азияның өзге елдері	520	16,8	-	-	-	-
Кавказ	24	0,8	-	-	-	-
Украина, Беларусь	18	0,6	48 <sup>а</sup>	1,8	-	-
Ауғанстан	94	3,0	-	-	-	-
Қытай	114	3,7	-	-	-	-
Басқалар	242	7,8	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>3 092</b>	<b>100</b>	<b>57,5</b>	<b>2,2</b>	<b>124,1</b>	<b>11,7</b>

<sup>а</sup>Көмір концентратының барлық көрсетілген көлемін "АрселорМиттал Кривой Рог" ЖАҚ (Украина) жүзеге асырды.

Біздің кәсіпорынның өнімінен келесі бұйымдар әзірленеді:

**Суықтай илемделген өнімдер**  
Қолдану аясы: машина жасау және құрылыс

**Ақ қаңылтыр**  
Қолдану аясы: түрлі өнімді сақтауға арналған қаңылтыр ыдыс, құбырлар және құрамдас

**Қара қаңылтыр**  
Қолдану аясы: электр техника өнеркәсібі және автомобиль жасау

**Ыстықтай илемделген өнімдер**  
Қолдану аясы: құбыр жасау

**Мырышталған өнімдер және полимерлі жабындысы бар өнімдер**  
Қолдану аясы: шатыр жабыны, ғимараттарды тез салуға арналған сэндвич панельдер

**Сұрыптық илем**  
Қолдану аясы: үй, ғимарат, құрылыс және басқалардың іргетасын арматуралау

**Құбыр өнімдері**  
Қолдану аясы: мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдаушы магистральды құбырлар және технологиялық құбырлардың құрылысы

# ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСС



**Қаржылық капитал**

Барлық активтер	Өнім өткізу табысы
<b>1 084</b> млрд теңге	<b>1 114</b> млрд теңге

**Өндірістік капитал**

Толық өндірістік циклге ие металлургиялық комбинат	8 көмір шахтасы
2 көмір байыту фабрикасы	4 кеніш

**Интеллектуалды капитал**

ҒЗТҚЖ инвестициялары – **1,2 млрд теңге**

**Табиғи капитал**

Табиғи көздерден су тұтыну	Жаңартылмайтын көздерден энергия тұтыну
<b>241 млн м<sup>3</sup></b>	<b>82 млн ГДж</b>

**Адам капиталы**

Серіктес оқу орындары	Қызметкерлерді ұстап қалу пайызы	Компания жұмысшыларының саны
<b>13</b>	<b>96 %</b>	<b>31 042</b> адам

**Әлеуметтік-бедел капиталы**

Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлер	Барлық жеткізушілер	Өтініштер беруге арналған арналар
<b>97 %</b>	<b>1 553</b>	<b>6</b>

**Қаржылық капитал**

EBITDA	Төленген салықтар	Таза пайда	Әлеуметтік шығындар	Экологиялық шығындар
<b>152</b> млрд теңге	<b>140</b> млрд теңге	<b>41</b> млрд теңге	<b>34,5</b> млрд теңге	<b>17,2</b> млрд теңге

**Өндірістік капитал**

Сұйық болат өндірісі	Шойын өндірісі	Илемді өндіріс
<b>3,4</b> млн тонн	<b>3,1</b> млн тонн	<b>3,1</b> млн тонн
Темір-кен концентратының өндірісі	2,8 млн тонн	Көмір өндірісі
		<b>7,0</b> млн тонн

**Интеллектуалды капитал**

ҒЗТҚЖ жүзеге асқан жобалар	Жүргізілген ғылыми-зерттеу әзірлемелері
<b>12</b>	<b>7+</b>

**Табиғи капитал**

Энергия тиімділігін арттыру және ЛЗ шығарындыларын төмендету	Беткі су қабаттарына металлургиялық өндіріс қалдықтарын ағызу	Металлургиялық өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу
<b>15+</b> жүзеге асырылған жоба	<b>-11 %</b>	<b>53 %</b>

**Адам капиталы**


Оқудан өткен өзіндік қызметкерлер	STEM жобаларға қатысушылары	Әйел басшылар
<b>49 192</b> адам	<b>4 600</b> ден астам адам	<b>18 %</b>

**Әлеуметтік-бедел капиталы**

Ұжымдық шарттар бойынша шығындар	Қазақстандық жеткізушілерден сатып алынды	305 хабарлама
<b>30,6</b> млрд теңге	барлық тауар, жұмыс және қызметтің <b>&gt; 70 %</b> -ы	қабылданды және қаралды



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

**Ашық басқару «АрселорМиттал» Тобының тұрақты дамуының он қағидатының негізі болып табылады.**

АМТ корпоративтік басқару жүйесін бизнесті ашық жүргізудің әлемдік тәжірибесі, іскери тәртіп пен іскери әдеп стандарттары негізінде жетілдіреді. Компанияда кәсіпорын қызметінің барлық бағыты бойынша тиімді басқару жүйесі жолға қойылған, ол стратегиялық шешімдерді қабылдау негізінде жатқан мәселелерді тереңінен шешуді қамтамасыз етеді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі Компания басшылығы мен жұмысшылары, сондай-ақ АМТ қызметіне қатысатын өзге де мүдделі тараптардың арасындағы мүдделер теңгерімін қамтамасыз етуге бағытталған. Басқару органдарының негізгі мақсаттары мен құзыреттері АМТ Жарғысында бекітілген.



**Компаниядағы корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары:**

- кәсібилік және көшбасшылық, Компанияны басқару ісіне қатысуға тәуелсіз директорларды тарту;
- стратегиялық басқаруды жүзеге асыру, Компанияның атқарушы органдарының қызметіне бақылау жасау;
- атқарушы органдардың Компанияның ағымдағы қызметін тиімді де адал жүргізуі;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік;
- ақпараттың шынайы болуы және уақытылы берілуі;
- ішкі басқару, ішкі және сыртқы аудит жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету.

## БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына және АМТ Жарғысына сәйкес, Компаниядағы корпоративтік басқару құрылымы келесі органдардан тұрады:



### Түр атауы: **Сарғылт қарақат** (Ribes aureum)

Сарғылт қарақат — биіктігі 2-2,5 м болатын түспежапырақты бұта. Өркені қызыл, жалаңаш немесе шағын мамықты, аз бұтақты келеді, жыл сайын 30—40 см өседі. Тамыры мықты, жерге 1,5 м тереңдікке дейін бойлайды.


Қарақаттың басқа түрлерімен салыстырғанда, құрғаққа төзімді өсімдік. 1930—1940 жылдары сарғылт қарақат Сібір мен Алтай өлкесін қоса алғанда Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында, сондай-ақ Қазақстанның солтүстігінде кеңінен таралды. Бұтаның жоғары төзімділігі, оның жер қыртысының үгілуінен қорғайтын қасиетіне байланысты «АрселорМиттал Теміртау» АҚ көгалдандыру жобасы аясында оны таңдады.

2021-2022 жылдары

**2 800**  
көшет

отырғызылды.





Директорлар кеңесіне іріктеу және олардың өкілеттік мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және АМТ Жарғысымен регламенттеледі. Директорлар кеңесінің мүшесі болуға үміткерлерді ұсыну және тағайындау туралы шешімді Топ деңгейінде акционер қабылдайды. Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелерінің өз өкілеттіктерін атқару мерзімі 3 жылды құрайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы мәлімет бойынша, Компанияның директорлар кеңесінің құрамы төмендегідей:

### Виджай Гойял

Директорлар кеңесінің төрағасы

### Биджу Наир

Директорлар кеңесінің мүшесі

### Рене Лопез

Тәуелсіз директор

### Директорлар кеңесінің қызметін бағалау және сыйақы беру

2-18

2-19

2-20

Директорлар кеңесіне сыйақы беру бойынша шешімді «АрселорМиттал» Тобы деңгейінде Еңбекақы тағайындау, төлеу және корпоративтік басқару жөніндегі комитет қабылдайды. Қаржылық көрсеткіштерден бөлек, сыйақы беру есептік кезең соңындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жұмыс нәтижелеріне де тәуелді. Директорлар кеңесіне сыйақы беруді айқындау саясаты, қағидаттары және процесі «АрселорМиттал» Тобының 2022 жылғы Жылдық есебіндегі Комитеттің есебінде толық жазылған. Ол келесі сілтеме бойынша қолжетімді:



### Мүдделер қақтығыстарын алдын алу

2-15

Компаниядағы мүдделер қақтығыстарын басқару процестерін регламенттейтін негізгі құжаттарға Іскерлік мінез-құлық кодексі және Нақты немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының декларациялау процедурасы жатады. Бұл процедура АМТ және оның еншілес кәсіпорындарындағы жұмысшылардың мүдделерінің қақтығысын анықтау процесін реттейді. Оның мақсаты мүдделер қақтығысы пайда болған жағдайда оны жою бойынша уақытылы және тиімді шараларды қабылдау болып табылады. Процедура Қазақстан Республикасының заңнамасына, корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесіне, «АрселорМиттал» Тобының іскери тәртіп кодексіне сәйкес әзірленген және Компанияның барлық бөлімшелері мен оның еншілес кәсіпорындарында қолдануға міндетті.

«АрселорМиттал» Тобында мүдделер қақтығысының бар-жоғы туралы декларацияны беру және мониторингілеудің онлайн құралы енгізілген. Бұл құрал Нақты немесе әлеуетті мүдделер қақтығысын декларациялау процедурасына сәйкес белгілі бір санаттарға жататын жұмысшылардың мүдделер қақтығысы туралы декларация беруін тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда бұл құрал қысқа мерзімде мүдделер қақтығысы туралы декларацияны жұмысшының тікелей басшысына беріп, оның АМТ-дағы келешек жұмысына қатысты жедел шешім қабылдауына жағдай жасайды.


Декларациялауға жататын стандартты мүдделер қақтығысына келесілер жатады: басқа жұмыспен қоса атқарушылық; контрагент не бәсекелестердің директорлар кеңесіне мүше болу; Компанияның іскери серіктестерімен еңбек шартынан бөлек басқа келісімшарттар не келісімдер жасасу; жұмысшылардың бизнес клиенттерге, бәсекелестерге немесе коммерциялық серіктестерге қаржылық инвестиция салуы; байланысты тараптармен операциялар, іскери серіктестерден сыйлықтар не көңіл көтеру шараларын алу.

2022 жылы мүдделер қақтығысының 16 жағдайы тіркелді. Барлық жағдай процедуралық тәртіпте реттелді.



### Нақты не әлеуетті мүдделер қақтығысының болуымен байланысты тәуекелдерді төмендетудің негізгі шаралары:

- нақты немесе әлеуетті мүдделер қақтығысын Нақты немесе әлеуетті мүдделер қақтығысын декларациялау процедурасында көрсетілген лауазымдарға сәйкес міндетті декларациялау, сондай-ақ лауазым міндетті декларациялау тізімінде болмағанына қарамастан, мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда да;
- мүдделер қақтығысының туындауына әкелетін әрекеттерді жою: жұмысшылар өздерінің не отбасыларының жеке байланыстары не қаржылық мүдделері бар тұлғалар және/немесе ұйымдардың қатысуын көздейтін операциялар немесе мәмілелер жасауға қатысудан бас тартуы керек;
- мүдделер қақтығысы болған/туындаған жағдайда лауазымдық міндеттемелерді жұмысшылар қабылдайтын шешімдерге өзара ықпалдың болмауын ескере отырып бөлу;
- нақты немесе әлеуетті мүдделер қақтығысы туралы хабарлаған жұмысшының тікелей басшысына ұсыныстарды сақтауға бақылау жасауды міндеттеу;
- қызметкерлердің ынталандыру мақсатын көздейтін жасырын сыйақы болып табылатын сыйлықтар немесе өзге де ынталандыру заттарын ұсынуға, беруге немесе алуға тыйым салу;
- Компания мүддесіне қайшы келетін коммерциялық мәмілелер жасасу үшін қолданылуы мүмкін Компанияның құпия ақпаратын үшінші тұлғаларға беруге тыйым салу;
- АМТ қауіпсіздік қызметінің ұсынылған декларацияда мүдделер қақтығысының бары не жоғы туралы мәліметтерді тексеруі.







## ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Біздің тұрақты даму саласындағы жетістіктеріміз:



**«Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі байқауы:**

«ПАРЫЗ 2022» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша республикалық байқауға қатысқаны үшін алғыс хат



**ERG Supplier Award 2022:**

«Металлопрокат» санаты бойынша «Үздік жеткізуші» номинациясы



**«Золотой гевест» ұлттық салалық байқауы:**

«Жыл жобасы» номинациясында 2-орын – «Біздің COVID-19-ға жауабымыз»

АМТ тұрақты даму саласындағы стратегиясы әрбір негізгі салалардың аясында қалыптасады: еңбекті қорғау және экология, адам капиталы мен жергілікті қоғамдастықтарды дамыту, корпоративтік басқару. Біздің ықпалдарды басқаруға көзқарасымыз Заңнама талаптарын сақтау корпоративтік бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын бірқатар саясаты мен ережелерінде көрініс тапқан және олар бүкіл әлемдегі «АрселорМиттал» бөлімшелерінде қолданылады. Біздің тұрақты даму саласындағы міндеттерімізге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қоршаған ортаға өнеркәсіптік ықпалды азайту, оқыту, біздің қызметкерлерді қолдау және дамыту, мемлекеттік орган, қоғамдық ұйымдар және басқаларды қоса алғанда мүдделі тараптармен ашық өзара қызмет жатады.

Біздің болашақтың металлургиялық компаниясына айналуымызды жеделдетуге ұмтыла отырып, 2015 жылы біз БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы 17 мақсатына сәйкес келетін тұрақты дамудың 10 қағидатын ұсындық. 10 қағидат тұрақты даму стратегиясының негізі болып табылады және болат өндіру мен ресурстарды пайдаланудан бастап, жаңа өнімдерді әзірлеуге, адамдарға және біздің қауымдастықтарға қолдау көрсетуге дейін мүдделі тараптар алдында ұзақ мерзімді міндеттемелерді орындауда бизнес үшін нұсқаулық ретінде қызмет етеді. Барлық қағидаттардың негізінде ашық басқару жатыр.

Біздің тұрақты дамуды басқару көзқарасымыздың негізінде «АрселорМиттал» Тобы тұрақты дамуының 10 қағидаты жатыр:

- 1. Адамдар.** Біздің қызметкерлердің қауіпсіз, сау және сапалы қызметтік өмірі.
- 2. Өнім.** Әлдеқайда тұрақты өмір сүру салтына көмектесетін өнімдер.
- 3. Инфрақұрылым.** Тұрақты инфрақұрылымды құратын өнімдер.
- 4. Ресурстар.** Ресурстарды тиімді қолдану және екінші мәрте қайта өңдеудің жоғары деңгейі.
- 5. Ауа, жер және су.** Ауа, жер және суды жауапкершіліктен қолданушы.
- 6. Энергия және көміртек.** Көміртек шығарындыларының төмен деңгейіне ие болашақ құруға көмектесетін энергияны жауапты тұтынушы.
- 7. Жеткізу тізбектері.** Біздің тұтынушылар сенім артатын жеткізу тізбектері.
- 8. Қоғамдастықтар.** Қоғамдастықтың қадірлі де белсенді мүшесі.
- 9. Ғалымдар мен инженерлер.** Ертеңгі күннің дарынды ғалымдары мен инженерлері.
- 10. Ықпал.** Біздің қоғамға үлесіміз өлшенеді, бөлінеді және бағаланады.

2018 жылы тұрақты даму қағидаттарын неғұрлым белсенді, мақсатты және сенімді басқаруға қол жеткізу мақсатында Директорлар кеңесі тағайындаулар, сыйақылар, корпоративтік басқару және тұрақты даму комитетін (ТСКБОДК) құрды. 10 қағидатқа жету үшін біздің көзқарасымызды құрылымдау үшін ТСКБОДК принциптерді бес негізгі бағыт бойынша топтастырды:

**• Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы**

Біз ең проблемалы учаскелерде қауіпсіздік техникасы, құралдар және үздік тәжірибелер бойынша тексерілген тренингтерді белсенді түрде енгіземіз.

**• Климаттың өзгеруі**

Біз өнеркәсіптік ауқымда болат өндірудің серпінді технологияларын енгіземіз және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз қызметі туралы есептерді ұсына отырып, ашықтық саласында алғаш жол ашамыз.

**• Қоршаған орта**

Біз қызметіміздің циклдік сипатын жақсартатын және жергілікті шығарындыларды төмендететін инновациялық процестерді дамытуды және инвестициялауды жалғастыра отырып, барлық негізгі нысандарымыз

үшін экологиялық ТД бойынша кешенді жоспарлармен жұмыс істейміз.

**• Клиенттерге кепілдік**

Біз болат құнының бүкіл тізбегі бойынша клиенттерге тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін RresponsibleSteel™ (жауапты болат) халықаралық сертификаттау стандарты бойынша металлургия саласының көшбасшысы болып табыламыз.



**• Әлеуметтік сала**


Біз мүдделі тараптармен екіжақты диалогты енгіземіз, сондай-ақ барлық кәсіпорындарымызда қоғамның көңіл-күйіне егжей-тегжейлі талдау мен бағалау жүргіземіз. Сондай-ақ, біз бүкіл әлемнің үздік мамандарын тарту және ұстап қалу үшін қызметкерлердің құнын арттыру бойынша жаңа ұсынысты іске қостық.

**• Өнім саласындағы инновациялар**

Бұл – өнім бойынша тұрақты дамудың екі қағидатын қамтитын жеке бағыт. Өнім саласындағы инновациялар біздің бизнесіміздің негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі болғандықтан, олар бөлек бақыланады.

Біздің ТД стратегиямыз әлемдегі жетекші металлургиялық және тау-кен өндіруші компания ұстанымын ұзақ мерзімді сақтауға бағытталған, бұл бізге екпінді өзгеріп жатқан әлемдегі акционерлер мен мүдделі тараптар үшін тұрақты құнды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.





ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

- 1 КЕДЕЙЛІКТІ ЖОЮ
- 2 АШТЫҚТЫ ЖОЮ
- 3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН АМАҢДЫҚ
- 4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ
- 5 ГЕНДІРЛІК ТЕНДІК
- 6 ТАЗА СУ МЕН САНИТАРИЯ
- 7 ҚОЛЖЕТІМДІ ӨРІ ТАЗА ЭНЕРГИЯ
- 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ПЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ
- 9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
- 10 ТЕҢСІЗДІКТІ ТӨМЕНДЕТУ
- 11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАРМЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР
- 12 ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТҰТЫНЫС ПЕН ӨНДІРС
- 13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС
- 14 ТЕҢІЗ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ
- 15 ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ
- 16 БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛЕТТІЛІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР
- 17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕГІ СЕРІКТЕСТІК

«АРСЕЛОРМИТТАЛ» ТОБЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ 10 ҚАҒИДАТЫНЫҢ БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫМЕН (ТДМ) БАЙЛАНЫСЫ





# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

2-12

2-13

2-14

2-16

2-17



**Осы Есепте берілген ақпаратты қарауға және бекітуге қызмет бағыттары бойынша тиісті басшылар жауап береді.**

2022 жылы ESG-аспектілер бойынша оқыту шарасы Бас директор мен оның орынбасарларын қоса алғанда, Компанияның жоғарғы басшылығының барлық өкілдеріне өткізілді.



Тұрақты даму саласындағы мәселелер Директорлар кеңесінің талқылауына жылына бір рет бизнес жоспарды құру кезінде және тоқсан сайын бизнес жоспардың орындалуына шолу жасау кезінде ұсынылады. Корпоративтік деңгейде стратегиялық шешімдерді қажет ететін аса маңызды және шұғыл мәселелер Директорлар кеңесінің талқысына қажеттілікке қарай шығарылады. Компания басшылығын аса маңызды мәселелер жайында ақпараттандыру Компания қызметінің басты бағыттары (еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, қаржылық-шаруашылық қызмет, инвестициялық жобалар, Компанияның қызметінің басты көрсеткіштері) бойынша тұрақты есептер мен ақпараттық анықтамалар дайындау жолымен жүзеге асырылады.

Компания экономикаға, қоршаған ортаға және тұрғындарға әсерін басқаруды талқылау және ол бойынша шешім қабылдау үшін орталықтандырылған орган құруды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта АМТ қызметінің бұл аспектілерін басқарумен түрлі құрылымдық бөлімшелер айналысады.

- 1. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметі** Компания жұмысшылары мен мердігерлері үшін қауіпсіз және сау еңбек жағдайларын құру және сақтауға, құтқару шараларын әзірлеуге, жұмысшылар арасында жалпы және кәсіптік аурушаңдық, мүгедектік және өлім деректерінің алдын алу, мониторингілеу және азайтуға, жұмысшыларға алғашқы көмек көрсетуге, дәрігерге дейінгі арнайы және амбулаториялық медициналық көмек көрсетуге жауап береді.
- 2. Құқықтық және өкімшілік мәселелер бойынша қызмет** құқықтық талаптардың сақталуына, сот өндірістерінде Компанияның мүдделерін қорғауға, заңдық қызмет көрсетуге, контрагенттерді тексеруге, Компанияның саясаттарын оқытуға жауапты.
- 3. Қызметкерлер бойынша қызмет** қызметкерлерді іріктеу және жалдауға, АМТ қызметкерлерін оқыту және дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруға, жұмысшылардың қызметін бағалауға, кәсіподақтармен өзара қызметке

жауапты.

- 4. Бизнес процестерді трансформациялау және қамту қызметі** ERP процестерді енгізу және пайдалануға, өткізгіш және радиобайланыс, өнеркәсіптік телевидение, оптоалшықты байланыс желісі, дабыл жүйесі, технологиялық диспетчер құралдарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге, энергия үнемдеу мен энергия тиімділігі бағдарламаларын жүзеге асыруға, қондырғыларды жеткізуді ұйымдастыру мен мониторингілеуге, сатып алу процестеріне жауап береді.
- 5. Табиғатты қорғау бөлімі** Компания бөлімшелерінде Экология саласындағы саясатты кезең-кезеңмен жүзеге асыруға, АМТ-да қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР заңнамасының сақталуын жүзеге асыруға, антропогендік әсер ету көздерін өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға жауапты.
- 6. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қызметі** мемлекеттік орган, ҰЕҰ, жергілікті тұрғындар, қоғамдық ұйымдар өкілдерімен өзара қызметке жауап береді.
- 7. Энергетика бойынша қызмет** Теміртау қаласы тұрғындары мен өндірістік бөлімшелерді энергия тасымалдағыштардың барлық түрімен және қажетті көлемде сапалы қамтамасыз етуге, сондай-ақ энергия үнемдеу бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыруға жауап береді.



## Саясаттар, міндеттемелер және оларды жүзеге асыру

2-23 2-24



**2005 жылдан бері АМТ Өндіруші салалардың ашықтығының халықаралық бастамаларын (EITI) жүзеге асырумен байланысты өзара түсіністік туралы меморандумның қатысушысы болып табылады және есептілік, адал бәсеке және сенімді басқару қағидаларын бекемдеу мақсатында ақпаратты сапалы және дәйекті ашып көрсетуді қолдайды.**

Өз қызметінде АМТ «АрселорМиттал» Тобының Бас атқарушы директоры бекіткен корпоративтік саясаттар мен ережелерді басшылыққа алады, олардың қатарында келесі құжаттар бар:

- денсаулық және қауіпсіздік саласындағы саясат;
- Компания қызметкерлері, жеткізушілер, мердігерлер және басқа іскери серіктестердің, сондай-ақ АМТ қызмет ететін өңірлердегі жергілікті тұрғындардың құқықтарын қорғауға бағытталған Адам құқықтары туралы саясат;
- іскерлік мінез-құлық кодексі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы ереже;
- энергетика саласындағы ереже;
- салық саясаты;
- мәліметтерді қорғау саясаты;
- экономикалық санкцияларды сақтау бойынша процедура;

- инсайдерлердің операциялары туралы ереже.

Корпоративтік саясаттар мен ұлттық заңнаманың негізінде АМТ экология, қайырымдылық және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы өз саясаттарының аясындағы міндеттемелерді өз мойнына алады. Аталған саясаттарды АМТ Бас директоры бекітеді және олар Компанияның ресми сайтында ашық қолжетімді түрде жарияланады. Аталған саясаттарды жүзеге асыру туралы толық ақпарат Есептің тиісті бөлімдерінде жарияланған.

## Есептің маңызды тақырыптары

3-1 3-2

Компанияның қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға және адам құқықтарына ең маңызды әсерлерін айқындау мақсатында маңызды тақырыптарға талдау жасалды. Ол бірнеше кезеңнен тұрады:

- GRI стандарттарындағы маңызды тақырыптар тізіміне талдау. Компанияның көмір және темір-кен концентратын қамтитын әртарапталдырылған бизнесін есепке ала отырып, екі Салалық GRI стандарты да (көмір секторы үшін Coal Sector Standard және GRI 14 Mining Sector Standard Exposure Draft басқа тау-кен секторы үшін Салалық стандарт жобасы) қолданылады. GRI 12 Coal Sector Standard 2024 жылы міндетті болатынына, ал GRI 14 Mining Sector Standard соңғы бекітуі тек 2023 жылдың төртінші тоқсанында күтілетініне қарамастан, Компания өзінің маңызды әсерлерін анықтау үшін екі Стандартта да келтірілген маңызды тақырыптардың өзектілігіне талдау жасады.
- Өз қызметін көмір және тау-кен өнеркәсібінде жүзеге асыратын, әлемдік индустрияның көшбасшысы болып мойындалған және World Steel Association пен өзге де рейтинг агенттіктерімен Тұрақты даму туралы есептіліктің үздік тәжірибесі ретінде танылған балама компаниялардың Тұрақты дамуы туралы есептерді талдау.
- Консалтинг және аудиторлық ұйымдардың, рейтинг агенттіктерінің және салалық қауымдастықтардың



материалдарын зерттеу арқылы тау-металлургия саласындағы негізгі тәуекелдер мен трендтерге талдау жасау.

4. Ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға онлайн сауалнама жүргізу. Әрбір тақырыпты маңыздылық деңгейіне қарай үш балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды. Сауалнамаға құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері, жоғарғы буын, Компанияның еншілес ұйымдарының, кәсіподақ ұйымдарының басшылары және басқалар қатысты.

Талдау нәтижесінде және «АрселорМиттал» Тобының Тұрақты дамуының 10 қағидатын есепке ала отырып, АМТ қызметі үшін өзекті тақырыптар тізімі әзірленді. Маңызды емес деп танылған тақырыптар 2 қосымшада берілген (GRI мазмұнының сілтеуіші).

**Мүдделі тараптармен өзара әрекет**



Топ деңгейінде Сыртқы мүдделі тараптармен өзара әрекет процедурасы әзірленген, ол бүкіл Компания және оның бөлімшелері үшін сыртқы мүдделі тараптармен өзара әрекет етудің ең төменгі талаптарын қамтиды. Ол орындауға міндетті және «АрселорМиттал» Тобының ашық есептілік бойынша міндеттемелері аясында бөлімшелер деңгейінде және корпоративтік деңгейде қолданылуы тиіс.

АМТ сыртқы мүдделі тараптармен өзара әрекет процедурасы қатысу аймағындағы тұрғындар, үкіметтік емес ұйымдар, билік органдары, тұтынушылар, жеткізушілер, ғылыми және өзге де мекемелерді қоса алғанда жергілікті мүдделі тараптармен жақсы өзара әрекет құру және сақтау үшін басқарушылық қағидаларды қамтиды. Бұл процедура Компания қызметкерлерімен, мердігерлермен, субмердігерлермен немесе кәсіподақтармен өзара әрекетте қолданылмайды. Олармен өзара әрекет Еңбек қатынастары саласындағы саясатта регламенттелген.

Мүдделі тараптарды тартудың ең маңызды элементтерінің бірі мүдделі тараптарды сәйкестендіру болып табылады. АМТ біздің қызметтің әсеріне ұшырауы мүмкін, болмаса Компания жұмысына, Компания қызметіне байланысты өнімдер мен қызметтерге мүдделі топ өкілдері болып табылатын негізгі мүдделі тараптарды сәйкестендірді.

АМТ ішкі мүдделі тараптарына оның жұмысшылары, акционерлері, кәсіподақ ұйымдары, сондай-ақ мердігер ұйымдар жатады.

**Маңызды тақырыптар тізбесі**

ТД бағыты	«АрселорМиттал» Тобының тұрақты дамуының қағидаттары	Маңызды тақырыптар
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	Адамдар	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік
Климаттың өзгеруі Қоршаған орта	Ауа, жер және су	Атмосфераға шығарындылар
Климаттың өзгеруі	Ресурстар Ауа, жер және су	Энергия тұтыну және энергия тиімділігі
Климаттың өзгеруі	Ауа, жер және су Энергия және көмір	Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары
Қоршаған орта	Ресурстар Өнім	Қалдықтарды басқару
Қоршаған орта	Ресурстар Ауа, жер және су	Су тұтыну және ағын суларды төгу
Қоршаған орта	Ресурстар Ауа, жер және су	Биоалуантүрлілік және жерлерді пайдалану
Клиенттерге кепілдік және өнім саласындағы инновациялар	Жеткізулер тізбегі Ықпал	Жеткізулердің жауапты тізбегі
Әлеуметтік сала	Адамдар Қоғамдастықтар	Еңбек тәжірибелері және лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету
Әлеуметтік сала	Ғалымдар және инженерлер Адамдар Қоғамдастықтар	Оқыту және білім беру
Әлеуметтік сала	Адамдар Қоғамдастықтар	Адам құқықтарын сақтау
Әлеуметтік сала	Инфрақұрылым Адамдар Қоғамдастықтар	Қатысу өңірлерін дамыту
Әлеуметтік сала	Адамдар Қоғамдастықтар Ықпал	Экономикалық әсер ету
Әлеуметтік сала	Адамдар Қоғамдастықтар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет





Компанияның сыртқы мүдделі тараптарына мемлекеттік билік органдары мен реттеуші органдар, жергілікті қоғамдастықтар, тұтынушылар, бұқаралық ақпарат құралдары және үкіметтік емес ұйымдар жатады.

- АМТ келесі қауымдастықтарға мүше:**
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторларының кеңесі;
  - ҚР «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы;
  - Ұлттық ESG-клуб;
  - Тау-кен және тау-металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығы (ТКТҚ);
  - AmCham Америкалық Сауда Палатасы;
  - БеНиЛюкс сауда палатасы.

Ақпараттық ашықтық біздің Компанияның барлық мүдделі тараптармен өзара әрекетіндегі негіз қалаушы қағида болып табылады.


Біз ішкі және сыртқы мүдделі тараптармен тұрақты түрде ақпарат алмасамыз.

АМТ жыл сайын Мүдделі тараптармен өзара әрекет жоспарын жасайды, ол болат, көмір және темір-кен департаменттеріне таралады.


**Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету картасы**

Мүдделі тараптардың негізгі топтары	Өзара әрекет ету кезіндегі ақпараттық қажеттіліктер	Өзара әрекет ету тәсілдері	Ақпаратты ашу тәсілдері және коммуникация каналдары
<b>Акционерлер және инвесторлар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ашық басқару</li> <li>Қаржылық және шаруашылық қызмет</li> <li>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау</li> <li>Корпоративтік жауапкершілік</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Директорлар кеңесінің жиналыстары</li> <li>Кәсіпорынға сапарлар</li> <li>Аудиттер</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ресми есептер</li> </ul>
<b>Клиенттер және тұтынушылар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Өнім сапасы және бәсекеге қабілеттілік</li> <li>Бизнесті этикалық жүргізу тәжірибесі</li> <li>Өнімнің экологиялылығы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кездесулер</li> <li>Кәсіпорынға сапарлар</li> <li>Келісімшарт қызметі</li> <li>Көрмелер</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Веб-сайт</li> <li>Кеңестер</li> </ul>
<b>Іскери серіктестер мен жеткізушілер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тендер өткізудің ашық процедурасы</li> <li>Төлемнің тиісті шарттарын қамтамасыз ету</li> <li>Еңбектің қауіпсіз шарттары</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сатып алудың электронды жүйесі</li> <li>Кездесулер</li> <li>Мердігерлерді оқыту</li> <li>Бірлескен жиналыстар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Веб-сайт</li> <li>«Жедел желі» телефондары</li> </ul>
<b>Компания қызметкерлері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Еңбектің қауіпсіз шарттары</li> <li>Жұмыспен қамту кепілдігі</li> <li>Лайықты еңбекақы төлемі</li> <li>Мансапты дамыту</li> <li>Қызметкерлердің құқықтарын сыйлау</li> <li>Экологиялық қауіпсіздік</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кездесулер</li> <li>Сауалнамалар</li> <li>Жедел желілер</li> <li>Оқыту бағдарламалары</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Веб-сайт</li> <li>Компанияның «Metallurgy today» газеті</li> <li>Әлеуметтік желілер</li> <li>«Жедел желі» телефондары</li> </ul>
<b>Мемлекеттік билік органдары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Заңнаманың сақталуы</li> <li>Экологиялық қауіпсіздік</li> <li>Өнеркәсіптік қауіпсіздік</li> <li>Энергетика және энергиямен қамту</li> <li>Қатысу өңірлерін әлеуметтік және экономикалық дамыту</li> <li>Салықтар, жұмыспен қамту</li> <li>Адам құқықтары</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тексерулер</li> <li>Сапарлар</li> <li>Кеңестер</li> <li>Жиналыстар (офлайн/онлайн форматтар)</li> <li>Меморандумдар/Келісімдер</li> <li>Конференциялар (офлайн/онлайн форматтар)</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ресми есептер</li> </ul>
<b>Жергілікті қоғамдастықтар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қоршаған ортаға әсер</li> <li>Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру</li> <li>Жұмыспен қамту кепілдігі</li> <li>Инфрақұрылымды дамыту</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кездесулер</li> <li>Әлеуметтік жобалар</li> <li>Қоғамдық тыңдаулар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Веб-сайт</li> <li>Тұрақты даму туралы есеп</li> <li>Әлеуметтік желілер</li> </ul>
<b>Кәсіподақтар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қолданыстағы ұжымдық шартты орындау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жеке еңбек даулары бойынша келісім комиссиялары</li> <li>ҰШ бойынша екіжақты комиссия</li> <li>ҰШ орындау аясында жұмыс істейтін комиссиялар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кеңестер</li> <li>Веб-сайт</li> <li>Компанияның «Metallurgy today» газеті</li> <li>Әлеуметтік желілер</li> </ul>
<b>БАҚ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кәсіпорын қызметі</li> <li>Заңнаманы сақтау</li> <li>Экологиялық қауіпсіздік</li> <li>Билік органдарымен, реттеуші органдармен, жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекет</li> <li>Ақпараттық ашықтық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Баспасөз релиздері</li> <li>Баспасөз конференциялары</li> <li>Сұхбат</li> <li>Кәсіпорынға сапарлар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Веб-сайт</li> <li>Әлеуметтік желілер</li> <li>Кері байланыс арналары</li> </ul>
<b>ҮЕҰ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кәсіпорын қызметі</li> <li>Экологияға әсер</li> <li>Адам құқықтары</li> <li>Қауіпсіздік техникасы</li> <li>Әлеуметтік жобаларды қолдау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кездесулер</li> <li>Фокус топтар</li> <li>Үндеулер</li> <li>Бірлескен жобалар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Веб-сайт</li> <li>Әлеуметтік желілер</li> <li>Тұрақты даму туралы есеп</li> </ul>





# ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ



## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

### БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

403-1

403-4

403-7

403-8

**Компанияның басты құндылығы** – қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірі.

**Біздің мақсатымыз** – әрбір қызметкеріміздің үнемі үйіне аман, дені сау болып оралуы. Біз АМТ өзінің қызметкерлері арасында да, біздің аумақта қызмет ететін мердігер ұйымдардың жұмысшылары арасында да Компанияның барлық өндірістік алаңдарында нөлдік жарақаттануға қол жеткізуге ұмтыламыз. Біз үшін Компанияда еңбек ететін әрбір адамның қауіпсіз жұмыс орнымен, сапалы арнаулы киіммен және қажетті медициналық көмекпен қамтамасыз етілуі маңызды.


АМТ өз қызметінде «АрселорМиттал» Тобы деңгейінде қабылданып, 2022 жылғы қазанда жаңартылған Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі саясатын басшылыққа алады. Саясаттағы негізгі өзгерістер Компанияның назарын еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы (ЕҚЖҚТ) бойынша қызметтің келесі бағыттарына аударады:

- еңбек қауіпсіздігі жұмыс орындаудағы басты шарт болып табылады;
- басшылар өзі үлгі болып, жұмысты қауіпсіз орындауды насихаттап және өндірісте қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын орнатуы тиіс;
- басшылар қауіпсіздікті бақылау құралдарының болуына және олардың тиімділігіне тексеру жүргізу; жұмыс жасалатын цехтер мен учаскелерді аралау, жұмыс орындаушылармен сөйлесу және қауіптерді бағалау мен алдын алу шараларын қабылдауға қатысуы керек;
- қызметкерлер мен мердігерлер ЕҚЖҚТ жетілдіру ісіне белсенді қатысуы тиіс;
- әрбір әлеуетті қауіпті оқиғалар туралы хабарлап, олардың себептерін зерттеп, одан алынған сабақтарды тәжірибе жүзінде қолдану қажет;
- еңбектің қауіпсіз тәсілдері бойынша нұсқаманың деңгейін арттырып, ауыр және адам өлімімен аяқталған жарақаттану фактілерінің ұйымдастырушылық себептерін шешуге маңыз беру;
- жұмыс орындарын, қондырғыларын және құралдарды таза және жұмыс жағдайында ұстау.

АМТ Денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі (ДҚЖЕҚМЖ) ҚР заңнамаларымен және денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша

## ISO 45001

халықаралық стандартының талаптарымен регламенттеледі. Жыл сайын сыртқы аккредиттелген ұйым еңбекті қорғауды басқару жүйесіне аудит жүргізеді. 2022 жылдың соңы – 2023 жылдың басында Компанияның барлық негізгі бөлімшелері ISO 45001 менеджмент жүйесінің инспекциялық аудитінен өтіп, сәйкестігін растады.



Біздің алдымызға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін біз қауіпсіздік техникасын басқару жүйесін ұдайы жетілдіреміз. 2022 жылы Компания бойынша ЕҚЖҚТ мәселелері бойынша келесілер айрықша басымдыққа ие болды:

- адам өлімімен аяқталған жарақаттанудың нөлдік деңгейі;
- қайғылы оқиғалар жиілігінің коэффициентін төмендету;
- кәсіптік аурулардың нөлдік деңгейі;
- жалпы аурулар бойынша абсентеизм коэффициентінің төмендеуі;
- төмендету шараларын қабылдау үшін қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау, тәуекел жұмысшының өзіне немесе оның әріптестерінің өміріне қауіп төндіріп тұрған жағдайда жұмысты тоқтату не жұмыстан бас тарту құқығын беру;
- мердігер ұйымдардың жұмысын мониторингілеу;
- Компаниядағы қайғылы оқиғалар бойынша ақпарат алмасу;
- ЕҚЖҚТ саласында және қауіпсіз жұмысты орындауды тоқтату және одан бас тарту құқығын қолданғаны үшін үздік деп танылған жекелеген қызметкерлерді ынталандыру бойынша мотивациялық бағдарлама;

- жуыну бөлмесі, санитарлық торап пен ас бөлмесін жөндеуді қамтитын «Гигиена» өндірістік санитарияны жақсартуға арналған бағдарламаны енгізу;

- еңбек жағдайларын жақсарту бойынша ұйымдастырушылық және техникалық бағдарламаны орындау;

- басшылықтың кәсіпорын жұмысшыларымен ЕҚЖҚТ мәселелері бойынша тұрақты кездесулерін өткізу;

- заманауи және ыңғайлы жеке қорғаныс құралдары, арнаулы киімдерін және арнаулы аяқ киімдерін іздеу және сынақтан өткізу;

- қауіпсіздік мәдениетін өзгерту және қауіпсіздік мәдениетінің тәуелді деңгейінен қауіпсіздік және еңбекті қорғау жолдарын, қауіпсіздік тәртіпті ұстанатын, әркімнің өзіне деген қамқорлығын арттыратын және оқиғалар жайлы хабарлауға қорқыныш болмайтын тәуелсіз деңгейіне өту.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін жыл сайын АМТ әрбір департаменті бойынша шаралар жоспары әзірленіп, жұмыс көлемі, мониторинг жиілігі, бөлінген қаржылық ресурстар, орындау мерзімі мен алға қойылған міндеттерді орындауға жауаптылар туралы ақпарат көрсетіледі.




Түр атауы:  
**Палласов немесе сібір алмасы (M. Pallasiana)**

Биіктігі 4–5 метрге дейін, диаметрі 10–15 сантиметрге дейінгі бір немесе бірнеше бұтақты ағаш. Жас селдір ормандарда және орман шетінде, бұталы тоғайларда, өзен маңында, жер қыртысы жақсы жылитын бұлақ маңында кездеседі. Қабығы сызатты, бұтақтары қызыл-қоңыр, өркені жалаңаш. Декоративтік мақсатта және сібір селекционерлерінің жұмысында кеңінен қолданылады. Бай қоңыр ормандар мен жазық баурайлардың барынша ылғалды және кәрізденген жер қыртысын қалайды. Өзен аңғарларының қарашірікті алтын қоп топырақты жерлерінде де өседі. Дән арқылы, сирек жағдайда — тамыр атпа бұтақтары арқылы таралады. Басқа жерге отырғызғанда жақсы (90 %-ға дейін) жерсінеді. Құрғақшылыққа төзімді. Күзгі-көктемгі кезеңде бұтақтардың күнге күйюіне және қабығына ауыр сызаттар түсуіне төзімді. Алмалардың мол өнім беруі, жоғары балды және тозаңды болуы олардың жергілікті экожүйедегі пайдалы ағаш етеді.

Көгалдандыру жобасы аясында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бұл ағаш түрінің

**1 600-ден**  
астам көшетін отырғызды.





Компанияда тұйық кеңістікте, жүк көтеру механизмдерін қолдану арқылы және энергия көздері бар механизмдерді қолдану арқылы аса қауіпті жұмысты орындау кезінде негізгі процедураларды сақтауға бағытталған Он алтын ереже енгізілген. Алтын ережелер 2022 жылы сақтандыру белдіктері міндетті түрде қолданылуы тиіс биіктік көрсетіле отырып, жаңаланды.

## ОН АЛТЫН ЕРЕЖЕ

- 1.** Мен жұмысқа қабілетті және мас емес күйде жұмыс істеймін.
- 2.** Мен құлау қаупі бар кезде 1,3 м немесе одан жоғары биіктіктен құлаудың алдын алатын құралдарды қолданамын.
- 3.** Мен оқшаулау және бұғаттау тәртібін ұстанамын.
- 4.** Мен жабық кеңістікте жұмыс істеу тәртібін ұстанамын.
- 5.** Мен жүк көтергіш механизмдермен жұмыс жасау кезінде барлық ережелерді сақтаймын және ешқашан ілулі тұрған жүктің астында болмаймын.
- 6.** Мен жол қозғалысының барлық ережелерін сақтаймын.
- 7.** Мен теміржол көлігінің басымдығын сақтаймын және қажетті қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, рельс жолдары мен габаритті емес орындардан аулақ боламын.
- 8.** Мен газ қауіпті жерлерге кіру және жұмыс істеу ережелерін сақтаймын.
- 9.** Мен ешқашан жұмыс жабдықтарындағы техникалық қауіпсіздік құралдарын өшірмеймін.
- 10.** Мен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша барлық сигналдарды, ережелер мен стандарттарды сақтаймын және қажетті жеке қорғаныс құралдарын қолданамын.

Компания қызметі мен бөлімшелері процесіндегі ДҚЖҚТМЖ жүйесі барлық өзіндік қызметкерлер мен мердігер ұйымдардың қызметкерлерін қамтиды. Күн сайын бөлімшелердің өндірістік алаңдарына аудит жасалып, сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларға тұрақты мониторинг жүргізіледі. Аудит жүргізу кезінде жұмысшылардың тәртібі мен тәуекелдерді анықтауға ерекше назар аударылады. Мердігер ұйымдардың жұмысты орындауына, жеке қорғаныс заттары, механизмдері, құралдарының қолданылуы мен қызметкерлердің біліктілігінің еңбекті қорғау бойынша нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне бақылау жасалады.







Компанияның барлық бөлімшелерінде ЕҚЖҚТ бойынша қызметтер жұмыс істейді, олардың функцияларына келесілер жатады:

- ЕҚЖҚТ бойынша жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;
- қызметкерлер ЕҚЖҚТ талаптарын сақтауына бақылау ұйымдастыру;
- өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша профилактикалық шараларды ұйымдастыру;
- қайғылы оқиғалар және кәсіптік ауруларды зерттеу және есепке алуды ұйымдастыру;
- бақылаушы органдармен өзара қызмет ету;
- қорғаныс құралдары қамсыздандыруды ұйымдастыру;
- ЕҚЖҚТ бойынша құжат айналымын басқару.

Компанияның барлық кәсіпорындарында қызметкерлердің қатарынан тағайындалған еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар жұмыс істейді. Олар өндірістегі ең қауіпті орындарды анықтауға, тәуекелдерді бағалауға, жұмысшылардың қауіпті әрекеттерінің алдын алуға көмектеседі. Техникалық инспекторлар тәжірибелі қызметкерлер арасынан таңдап алынып, «Шахтер» оқу орталығында техникалық инспекторларға арналған бағдарлама бойынша оқытылады. Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлардың функционалды құқықтары, жауапкершілігі және оларды ынталандыру түрлері Ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторы туралы» ережеде бекітіледі. Техникалық инспектор келесі құқықтарға ие:

- жұмыс орындарындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайларына, қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың кәсіпорындағы еңбекті қорғау бойынша жұмыс беруші актілері мен ұжымдық шарттың талаптарын сақтауына кедергісіз тексеру жүргізу;
- өндіріс ерекшелігі мен жұмыс орындарына баруға рұқсаттың мақұлданған тәртібі ескеріле отырып, ұйымда қолданылатын еңбекті қорғауды басқару жүйесінде бекітілген тәртіп бойынша анықталған ақауларды жою бойынша ұсыныстар беру.

Қызметкерлер мен олардың өкілдерінің ДҚЖҚТМЖ және ЕҚБЖ жүйесін жетілдіруге қатысуын қамтамасыз ету үшін болат және көмір департаменттерінде келесілер жұмыс істейді:

## «Қызыл сарышаяндар» жобасы

*Топтың негізгі міндеті – АМТ мердігерлік ұйымдары жүргізетін жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. «Қызыл сарышаяндар» тобының мамандары нысандардағы мердігерлердің жұмысын бақылауды қамтамасыз етеді, бұзушылықтар мен сәйкессіздіктерді анықтайды және тіркейді, бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдайды, өндірістік алаңдардағы жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды әзірлейді және енгізеді, жұмысты талдау және анықталған қиындықтар негізінде мердігерлік ұйымдардың басшылары мен қызметкерлерін оқытуды жүргізеді.*

1. **Өндірістік кеңес.** Ол қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту, жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу, жұмыс орындарындағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жағдайына ішкі бақылауды ұйымдастыру бойынша жұмыс беруші және кәсіподақпен бірлесе отырып әрекет етеді. Қабылданған шешімдер бойынша хаттама толтырылып, ол жұмыс беруші және кәсіподақ тарапынан орындалады. Кеңес тоқсанына бір реттен кем емес жиналады. Жұмыс ұжымдық шартпен регламенттелген.

Өндірістік кеңестің отырыстарында талқыланған мәселелер түрлі салаларды қамтиды: жұмысшыларды ЖҚҚ қамсыздандыру, сүт және емдік-профилактикалық тағамдар беру, үздік жұмысшыларды ынталандыру, еңбек тәртібі және басқа мәселелер.

2. **Еңбекті қорғау жөніндегі комитет.** Ол келесі міндеттерді орындайды:

- ЕҚЖҚТ саласындағы ағымдағы мәселелер мен ұсыныстарды талқылау;
- еңбекті қорғау саласындағы мақсаттар мен міндеттерді бекіту, қажет жағдайда мақсаттарды түзету;
- жарақаттануды талдау;
- қызметкерлер еңбегінің қауіпсіз жағдайларын құру үшін бірлескен шаралар әзірлеу.

Бұдан бөлек, көмір департаментінде **Бұзушылықтар мен оқиғаларды зерттеу бойынша шағын комитет** жұмыс істейді. Ол әлеуетті маңызды оқиғаларды, бұзушылықтарды және оқиғаларды (қайғылы жағдайларды) зерттеу бойынша ішкі комиссияның есептерін қарайды. Түзету әрекеттерін көмір департаменті бойынша өкіммен тағайындалған комиссия әзірлейді. Шағын комитетке департаменттің жоғарғы басшылары мүше болады. Шаралар барлық кәсіпорындарда қатар қолданылады.

Болат департаментінде ДҚЖҚМЖ саласындағы процедураларды, қауіпсіздік және еңбекті қорғау (ҚЖЕҚ) бойынша нұсқаулықтарды және өзге құжаттамаларды ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру үшін өзгерту бойынша **ішкі комиссия ұйымдастырылған.**

Жыл сайын Еңбекті қорғау және қауіпсіздік күні өткізіледі. 2022 жылы «Тәуекелдерді анықтау» байқауы, ЕҚЖҚТ бойынша анонимді сауалнама және ЕҚЖҚТ бейнероликтері байқауы өткізілді. Еңбекті қорғау бойынша коммуникацияны жақсарту үшін мердігер ұйымдар арасында ҚТ бойынша қажетті ақпарат қамтылған сайт жұмыс істейді.

Қызметкерлердің ынтасын арттыру мақсатында Компания бөлімшелерінде (болат және көмір департаменттері) «Мәселелерді шешу тақтасы» енгізілген. Ол қызметкерлердің басшылыққа туындаған мәселе бойынша хабарласуына мүмкіндік береді, ал шебер немесе кезекшілік басшысы шешім қабылдауға

жауапты адамды бекітіп, орындау мерзімін белгілейді. Мұндай мәселелер келесі аспектілерге жатуы мүмкін:

- жұмысшылардың еңбек және демалыс жағдайлары;
- қондырғыны пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік қауіпсіздік;
- қайғылы оқиғалардың әлеуетті тәуекелдерін анықтау.

АМТ-да сонымен қатар бөлімшелер арасында тәжірибе алмасу үшін ішкі коммуникацияны жақсарту бағдарламалары енгізілген. Олар – «Диалог» жобасы мен тимбилдингтер ұйымдастыру. Көмір департаментінде ай сайын орын алған жағдайлар мен негізгі оқиғалар туралы ақпараттық бюллетеньдер шығарылады. Сондай-ақ, басшылар мен кәсіпорындардың жұмысшы ұжымының қатысуымен дөңгелек үстелдер, апта сайын қауіпсіздік бойынша селекторлық жиналыстар және кәсіпорындарға қауіпсіздік бойынша жиындар өткізіледі.

Компанияның болат департаментінде **«Safety Management System»** еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік (ЕҚЖӨҚ) бойынша ақпараттық жүйесін енгізу процесі аяқталуда. Мұндай жүйе көмір және темір-кен департаменттерінде келесі жылдың соңына қарай енгізіледі. Бұл жүйе өндірістегі тәуекелдер мен оқиғалар санын қысқартып, біздің қызметкерлер мен қоршаған ортаға қауіпсіздікті арттырады. Оның жолдары:

- талдау және шешім қабылдау үшін ЕҚЖӨҚ бойынша мәліметтерді бірыңғай мәліметтер базасында уақытылы жинау және тіркеу;
- ЕҚЖӨҚ бойынша есептілік сапасын арттыру және оларды бақылау үшін мәліметтерді талдаудың автоматтандырылған құралдарын қолдану, оқиғаларды зерттеу процесін цифрландыру, ЕҚЖӨҚ саласындағы бұзушылықтарды жою және шаралар ұйымдастыру бойынша міндеттерді құру, департамент және бөлімшелер бойынша ӨТК орындау прогресі мен еңбекті қорғау бойынша сәйкессіздіктерді бақылау;
- мемлекеттік органдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша ескертулерінің орындалуын, өндірістік алаңдарға жасалған аудит пен тексерулердің ЕҚЖӨҚ талаптарына сәйкес орындалу кестесін бақылау, қайғылы оқиғаларды есепке алу мен зерттеу және тағы басқалар;
- нормативті құжаттарды сақтауға және уақытылы жаңалауға мүмкіндік беретін ЕҚЖӨҚ бойынша құжаттардың бірыңғай мәліметтер базасын құру.


ЕҚЖӨҚ саласындағы негізгі процестерді цифрландырудың көмегімен көмір департаментінің жұмысшылары цехтер мен учаскелерде аудит пен тексерулер жүргізу үшін «Safety Management System»



қосымшасына планшет және смартфон арқылы қосыла алады. Мұндай гаджеттерді көмір департаментінде қолданысқа енгізу олардың жоғары жарылғыш қауіпсіздігіне байланысты қиындық тудырады.

Қысқа мерзімді перспективада «Safety Management System» жүйесін жаңа модульдермен кеңейту жоспарланып отыр. Мердігерлерді басқару модулі мердігерлердің барлық қажетті оқыту курстарынан өткенін тексеру және оларды Компания аумағына кіргізу квалификациясын тексеруге мүмкіндік берсе, наряд рұқсат қағазын басқару модулі наряд рұқсат қағазын беру ережелерін ресімдеу мен сақтау сапасын қадағалауға жол ашады.

Мұндай жүйелерді іске қосу алдында АТ бөлім мамандары ЕҚЖӨК өкілдерін, өндірістік қызмет басшыларын қоса алғанда қолданушылардың мақсатты топтары үшін оқыту жүргізеді. Бұл арқылы өндірістік қызмет басшылары өздерінің қарамағындағы жұмысшыларға жүйені қолдану бойынша дағдыларды үйретеді. Сондай-ақ, қызметкерлер үшін жүйені іренуге арналған видеосабақтар мен нұсқаулықтар әзірленген.



### ЕҚЖӨК саласындағы процестердің 2022 жылғы нәтижелері

Процесс	Болат департаменті	Көмір департаменті	Темір-кен департаменті
Техникалық инспекторлар жүргізген аудит саны (компанияның өз жұмысшыларына қатысты)	19 180	-	792
Берілген ұсыныстар саны	25 729	-	114
Өндірістік алаң аудитінің саны (компанияның өз жұмысшыларына қатысты)	-	60 244	-
Цех деңгейіндегі аудиттер саны (компанияның өз жұмысшыларына қатысты)	181 680	-	1 383
Анықталған сәйкессіздіктер саны	377 201	110 642	-
Көп деңгейлі аудиттер саны (компанияның өз жұмысшыларына қатысты)	-	-	176
Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің ішкі аудиттерінің саны	-	14	-
Мердігер ұйымдардағы аудиттер саны	12 622 (мердігерлер)	-	777 (мердігерлер)
Тоқтатылған жұмыс саны	275 (мердігерлер)	-	-
Анықталған және жойылған сәйкессіздіктер саны	10 346 (мердігерлер)	-	4 107 (қызметкерлер)
Анықталған және жойылған қауіпті жағдайлар/әрекеттер саны (компанияның өз қызметкерлері)	421	1 225	1 313
Тоқтатылған жұмыс саны	-	1 008 (қызметкерлер) 75 (мердігерлер)	72 (қызметкерлер)
Алды алынған қауіпті жағдайлар саны (компанияның өз қызметкерлері)	375 662	50 616	1 254
Бөлімшелерде еңбекті қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша орындалған техникалық шаралар саны (компанияның өз қызметкерлері)	2 497	-	-

## Қауіпсіз жұмысқа арналған интерактивті жаңашылдықтар

Өндіріс пен қауіпсіздік техникасының мәдениетін арттыру – АМТ қызметінің басым бағыттары. Қызметкерлерді еңбек пен денсаулықты қорғау саласы бойынша ақпараттандыру, қауіпсіздік техникасы бойынша оқу роликтерін көрсету, сондай-ақ оларды жиналыстарда көрсету ісін жақсарту және әлде де қолжетімді, көрнекті, сәйкесінше тиімді ету үшін болат департаментінің цехтерінде сапалы TV экрандар орнату, ал көмір және темір-кен департаменттерінің кәсіпорындарында проекторлар мен экрандар орнату туралы шешім қабылданды.


Көмір департаментінде 2022 жылы барлығы 93 TV экран орнатылды. Олардың


Көмір және темір-кен департаменттерінде 2022 жылы көмір департаментінің әрбір шахтасында біреуден және темір-кен департаментінің кәсіпорындарында әр учаскеге біреуден деген есеппен

# 15-і қосылды

Экран орнатылған негізгі орындар — жұмыс бөлу кеңсесі, кезекшілік-кездесу бөлмесі, жуынатын бөлме, асхана және АБК фойесі.

# 120-дан астам проектор мен экран орнатылды





## ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ

**Компанияның өзіндік және мердігер қызметкерлерінің арасында адам өліміне әкелген жарақаттанудың негізгі себептеріне тау-кен массасының бөлініп құлауы, биіктіктен құлау, шахталық газбен улану, механизмдер арасында қысылып қалу, өрт, жаншылу, электр жарақаттары жатады.**

Оқиғалардың қайталануының алдын алу үшін қауіпсіздікті арттыру бағдарламалары енгізілген. Қауіптерді анықтау мен тәуекелдерді бағалауға, проактивті жұмыс пен алдын алу шараларына, оқыту мен коммуникацияны жақсартуға бағытталған жұмыстарды жүргізуге көбірек көңіл бөлінеді:

**1**  
**Проактивті жұмыстарға назар аудару – адам өліміне әкелетін әлеуетті оқиғаларды анықтау және жою, тәуекелдерді басқару:**

- a. апаттық жағдайлар кезінде қолданылатын тәжірибелік дағдылар мен әрекеттерді меңгеру;
- b. жұмысшылар мен инженер-техникалық қызметкерлер (ИТҚ) техникалық білім деңгейін арттыру;
- c. тәжірибелік тренингтер (тәртіпке негізделген қауіпсіздік);
- d. тәуекел туралы ақпараттанушылықты жақсарту;
- e. тәуекелге төзушілікті төмендету.

**2**  
**«Алтын құралдар» сапасын күшейту:**

- a. жұмыс басталар алдында тәуекелдерді бағалау;
- b. цех деңгейіндегі аудиттер;
- c. ауысымдық - кездесу және тұрақты жиналыстар.

**3**  
**Қауіпсіздік мәдениетін қамқорлық мәдениетіне қарай жақсарту/өзгерту:**

- a. тәуекелі зор тәртіпке төзушілікті жою – «Ешбір бұзушылық, тіпті болмашы болса да, елеусіз қалмайды»;
- b. кәсіпорын/цех деңгейінде коммуникация үшін қайғылы оқиғаларды ақпараттандырудың визуалды жолдарын қолдану.

### Компания бойынша қызметкерлер арасындағы өндірістік жарақаттану көрсеткіштері

Көрсеткіш	Департамент	2020	2021	2022
Жарақаттардың жалпы саны, оның ішінде:	<b>Барлығы</b>	<b>35</b>	<b>49</b>	<b>51</b>
	Болат	14	20	25
	Көмір	18	26	23
	Темір-кен	3	3	3
жұмыс уақытының жоғалуы	<b>Барлығы</b>	<b>32</b>	<b>38</b>	<b>40</b>
	Болат	13	18	19
	Көмір	18	18	18
	Темір-кен	1	2	3
өліммен аяқталғаны	<b>Барлығы</b>	<b>3</b>	<b>11</b>	<b>11</b>
	Болат	1	2	6
	Көмір	-	8	5
	Темір-кен	2	1	-
Атқарылған адам-сағаттың нақты саны, млн адам-сағат	<b>Барлығы</b>	<b>45,71</b>	<b>45,02</b>	<b>48,87</b>
	Болат	23,17	23,27	25,16
	Көмір	18,45	17,67	19,54
	Темір-кен	4,08	4,08	4,16
1 миллион адам-сағатқа шаққандағы жұмыс уақытының жоғалуы тіркелген жарақаттану коэффициенті (LTIFR) <sup>5</sup>	<b>Барлығы</b>	<b>0,77</b>	<b>1,09</b>	<b>1,04</b>
	Болат	0,60	0,86	0,99
	Көмір	0,98	1,47	1,18
	Темір-кен	0,73	0,74	0,72
1 миллион адам-сағатқа шаққандағы адам өлімі тіркелген жарақаттану коэффициенті (FAR) <sup>5</sup>	<b>Барлығы</b>	<b>0,07</b>	<b>0,24</b>	<b>0,23</b>
	Болат	0,04	0,09	0,24
	Көмір	-	0,45	0,26
	Темір-кен	0,49	0,25	-

### Компания бойынша мердігерлер арасындағы өндірістік жарақаттану көрсеткіштері

Көрсеткіш	Департамент	2020	2021	2022
Жарақаттардың жалпы саны, оның ішінде:	<b>Барлығы</b>	<b>8</b>	<b>8</b>	<b>9</b>
	Болат	6	5	6
	Көмір	2	2	3
	Темір-кен	-	1	-
жұмыс уақытының жоғалуы	<b>Барлығы</b>	<b>8</b>	<b>6</b>	<b>6</b>
	Болат	6	4	5
	Көмір	2	2	1
	Темір-кен	-	-	-
өліммен аяқталғаны	<b>Барлығы</b>	<b>-</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
	Болат	-	1	1
	Көмір	-	-	2
	Темір-кен	-	1	-


2022 жылы Компанияда екі топтық оқиға орын алып, нәтижесінде 9 адам қайтыс болды. Бірінші топтық оқиға 2022 жылғы маусымда металлургиялық пештерді жөндеу цехінің бригадасының отқа төзімді қалауды бұзу жұмыстарын жүргізу кезінде орын алды. Оқиға кезінде пештің бір бөлігі құлап, төрт адам үйіндінің астында қалды. Бір жұмысшы ауыр жарақаттар алды. Қарашада екінші оқиға көмір департаментінің Ленин атындағы шахтасында болып, газ динамикалық құбылыс нәтижесінде бес адам қайтыс болып, төрт адам жарақат алды.

Бұл қайғылы оқиғаларды зерттеу үшін ҚР Төтенше жағдайлар министрінің төрағалығымен және мемлекеттік органдар мен АМТ жоғарғы басшылығының қатысуымен Апаттың салдарын жою және себептерін зерттеу бойынша үкіметтік комиссиялар құрылды. Зерттеулер нәтижесі бойынша шаралар кешені әзірленіп, оның мерзімдері мен оған АМТ тарабынан жауаптылар белгіленді.

Маусымда АМТ жұмысшыларының қатысуымен «Құрылыс-Мет» ЖШС еншілес ұйымының аумағында орын алған қайғылы оқиғаның себептерін зерттеу бойынша жүзеге асырылатын шаралар кешені өзгелермен қатар келесі әрекеттерді қамтиды:

- пештерді жөндеу және қайта құру жұмыстарын техникалық зерттеу жүргізіп, одан әрі негізгі құрылыс конструкцияларын ауыстыру, күшейту және қалпына келтіру бойынша ұсыныстар әзірлегеннен кейін жүзеге асыру;
- өнеркәсіптік пештерді салу, жөндеу және қайта құру алдында нормативтік техникалық актілерге сәйкес әзірленген және қайғылы оқиғалардан, апаттардан және техногендік құбылыстардан болатын тосын жағдайлардың алдын алатын жобалық құжаттама, жұмысты жүргізу жоспары (ЖЖЖ) немесе технологиялық картаға (ТК) сәйкес жұмыстар жүргізу;

<sup>5</sup>LTIFR және FAR есебі «АрселорМиттал» тобының қауіпсіздік бойынша көрсеткіштер жүйесі бойынша корпоративтік процедураға сәйкес орындалған. LTIFR есебіне барлық жарақаттардың жалпы саны, оның ішінде адам өлімімен аяқталған жарақаттар саны кіреді.





• наряд рұқсат қағаздарын заңнамада көрсетілген ережелерге сәйкес дұрыс ресімдеу;

• Компания жұмысшыларын және «Құрылыс-Мет» ЖШС қызметкерлерін қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша кезектен тыс оқыту және қайта аттестаттаудан өткізу;

• жұмысшыларды апаттық жағдайлар мен қайғылы оқиғалар кезінде әрекет ету бойынша оқыту.

Көмір департаментінде шахта газының оқыс шығуымен байланысты оқиғалардың алдын алу мақсатында жүзеге асырылатын шаралар қатарында келесілерді атап өтуге болады:

• газ дренажды ұңғымаларды бұрғылау кезінде метан датчиктерін орнату. Газ қорғанысының бұл жүйесі датчик іске қосылған жағдайда бұрғылау білдегіне келетін электр тоғын өшіріп, диспетчердің пультіне жұмысты дереу тоқтату туралы белгі береді;

• бұрғылаумен айналысатын жұмысшыларды бейнетіркеуіштермен жабдықтау және ұңғыма типіне байланысты бұрғылау орнында ИТҚ болуы;

• көмір департаментінің барлық шахталарындағы тау жұмыстарында жұмысшыларды жайғастыру жүйесін енгізу;

• газсыздандыру құбыр өткізгіштерін газ қоспасын бақылау құралдарымен жабдықтау;

• шахталардың тау-кен массивін гидродинамикалық мониторинг жүйелерімен жабдықтау.

### Қауіпті факторларды анықтау және тәуекелдерді бағалау

403-2 403-4 403-7

Өндірістік алаңдарда тәуекелдерді анықтау, бағалау және жою бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі: жадынамалар әзірленіп, өндірістік алаңдарға аудит жүргізу кезінде ескерілмеген тәуекелдерді анықтау жүргізіледі. Ескерілмеген тәуекелдер технологиялық карталарды қайта қарау және технологиялық карталарға және нұсқаулықтарға ҚжЕҚ бойынша толықтырулар енгізу кезінде анықталады. Технологиялық карталарды өзектендіру жылына бір рет, толық қайта қару үш жылда бір рет, сонымен қатар технологиялық процестерді, нормативтік талаптарды қайта қарау, оқиғалардан кейін, түзетуші шаралар аясында мерзімнен бұрын жүргізіледі.

Оқиғаларды зерттеу «АрселорМиттал» жаһандық қауіпсіздік стандартының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ол тиімді алдын алу және түзету шараларын әзірлеу үшін себеп-салдарлық талдауын жасау процесін және оқиғаға әкелген шешімдер мен әрекеттердің негізінде жатқан мотивациялар мен

себептерді дұрысырақ түсіну үшін шешімдерді талдау процесін баяндайды.

Көмір департаментінде жұмыс орнында жұмысты бастау алдында туындайтын тәуекелдерді анықтау құралы болып табылатын өзіндік және мердігер қызметкерлердің «5 қадам» тәуекелдерді бағалау бойынша блокноты қолданылады. Блокноттарды енгізу алдында қызметкерлерге блокнотты дұрыс толтыру бойынша оқыту жүргізілді. Блокноттардың толтырылуын ИТҚ қызметкері қауіпсіздік аудитін жүргізу кезінде тексереді және анықталған тәуекелдер мен бақылау шараларын талқылайды, сонымен қатар қажет жағдайда қосымша анықталған тәуекелдерді есепке ала отырып, түзетулер енгізіледі. Блокноттар өткізілмейді және жұмысты орындау үшін тәуекелдерді бағалауды орындау туралы еске салушы қызметін атқарады.

Өзге департаменттерде қауіптерді анықтау картасы қолданылады. Оны жұмысты орындайтын бригада түгел толтырып, ол наряд рұқсат қағазына тіркеледі. Мұндай карта бригада тәуекелдерге бағалау жүргізіп, тәуекелді азайту шараларын көрсететін әрбір мамандық бойынша қауіптер тізімінен тұрады. Қауіптер тізімін жұмысшы өкілі, жұмыс кәсібі өкілі және/немесе учаске бастығынан тұратын арнайы комиссия түзеді. Кәсіп бойынша қауіптер тізімін қайта қарау жиілігі 3 жылда 1 реттен кем емес. Бірақ өзектендіру мен өзгертулер енгізу (қажет жағдайда) жыл сайын жүргізіледі.

Компанияда адам өліміне әкелетін әлеуетті оқиғаларды анықтау бойынша бағдарлама (PSIF) жұмыс істейді. Ол ауыр жарақаттарға немесе адам өліміне әкелу әлеуеті жоғары жағдайлар мен әрекеттерді үздіксіз анықтау, зерттеу және талдауға, сонымен қатар болашақта мұндай жағдайлардың қайталануына жол бермеу шараларын әзірлеуге бағытталған. PSIF анықтаған кез-келген жұмысшы ол туралы өзінің басшысына хабарлайды, содан кейін жағдайды комиссия қарайды. Комиссия себебін анықтап, шараларды қабылдағаннан кейін есеп REX жаһандық базасына жолданады. Мұнда «АрселорМиттал» тобының барлық активтерінен барлық оқиғалар туралы ақпарат түсіп отырады. Кейін, апта сайын адам өліміне әкелетін әлеуеттік оқиғалар көлденең талданып, PSIF болдырмау бойынша әзірленген шаралар тізімі орындау үшін цех пен өндіріс басшыларына жолданады. Адам өліміне әкелу әлеуеті жоғары оқиғаларды анықтаған қызметкерлерге сыйақы беріледі.

### Денсаулықты қорғау

403-3 403-6 403-10

Компанияның медициналық қызметі алғашқы медициналық және дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді, кезекшілікке дейінгі және кейінгі медициналық тексерулер және куәландырулар өткізеді. Одан бөлек, жылжымалы медициналық пункттерде медициналық

көмек және денсаулық пункттерінде физиотерапевтік көмек көрсетіледі. Медициналық мәселелер бойынша басқарма базасында кәсіптік және жалпы ауруларды ерте анықтау мақсатында жыл сайын профилактикалық медициналық тексерулер жүргізіліп, рационалды еңбекпен қамту және кәсіпке жарамдылық бойынша мәселелер шешіледі. Медициналық мәселелер басқармасы болат департаментіндегі денсаулық пункттерінің, шағын емханалардың және стоматологиялық клиникалардың жұмысын үйлестіреді.

Көмір департаменті кәсіпорындарының шахталары мен беткі қабаттағы кәсіпорындарында 17 денсаулық пункті, емхана және 200 орындық стационар бар: екі – шұғыл және жоспарлы ауруларды қабылдау бөлмесі, 50 орындық неврология бөлімі, 5 орындық жалпы терапевтік профиль, 40 орындық инсульт бөлмесі, 5 орындық ЛОР, 45 орындық оңалту орталығы және т.б., сәулелік терапия (КТ, МРТ және рентген) бөлімі, УЗИ зертханасы бар.

Темір-кен департаментінде жыл сайын бөлімше жұмысшыларына медициналық қызмет (мамандар кеңесі, диагностикалық тексерулер, емдеу процедуралары, стационарлық және оперативтік емдеу шаралары) көрсететін сыртқы медициналық фирмамен шарт жасалады.

Кезекшілік алдында жұмысшылардың алкоголь және өзге де психотропты заттар қолданған-қолданбағанына тексеру жүргізіледі. Болат және көмір департаменттерінде медициналық тексерулердің

электронды жүйесін енгізу бойынша жоба жүзеге асырылған. Ол кезекшілік алдында (рейс алдында) медициналық куәландыру жүргізу процесін автоматтандырады және жылдамдатады.

Ауыр еңбек жағдайларына байланысты Компания жұмысшылары демалу органдарының және тірек-қимыл органдарының кәсіптік ауруларына жиі шалдығады. Әсіресе, мұндай аурулардың дамуы көмір департаменті қызметкерлерінің арасында көбірек кездеседі. Департамент жұмысшылары жоғары шаңды және ауыр физикалық қысымды талап ететін және ыңғайсыз қимыл жағдайындағы жұмысты қажет ететін жағдайларда еңбек етеді.

Көмір департаменті қызметкерлерінің 60 %-дан астамы 50 жас және одан жоғары. Сәйкесінше олар шахтада 20-30 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Бұл кәсіптік аурулар санының жылдан жылға екі есеге дейін артып келе жатқанын түсіндіреді.





**2020-2022 жылдары кәсіптік аурулар әсерінің нәтижесінде адам өлімімен аяқталған жағдайлар тіркелген жоқ. Мердігер ұйымдар жұмысшылары арасында кәсіптік аурулар есебі жүргізілмейді.**

**АМТ абсентеизм бойынша, яғни қызметкердің жұмыс орнында болмау жағдайлары, оның ішінде ауыруы не жағдайының нашарлауына байланысты болатын жағдайлар бойынша статистика жүргізеді.**

Компания жұмысшыларының денсаулығы мен еңбек қауіпсіздігіне әсерді төмендету және оның алдын алу мақсатында жыл сайын денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша бағдарламалар әзірленеді, олардың қатарында «Денсаулық», «Гигиена», «Алкоголь және есірткі» бағдарламалары бар. Бұл бағдарламалар келесі шараларды қамтиды:

- дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек (мобильді медициналық көмек және денсаулық пункттерінде медициналық көмек көрсету қызметтерінің жұмысын ұйымдастыру) көрсету;
- еңбек жағдайларын жақсарту;
- жұмыс орындарын аттестаттау;
- шу мен дірілдің рұқсат етілетін деңгейін, шаң, газ, аэрозольдің рұқсат етілетін концентрациясын сақтауды бақылау;
- ЖҚҚ қолдануды бақылау және оларды жақсарту;
- негізгі себептерге талдау жасай отырып, жалпы және кәсіптік аурушаңдықты талдау;
- жыл сайынғы профилактикалық медициналық тексеру жүргізу;
- амбулаторлық-емханалық, стационарлық, шипажайлық деңгейде («Самал» шипажай-профилакториінің базасында қызметкерлерді сауықтыру) профилактикалық емдеу кешенін жүргізу;
- ауысым алды (рейс алды) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық тексеру жүргізу;
- қызметкердің жұмыс орнына кәсіптік ауруға күдікке зерттеу актісін жасау бойынша комиссия жұмысына қатысу (Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының қызметкерлерімен бірге);

### Кәсіптік аурулар арықталған қызметкерлер саны

Департамент	2020	2021	2022
Болат	-	1	2
Көмір	49	107	213
Темір-кен	-	1	1
<b>Компания бойынша барлығы</b>	<b>49</b>	<b>109</b>	<b>216</b>

### Компания қызметкерлері арасында абсентеизм коэффициенті

Көрсеткіш	Департамент	2020	2021	2022
Жоғалған сағаттардың жалпы саны, млн сағат	<b>Барлығы</b>	<b>1,87</b>	<b>2,19</b>	<b>2,12</b>
	Болат	0,90	1,08	1,06
	Көмір	0,73	0,88	0,83
	Темір-кен	0,24	0,23	0,23
Теория тұрғысынан атқарылған сағаттардың жалпы саны, млн адам-сағат <sup>6</sup>	<b>Барлығы</b>	<b>53,84</b>	<b>52,60</b>	<b>56,49</b>
	Болат	26,65	26,69	28,84
	Көмір	22,35	21,08	22,75
	Темір-кен	4,84	4,82	4,90
<b>Компаниядағы абсентеизм коэффициенті</b>	<b>Барлығы</b>	<b>3,46</b>	<b>4,15</b>	<b>3,74</b>
	Болат	3,38	4,06	3,66
	Көмір	3,23	4,14	3,63
	Темір-кен	4,96	4,70	4,68

### Компанияның жұмысшыларына денсаулық жағдайына байланысты 2022 жылы төленген төлемдер

Төлем түрі	Болат департаменті	Көмір департаменті	Темір-кен департаменті
Еңбекке жарамсыздық қағазы бойынша төлемдер (мың теңге)	1 210 706	1 452 438	249 056
Кәсіптік аурулар бойынша төлемдер (мың теңге)	22 483	4 986 522	18 232

- цехте жұмыс істейтін инженерлік-дәрігерлік бригадаларға қатысу, қызметкерлердің аурушаңдығының статистикасын есепке алу және жүргізу (абсентеизм коэффициенті).

2022 жылы көмір департаменті кәсіпорындарының жұмыс орындарында еңбек жағдайларын жақсарту үшін ғимарат ішінде ауаны желдету жүйесі орнатылды, сондай-ақ «Гигиена» бағдарламасы бойынша жөндеу жұмыстары орындалды. Шахтерлердің қол еңбегін жеңілдету мақсатында шағын механизация құралдарының 80 түрі сатып алынды. Компанияда кәсіптік аурулардың дамуының алдын алу мақсатында жұмыс орындарын аттестаттау, қондырғылар мен аспирациялық құрылғыларды жөндеу және ауыстыру жүргізіледі.

Болат және көмір департаменттерінде ЖҚҚ және арнаулы киімдерді жақсарту бойынша жобалар жүзеге асырылды. Осылайша, көмір департаменті шахталарының қызметкерлері басқа тағылатын, метан сигнализаторымен және бейнетіркеуішпен жабдықталған жарықтандырығыш құралдармен қамтылды. Болат департаментінің ыстық учаскелердегі қызметкерлері алюминийленген плащ және пелеринамен қамтылса, электр техникалық

қызметкерлері электр доғасынан қорғайтын костюм мен қысым сигнализаторларын алды. Домна және кокс химиялық өндіріс қызметкерлеріне термотұрақты аяқ киім мен дем алу органдарын қорғауға арналған ЖҚҚ берілді. Аталған жобалардың аясында жұмысшылар келесі заттарға да ие болды:

- қолды қорғауға арналған: кесіп алудан, оттан қорғайтын, май мен суды жұқтырмайтын ЖҚҚ;
- биіктікте жұмыс істеуге арналған ЖҚҚ;
- химиялық және физикалық жарақат алған кезде көзді жууға арналған Plum Eye Wash станциялары;
- көзілдірікті күтуге арналған станция;
- электр және газ қауіпсіздігі бойынша белгілер;
- каскаға арналған «Мен қауіпті жұмысты тоқтатуға құқылымын» деген жазбасы бар жапсырма қағаз;
- қызметкерлердің физикалық жұмысын жеңілдету мақсатында ОКЦ арналған 10 экзо-костюм;
- қышқыл және сілтілермен жұмыс істеуге арналған қалқаншалар.

<sup>6</sup>Теориялық тұрғыда атқарылған сағаттар – өндірістік жарақаттарды есепке алмағанда барлық белсенді (жұмыс істеуші) қызметкерлер бойынша графикке сәйкес сағаттар саны.



## ЕҚЖҚТ саласындағы оқыту



ЕҚЖҚТ бойынша оқу қажеттілігін бағалау мен оқыту жоспары бөлімшелерден түскен тапсырыстарды зерттеу, міндеті оқыту мерзімдерін бақылау және жоспарлы қызметкерлерді жалдау есепке алына отырып анықталады. Оқыту ақы төленетін жұмыс күнінің ішінде бекітілген бағдарламаларға сәйкес орыс және қазақ тілдеріндегі тақырыптық жоспарлар бойынша тегін жүргізіледі. Бағдарламалар ҚР заңнамасының талаптары, нормативтік актілер, өндірістік-технологиялық нұсқаулықтар және т.б. негізінде әзірленеді. Оқытуды сәйкес бағыт бойынша жұмыс өтілі бар білікті қызметкерлер өткізеді. Оқу нәтижесін бойынша қызметкерлер оқу сапасына баға беріп, кері байланыс жасай алады.

**Компания келесі курстар бойынша бекітілген жиілікпен қызметкерлерді міндетті оқытуды ұйымдастыру аясында заңнамалық талаптарды сақтайды:**

- кәсіпорындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау;
- қауіпті өндірістік нысандардағы өнеркәсіптік қауіпсіздік;
- өрт-техникалық минимум.

Бұдан бөлек, денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласында үздік әлемдік тәжірибелерді, симуляторларды және оқыту стендтерін қолдана отырып, кәсіби нұсқаушыларды тарта отырып, қосымша тренингтер жүргізіледі. АМТ департаменттерінің бәрінің қызметкерлері жұмыс бастау алдында тәуекелдерді бағалауға бағытталған «Тәуекелді бағалаудың 5 қадамы» бойынша оқудан өтеді.

Есептік кезеңнің ортасында британиялық Өндірістегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік институтының (IOSH) стандарттарына негізделген және АМТ өндірістік ерекшеліктеріне бейімделген STEP (Safety Training Enhancement Programme) бағдарламасы бастау алды. Бұл курстың басты мақсаты көмір және болат департаменттерінің шеберлері мен учаске басшыларын өндірістегі қауіпті факторларды уақытылы анықтауға және қауіпсіздік мәдениетін арттыру үшін тәуекелдерге бағалау жүргізуге үйрету болды. Оқу бағдарламасы тәуекелдер матрицасын құру үшін техникалық білім алуға және сол білімді оқу аяқталған соң емтихан тапсыру арқылы практикалық тұрғыда меңгеруге негізделген. Оқудан өткендерге сертификат беріледі. Келесі жылы аталған бағдарлама бойынша оқыту

шараларын жалғастыру жоспарланып отыр.

2022 жылы АМТ басшыларының еңбекті қорғау мәселелері бойынша ынтасы мен көшбасшылық әлеуетін дамыту үшін «Қауіпсіздіктегі көшбасшылық» курсы бойынша оқыту жобасы жалғасын тапты. «Батыл көшбасшылық» және «Өз қауіпсіздігіңді сақта» («Take care») сияқты бағдарламалардың міндетіне қызметкерлерді цех бойынша өзінің әріптестеріне жұмыс жүргізудің қауіпсіз тәсілдерін үйретуге дайындау, қауіпсіз емес тәртіпті айқындауға үйрету және оларға үлгі болу жатады.

Жоғары тәуекелге ие жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша оқуға айрықша көңіл бөлінеді. Осылайша, есептік кезеңде Компанияның барлық үш департаментінің жұмысшылары биіктікте арнаулы қондырғымен жұмыс жүргізу бойынша тренингтерге, ал электр техникалық қызметкерлер электр қауіпсіздігі бойынша тренингтерге қатысты. И. А. Костенко атындағы шахтада стационарлы анкерлік жүйелер орнатылып, жұмысшыларға оларды пайдалану ережелері оқытылды.

Өндірістік қызметкерлер апаттық жағдайларда әрекет ету бойынша оқудан өтеді. «Шахтер» оқу орталығында көмір департаментінің жұмысшылары үшін 8 VR тренажерлері орнатылды. Олар виртуалды шындық жағдайында апаттық жағдай кезіндегі әрекеттерді меңгеруіне мүмкіндік береді. Тәжірибелік дағдыларды шахтерлер оқу дабылы кезінде пысықтаса, болат департаментінде әзірленген кесте бойынша апта сайынғы негізде газ құтқару және газ цехінің бірлескен жаттығулары өткізіледі.

В. И. Ленин атындағы шахтасында орын алған апаттың қайталануын болдырмауға арналған түзеу шараларының бір ретінде көмір департаментінде «Көмір мен газдың күрт қауіпті шығарындыларымен қауіпті пластта тау жұмыстарын қауіпсіз жүргізу» курсы бойынша оқу өткізілді. Инженерлік-техникалық қызметкерлер жұмыс жүргізудің жаңа тәсілдерін қолдану бойынша оқуға қатысты.

2022 АМТ-да оқыту бойынша жоба басталып, оның аясында DSS+ (DuPont) компаниясының сыртқы нұсқаушылары Т. Күзембаев атындағы шахтада, ал АБИРОУ нұсқаушылары болат департаментінде күн сайын шеберлер мен өндірістік бөлімше басшыларымен жұмыс істеп, олардың теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануына көмектеседі. Олар тапсырма беру, наряд рұқсат қағазын ресімдеу ісіне тікелей қатысып, сол арқылы қызметкерлерді қауіптерді талқылау процесіне қатысуға және жұмыс бастау алдында тәуекелдерді бағалауға бағыттайды.

Қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында ай сайынғы негізде жұмыс орындарында жоспардан тыс нұсқаулар, ҚТ бойынша тиісті құжаттарды тексерулер, корпоративтік стандарттардың бірі, мысалы өліммен аяқталатын қайғылы жағдайлардың алдын алу стандарты бойынша айдың тақырыбы

бойынша білімді іріктеп тексеру жүргізіледі. Олардың нәтижесінде түзету шаралары енгізіліп, маңызды талаптар пысықталады.

АМТ мердігерлері және өзге еншілес ұйымдарының қызметкерлері Компания аумағында жұмыстар орындайды және АМТ қызметкерлері секілді қауіпсіздік техникалары ережелерін білуі және сақтауы тиіс. Көмір департаментінде мердігер ұйымдардың басшылары өндірістік алаңдар аудитін жүргізуге қатысады.

Сыртқы ұйымдардың қызметкерлері кіріспе нұсқаудан, ЕҚЖҚТ және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша жаһандық стандарттар бойынша оқудан өтеді. Олар болат департаментінің қызметкерлерімен қатар, биіктікте қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері бойынша оқудан өтіп, алған тәжірибелік дағдыларын тренажерде (2022 жылы 68 адам), «Жоғары қауіптілік жағдайына жұмыс жүргізу кезінде наряд рұқсат қағазын ресімдеу және қолдану талаптары» семинарында пысықтайды.

## Оқытудың негізгі бағыттары


- биіктіктегі жұмыстар;
- электр қауіпсіздігі;
- рұқсат нарядын беру процедурасы;
- жұмыс бастар алдында тәуекелдерді бағалау;
- қайғылы оқиғалар және апаттық жағдайлар кезіндегі әрекет;
- қауіпсіздіктегі көшбасшылық;
- дәрігерге дейінгі көмек беру;
- рұқсат нарядын ресімдеу.

## Денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша тренингтерге қатысқан Компания жұмысшыларының жалпы саны

Департамент	2020	2021	2022
Болат	30 054	42 338	53 739
Көмір	12 537	17 022	21 821
Темір-кен	5 984	9 244	8 191
<b>Барлығы</b>	<b>48 575</b>	<b>68 604</b>	<b>83 751</b>

## Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша тренингтерге қатысқан Компанияның сыртқы ұйымдары қызметкерлерінің жалпы саны

Департамент	2020	2021	2022
Болат	4 792	7 537	8 262
Көмір	1 008	1 970	2 192
Темір-кен	1 574	1 552	1 277
<b>Барлығы</b>	<b>7 374</b>	<b>11 059</b>	<b>11 731</b>





# КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ



Түр атауы:  
**Пирамидалық терек**  
(*Populus pyramidalis*)

30 метр биіктікке дейін өсетін, қалың да жіңішке пирамидалы бөрікбасты түспежапырақты ағаш. Қалалық көгалдандыруға ең қолайлы өсімдік. Терек тез өсімі, декоративтілігі, желге және құрғаққа төзімділігі жер қыртысын таңдауда талапшыл еместігімен ерекшеленеді. Терек күн шуағы мол жерлерді қалайды, ауаның құрғақтығына шыдайды. Бұл ағаштың тамыр жүйесі мықты және көпсалалы. Оның арқасында ағаш тіпті жазғы құрғақшылық кезінде де жер қыртысынан өзіне ылғал ала алады.

Теректердің жоғары төзімділігі, олардың жердің үгітілуінен қорғайтын қасиеті көгалдандыру жобасы аясында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның назарын өзіне аударды.

2021-2022 жылдар аралығында

**20 500**

көшет отырғызылды.



# КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

## БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

Металлургия және тау-кен өндірісі – парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлеміне айтарлықтай үлес қосатын өрі энергияны көп қажет ететін салалар. Электр энергиясы, көмір және темір кені Компанияның аймақтық және жаһандық деңгейдегі жыл сайын миллиардтаған шығындарының салмақты бөлігі болып табылады. Дәл сол себепті Компания осы ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға және климаттың өзгеруіне кері әсерін азайтуға күш салады.

### Парниктік газдар шығарындылары



Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 11 шілдедегі «Көміртегі квоталарының ұлттық жоспарын бекіту туралы» № 525 бұйрығына сәйкес «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына 2022 жылға парниктік газдар шығарындыларына болат департаменті үшін 15,7 млн бірлік, көмір департаменті үшін 0,98 млн бірлік квота бөлінді. Темір кені департаментінде парниктік газдар шығарындылары өте аз болғандықтан, квота бөлінетін қондырғылар жоқ. Есептік жыл ішінде АМТ парниктік газдар шығарындыларына бөлінген квоталар көлемінен асқан жоқ, сондықтан, артық квоталарды сату немесе келесі жылға ауыстыру жоспарланып отыр.

Жаңартылған ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 2021 жылы болат және көмір департаменттерінде қондырғылардың төлқұжаттары және 2022 жылға арналған парниктік газдар шығарындыларына мониторинг жүргізу жоспары дайындалып, верификациядан, валидациядан өтті және тәуелсіз аккредиттелген ұйымнан растау алды.

АМТ бойынша парниктік газдардың жалпы тікелей шығарындылары есептік жылы

**18,5** млн тонна CO<sub>2</sub>-баламасын құрады

Темір кені департаменті кептіруге арналған концентрат көлемін былтырғы жылмен салыстырғанда 39 %-ға азайтқанының арқасында парниктік газдар шығарындылары азайды. Болат департаментінде парниктік газдар шығарындыларын азайту ЖЭО-БАС қазандық агрегаттарында мазут жағу көлемінің төмендеуінің, сондай-ақ агломерат өндірісі кезінде кокс, мазут және домна газы шығынын қысқартудың арқасында орын алды.



### Тікелей парниктік газдар шығарындылары, млн тонна CO<sub>2</sub>-баламасы:<sup>7,8</sup>

Бөлімше	2020	2021	2022
<b>Болат департаменті</b>			
Тікелей парниктік газдар шығарындылары, соның ішінде:	15,08	14,87	12,89
CH <sub>4</sub>	0,004	0,004	0,011
CO <sub>2</sub>	15,02	14,81	12,83
N <sub>2</sub> O	0,05	0,05	0,05
<b>Көмір департаменті</b>			
Тікелей парниктік газдар шығарындылары, соның ішінде:	6,81	5,56	5,58
CH <sub>4</sub>	6,29	5,09	5,07
CO <sub>2</sub>	0,52	0,47	0,51
N <sub>2</sub> O	0,001	0,001	0,001
<b>Темір-кен департаменті</b>			
Тікелей парниктік газдар шығарындылары, соның ішінде:	0,02	0,02	0,01
CH <sub>4</sub>	-	-	-
CO <sub>2</sub>	0,02	0,02	0,01
N <sub>2</sub> O	-	-	-
<b>Компания бойынша барлығы</b>	<b>21,91</b>	<b>20,45</b>	<b>18,49</b>

Сондай-ақ, компанияның негізгі өнімінің тоннасына – сұйық болаттың тоннасына парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығының төмендеу үрдісі байқалады.


### Парниктік газдары шығарындыларының қарқындылығы, бір тонна өнімге тонна CO<sub>2</sub>-баламасы:

Бөлімше	2020	2021	2022 <sup>7</sup>
<b>Болат департаменті</b>			
бір тонна сұйық болат	4,56	4,24	3,65
<b>Көмір департаменті</b>			
бір тонна өндірілген көмір	0,72	0,67	0,79
<b>Темір-кен департаменті</b>			
бір тонна темір-кен концентраты	0,01	0,01	0,01

Болат департаменті бойынша базалық жылмен салыстырғанда есептік жылда парник газдары шығарындыларының төмендеу деңгейі 33,5 % құрады. Базалық 2010 жылы парник газдарының тікелей шығарындыларының көлемі 19,3 млн тонна CO<sub>2</sub> құрады.


<sup>7</sup>2022 жылғы мәндер үшін Экология және табиғи ресурстар министрлігі 17.01.2023 жылы бекіткен №9 парник газдарының жұтылуы және олардың шығарындыларын есептеудің жаңа әдістемесі қолданылады  
<sup>8</sup> Темір-кен департаменті бойынша CH<sub>4</sub>, N<sub>2</sub>O мәндері өте төмен.





# ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ

Болат департаменті бойынша базалық жылмен салыстырғанда парник газдары шығарындыларының төмендеуі, млн тонна CO<sub>2</sub>



■ ПГ тікелей шығарындылары  
■ Базалық жылмен салыстырғанда ПГ шығарындыларының азаюы

2023 жылдың ақпанында Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы бекітіліп, климаттың өзгеруімен күресу үшін нөлдік көміртегі шығарындылары бойынша өршіл мақсаттар белгіленді. Қазақстанда шығарындылардың едәуір бөлігі металлургиялық өндіріске тиесілі, ал АМТ елдегі ең ірі металлургиялық кәсіпорындардың бірі ретінде ҚР өнеркәсібін көміртектендіру бастамасында маңызды роль атқара алады.

Қазірдің өзінде АМТ көміртегі ізін азайту жолына түскен. Осы жолда 2022 жылы Компания парниктік газдарды азайтуға септесетін бірқатар жобаларды жүзеге асырды, мысалы:

1. АГӨ-де және ЖЭО-2-де электрлі итергіштерді орнату.
2. Коксхимиялық өндірісте №5 түтін құбырын қайта жаңарту.
3. ҚИЦ-1 әдістемелік пешінің түтін құбырын жөндеу.
4. БАЦ қазандық қондырғысының қазандықтарында экономайзерлерді ауыстыру.
5. ЖЭО-БАС 1-8 қазандықтардың домна газы және кокс газы құбырын қайта жаңарту.

Оған қоса 2022 жылы екі жаңа № 8-9 кокс батареясының құрылысы басталды, онда заманауи газ тазалау жабдықтарын орнату жоспарланып отыр, соның арқасында шығарындыларды толық бақылауда ұстау қамтамасыз етіледі. Қазіргі уақытта АМТ өндіріс барысына домна

және кокс газын толық қатыстыруға қол жеткізді, сонымен қатар Компания конвертерлік газды ұстау және кейін оны технологиялық процесте пайдалану тиімділігін арттыруды жоспарлап отыр. АМТ «АрселорМиттал» Тобының домна пештерін электр доғалы пештерге ауыстырумен темірді тікелей қалпына келтіру (DRI) әдісін қолдану жобаларын кейін өз жұмысына енгізу мақсатында бақылап отыр.

2022 жылы Компания Теміртау қаласының аумағын көгалдандыру және қала айналасында жалпы ауданы 344 га жасыл белдеу құру бойынша ауқымды жобаны жүзеге асыруды бастады. «Жасыл белдеу» орман алқабы табиғи тосқауыл ретінде парниктік газдардың белсенді сіңірілуіне ықпал етеді, сол себепті осы жобаны климат өзгеруінің салдарын азайту және жұмсарту тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта АМТ «Жасыл белдеу» негізінде орман климаты жобасын жүзеге асыру мүмкіндігін зерделеп жатыр. Климат жобасы жүзеге асырылған жағдайда мақұлданған көміртегі офсеттері АМТ көміртегі ізін жабу үшін пайдаланылуы мүмкін. Қаланы көгалдандыру туралы толығырақ ақпаратты «Ластаушы заттардың шығарындыларын басқару» бөлімінен қараңыз.




## XCarb™ «жасыл» болаты




2021 жылы «АрселорМиттал» Тобы XCarb™ «жасыл» болатына көшу бастамаларын қолға алды, мысалы:

- клиенттерге металл бұйымдарға өнімдегі парниктік газдар шығарындыларының азайғанын растайтын төмен көміртекті XCarb™ болаты сертификаттарын беру (клиент үшін Scope 3);

- жаңартылатын көздерден алынған энергияны пайдалана отырып, электр доғалы өндіріс арқылы XCarb™ төмен көміртекті металл бұйымдарын өндіру;
- XCarb™ инновациялық қорын ашу. Қор көміртектіз болат өндірісіне көшу технологияларына жылына \$100 млн дейін инвестиция бөлетін болады.





# ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

## БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

Қазіргі таңда АМТ-да энергия ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру мемлекеттік деңгейде де, тұтынушы деңгейінде де стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады. Энергия ресурстарын тұтынуды азайту қажеттілігі келесі себептерге байланысты:

- энергиямен қамтамасыз ету орасан зор қаржылық, материалдық және еңбек шығынымен байланысты;
- отын-энергетикалық қызметтерді өндіру, шығару, тасымалдау және тұтыну қоршаған ортаға теріс әсерін тигізеді;
- кәсіпорынның энергия ресурстарын тұтыну көлемінің артуы өндірілетін өнім құнының өсуіне, демек, нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеледі.

Қазіргі жағдайда энергия үнемдеу экономикалық өсу мен әлеуметтік дамудың аса маңызды факторларының біріне айналып, дәл сол деңгейде-ақ босаған қомақты ресурстарды басқа мақсаттарға бағыттауға мүмкіндік беретіні әбден заңды.

Компанияда өзінің көшбасшы ретіндегі орнын нығайту және қоршаған ортаның жағдайы үшін мойнына әлеуметтік міндеттемелер мен жауапкершілік алу мақсатында энергияны тиімді тұтыну және үнемдеу үшін жауапты Энергетика саласындағы саясат бар. Аталмыш саясат барлық қызметкерлерге энергия тұтынуды басқарудың табысты әрі оңтайлы бағдарламаларын жасау үшін негізгі бағыттарды белгілейді.


Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі осы саладағы жүйелік басқарудың барша мойындаған үздік халықаралық тәжірибесі болып табылатын ISO 50001 «Энергияны басқару жүйелері» халықаралық стандартының әдістемесіне негізделген.

### Энергия ресурстарын тұтыну 302-1

2022 жылғы энергия ресурстарын жалпы тұтыну көлемі, 90 812,64 мың ГДж, %



2022 жылы жаңартылмайтын отынды жалпы тұтыну көлемі, 59 835 190 ГДж, %



- мазут – 12 958 200 ГДж
- дизотын – 1 097 390 ГДж
- көмір – 43 899 540 ГДж
- басқалар – 142 880 ГДж
- сұйытылған газ – 1 737 180 ГДж



Есептік жылы өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты 2021 жылмен салыстырғанда сатып алынатын отынды – мазут, көмір, сұйытылған газды – тұтынудың азаюы байқалды. Кокс және домна газы АМТ ішінде коксхимиялық өндірісте, агломератты біріктіруге арналған агломерациялық машиналарда, сонымен қатар домна пештерінде шойын өндірісінде шығарылады және толығымен тұтынылады. Қайта пайдаланылатын кокс пен домна газының үлесі 2022 жылы жаңартылмайтын көздерден алынатын энергия ресурстарын жалпы тұтынудың шамамен үштен бірін құрады.

Көмір департаментінде соңғы үш жылда жалпы отын тұтыну 16 %-ға өскені байқалады. Бұл көмір департаментінің кәсіпорындарында дәнекерлеу жұмыстарының көбеюі, керосинді кескіштерден газ кескіштерге көшу есебінен сұйытылған газды тұтынудың артуына байланысты болды. Сондай-ақ «АнгренсорЭнерго» ЖШС-нен қосымша көмір сатып алуға байланысты өзіміздің қазандықтарда көмір тұтыну көлемі артты.


Темір-кен департаменті бойынша өндіріс көлемінің азаюына байланысты соңғы үш жылда отын тұтыну көлемінің негізінен тас көмір мен табиғи газды тұтынудың азаюы есебінен қысқаруы байқалады.

2022 жылы АМТ бойынша өзі өндірген электр энергиясын тұтыну энергия тиімділігін және энергия үнемдеуді арттыру шараларын іске асыру есебінен 2021 жылға қарағанда 15 %-ға төменірек:

1. болат департаментінде, атап айтқанда, қозғалтқыштарды жаңарту есебінен;
2. темір-кен департаментінде жарықтандыру жүйесін жаңарту (жарық диодты жарықтандыруға ауысу және фотореле орнату), сондай-ақ жиілікті түрлендіргіштер мен қозғалтқыштарды бірқалыпты іске қосу жүйелерін орнату есебінен.

Болат департаментінің құрамына Теміртау қаласының тұрғындарына жылу және электр энергиясын беретін ЖЭО-2 кіреді. Сатылған бу көлемінің азаюы Линде газ ауа бөлу блоктарының жылу алмасу жабдығын қайта жаңартумен және Компания тарапынан бу беруді тоқтатумен байланысты болды. Есепті жылы сатылған энергияның үлесі жаңартылмайтын көздердің жалпы тұтынуының 13 % құрады.

### Департаменттер бойынша жаңартылмайтын отынды тұтыну, мың ГДж






## АМТ бойынша электр және жылу энергиясын тұтыну, өндіру және сату, мың ГДж

	2020			2021			2022		
	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен
<b>Компания өзі өндірген электр және жылу энергиясы:</b>									
Электр энергиясы	10 186,14	-	524,36	9 965,96	-	495,12	8 404,12	-	437,78
Жылу энергиясы	1 886,47	3 009,55	334,54	2 220,31	3 172,73	333,72	1 981,95	3 229,17	316,21
Бу	8 105,78	-	-	8 594,97	-	-	8 375,56	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>20 178,40</b>	<b>3 009,55</b>	<b>858,90</b>	<b>20 781,24</b>	<b>3 172,73</b>	<b>828,84</b>	<b>18 761,63</b>	<b>3 229,17</b>	<b>753,99</b>
<b>Сатып алынған электр энергиясы:</b>									
Электр энергиясы	4 686,52	2 362,57	-	4 814,78	2 245,84	-	6 034,80	2 197,87	-
ЖЭК негізіндегі электр энергиясы	237,89	-	-	351,81	-	-	341,25	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>4 924,41</b>	<b>2 362,57</b>	<b>-</b>	<b>5 166,58</b>	<b>2 245,84</b>	<b>-</b>	<b>6 376,05</b>	<b>2 197,87</b>	<b>-</b>
<b>Сыртқы тұтынушыларға сатылған электр энергиясы және жылу энергиясы:</b>									
Электр энергиясы	2 111,97	-	-	2 172,25	-	-	2 240,94	-	-
Жылу энергиясы	6 086,26	-	-	6 245,11	-	-	5 459,69	-	-
Бу	3,23	-	-	0,84	-	-	0,72	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>8 201,46</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>8 418,20</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>7 701,35</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Жаңартылмайтын отынды жалпы тұтыну көлемі:</b>									
<b>Барлығы</b>	<b>62 610,13</b>	<b>828,98</b>	<b>708,16</b>	<b>64 568,17</b>	<b>864,95</b>	<b>691,21</b>	<b>58 236,22</b>	<b>959,10</b>	<b>639,87</b>
<b>Жалпы энергия тұтыну:</b>									
<b>Барлығы</b>	<b>59 333,08</b>	<b>3 191,55</b>	<b>708,16</b>	<b>61 316,55</b>	<b>3 110,79</b>	<b>691,21</b>	<b>56 910,92</b>	<b>3 156,97</b>	<b>639,87</b>


## Өнімдердің энергия сыйымдылығы 302-3

Өнім түрлері бойынша АМТ-да үлестік энергия сыйымдылығы төмендегі кестелерде берілген. Өндірілетін көмір тоннасына шаққандағы үлестік энергия тұтынудың артуы есептік кезеңде көмір өндіру көлемінің азаюымен байланысты болды.


### Болат департаменті, ГДж/сұйық болат тоннасына



### Көмір департаменті, ГДж/өндірілген көмір тоннасына



### Темір-кен департаменті, ГДж/теміркенді концентрат тоннасына



## Энергия тиімділігін арттыру шаралары 302-4

Қазіргі уақытта АМТ энергия тиімділігін арттыру бойынша бірқатар шараларды жүзеге асырып жатыр, мысалы, отынды тиімді жағу үшін домна цехтарындағы ауа жылытқыштарын ауыстыру, қозғалтқыштар жүйесін жаңғырту, жарықтандыру жүйесін жаңғырту және т.б.

2022 жылы АМТ энергетикалық аудиті басталды. Осы жұмыс шеңберінде электрмен жабдықтау және электр тұтыну жүйелері, отынмен жабдықтау, сығылған ауа мен техникалық газдарды өндіру және тарату жүйелері, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және басқа да энергетикалық жүйелер тексерілді.

2022 жылы жаңғырту бағдарламасы аясында ЖЭО-2-де №7 қазандықты орнату жұмыстары жалғасты. Жаңа қазандық орнату Теміртауда жылу берудегі іркілістер мәселесін шешіп, жаңа электр энергиясы қорларын құруға мүмкіндік береді. Іске қосу мен баптау жұмыстары және қолданысқа енгізу 2023 жылдың қарашасына жоспарланған.

Іс-шараны жүзеге асырудан күтілетін әсер – жылу қуатын 80 Гкал-ға арттыру және энергия өндіруді 60 МВт-қа арттыру.

Электр энергиясын жаңартылатын көздерден қосымша өндіру үшін АМТ жел диірмендерін орнату мүмкіндігін пысықтап жатыр. Қазіргі уақытта жоспарланған аумақта жел жылдамдығы әлеуетін зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

## «Жер сағаты» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ

«Жер сағаты» – Дүниежүзілік жабайы табиғат Қоры өткізетін жыл сайынғы халықаралық оқиға. Іс-шараның негізгі идеясы – бүкіл әлемдегі экологиялық мәселелерге қызығушылықты арттыру үшін шамдарды бір сағатқа өшіру.

2022 жылы АМТ дәстүрлі түрде акцияға қатысты. 26 наурызда сағат 20:30-дан 21:30-ға дейін металлургия комбинаты мен зауыт басқармасының Орталық өткелінің алдындағы алаңда көше жарығы тура бір сағатқа сөндірілді.





# ҚОРШАҒАН ОРТА



## ҚОРШАҒАН ОРТА

### БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

**АМТ- Қарағанды өнеркәсіптік өңірі мен Қазақстан Республикасындағы ең ірі толық циклді қара металлургия кәсіпорны. Компания өзінің экология саласындағы саясатының негізгі мақсаттарына - өндірістік процестердің қоршаған ортаға теріс әсерін үнемі төмендетуге және алдын алуға дәйекті түрде ұмтылады.**

**Болат және темір-көмір департаменттерінде ISO 14001-2015 талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі енгізілген және әрекет етеді. Компанияның экологиялық менеджмент жүйесінің халықаралық ISO 14001-2015 стандартының талаптарына сәйкестігін растау мақсатында жыл сайын сертификаттау, қайта сертификаттау және инспекциялық аудиттері жүргізіледі. Сондай-ақ, жыл ішінде аталған стандарттың талаптарына сәйкестікке экологиялық менеджмент жүйесінің ішкі аудиттері өткізіледі.**

**Көмір департаментінде ISO 14001-2015 сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі әрекет етпейді, алайда ҚОҚ ықпалын басқару бойынша жүйені осы стандарттың талаптарына сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде. Тоқсан сайын табиғатты қорғау бөлімінің мамандары сеніп тапсырылған аймақтарда экологиялық заңнаманың сақталуына ішкі тексерулер жүргізіп, жыл сайын кәсіпорынның келу кестесіне сәйкес комиссиялық тексерулер өткізеді.**

**АМТ келесі жолдармен қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін қажетті шараларды қолданады:**

1. табиғатты қорғау қызметіне қажетті ресурстарды бөлу;
2. энергия ресурстарын меншікті тұтынуды төмендету, шығарындыларды азайту, қалдықтарды жою көлемін арттыру бойынша шараларды әзірлеу және енгізу;
3. ҚОҚ әсеріне тұрақты мониторинг жүргізу;
4. қолданыстағы өндірістің экологиялық қауіпсіздігін жоспарлау және басқару үшін экологиялық тәуекелдерге талдау жасау;
5. ластанған ауа, ағын суды тазалау және жаңа өндірістер салу мен қолданыстағыларын қайта құру жобаларын жүзеге асыру кезінде қалдықтарды жою үшін жаңа қолжетімді технологияларды, заманауи және жоғары тиімді қондырғыларды қолдану;
6. кәсіпорынның экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіру;
7. экологиялық мәдениетті жақсарту, кәсіпорындар басшылары мен қызметкерлерінің ҚР табиғат қорғау заңнамалары мен АМТ экология саласындағы саясатын орындауын қамтамасыз етуі үшін олардың біліктілігін арттыру.

### Экологиялық қор аясындағы шаралар

Табиғатты қорғау қондырғыларын жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау мақсатында болат департаментінде жыл сайын Экологиялық қор қалыптасады. Осылайша, 2022 жылы:

1. Агломерацияда № 7 аглошинаға күрделі жөндеу жүргізіліп, тікелей желілік салқындатқышы ауыстырылды, аппараттары тазаланып, 124 дана тартып үрлеу құрылғысына ревизия жасалып шаң тазалау қондырғысына жөндеу жүргізілді, ӨБ-31, 39, ӨБ-5-тегі ТБК, агломерациялық цехтің № 5, 6, 7 аглошиналарының салқындату аймағында сүзгілеу жасайтын қолғаптар ауыстырылды.
2. Домна цехінде тұтыну сорғыштардың қолғаптық сүзгілерін толық ауыстыру, ДП № 3-тегі түтін сорғыш жетегін басқару күштік модулін ауыстыру, СҚЦ ДП № 2 түтін сорғыштарына ағымдағы жөндеу, пеш шахтасын торкреттеу арқылы ДП № 3 күрделі жөндеу шаралары орындалып, № 9 ауа жылытқыш пайдалануға берілді.
3. Конвертерлік цехте №1, 2, 3 конвертерінің артындағы газ тазалау құрылғысына, конвертерлік бөлімнің бас корпусының энергия қондырғыларына (құбыр өткізгіштері, бу өткізгіштері, ілмекті арматура, су сорғыларының қазандықтары) ағымдағы жөндеу жүргізілді; бас корпусының ӨБ-5, 38, 41 желдеткіштерін, ПШҚ-1, 2 шаң тазалау электр қозғалтқышын, ПШҚ-1, 2, екінші қайтар газ тазалау және шаң тазалау қолғаптық сүзгілерін, № 1, 2, 3 конвертерінің істен шыққан АГ-пресскруббер датчиктерін, екінші қайтара газ тазалау № 1-3 түтін сорғыштарының жетек вакуумдық қосқыштарын ауыстыру орындалды.
4. Кокс цехтерінде № 1-5 кокс батареяларын күрделі жөндеу аяқталып, жыл сайын тиегіш люктердің рамалары мен қақпақтарын, кокс пештерінің және кокс пештерінің газ өткізгіш тіреуіштерінің есіктерін, тіреуіш пен беткі қабаттардың шихтаны түтінсіз тиеу үшін крандардың қақпақтарын сатып алу және ауыстыру жұмыстары жүргізіледі; азот инъекциясы үшін КБ № 7 азотөткізгішін монтаждау жүргізілді.
5. Шайырды қайта өңдеу цехінде жаңа пек грануляторы пайдалануға берілді.
6. ҚИҚ-1 және ҚИҚ-3-те трансформатор совтоловтарын бөлшектеу және құрғақ типті трансформаторларды орнату орындалды.
7. ҚИҚ-3-те жақпа-салқындатқыш сұйықтықтардың (ЖСС) 6 тұндырмасы мен МҚӨК екі тұндырмасы тазаланды.
8. Сұрыптық илем цехында қоқыр өткізгіштің екі бұтағы, май салқындатқыштар, ілмекті арматуралар, май станциясының комбинацияланған тоннельдегі сүзгілер жүйесін ауыстыру жүргізілді.
9. ЖЭО-2-де № 2, 3 қазандықтары мен газ тазалау қондырғыларына жөндеу жүргізілді. ЖЭО-БАС-та № 3 қазандық агрегат пен газ тазалау қондырғыларын жөндеу, № 2, 4, 5, 8 қазандық агрегаттарын ағымдағы жөндеу, сондай-ақ қазандық агрегаттардың қосалқы қондырғыларын ағымдағы жөндеу (газ тазалау, шаң өзірлеу жүйелері, тартып үрлеу құрылғылары, қаптау жұмыстары, отын беру қондырғылары) жұмыстары орындалды.
10. Газ цехында 6 конденсат өткізгішті өзірлеу және монтаждау, № 3 газ тазалау пресскрубберінің суландыру су өткізгішін ауыстыру, № 2 газ тазалау тартпасының қоқыр бөлігін жөндеу жұмыстары орындалды.
11. Тазалау құрылғылары цехында № 1, 2 екінші мәрте тұндырманы, № 1, 4 бірінші мәрте тұндырманы, № 1-3 құм аулағышты, № 1 шикі тұнбаның сорғы станциясында шикі тұнбаны айдаудың № 2 сорғы агрегатын, божыған шикі тұнбаны айдаудың сорғы станциясында шикі тұнбаны айдаудың № 1 сорғы агрегатын жөндеу жұмыстары, ағын суларды қабылдау және айдау сорғы станцияларының грабельді бөлімінде 1-3 шиберлерін ауыстыру, № 2 грабельді торларын ауыстыру, орташа балшықты каналда азрация жүйесін қалпына келтіру, биологиялық тоғандарды белсенді балшық жиналуынан тазалау, № 2 құм алаңын тазалау, қайтарылатын балшықты «Самал» тазалау станциясындағы (ТС) аэротенк блогына беру жүйесін жөндеу жұмыстары жүргізілді.
12. Гидротехникалық құрылғылар мен гидротранспорт цехында (ГҚГТЦ) ҚИҚ-3 сорғы станциясынан ОҚСт дейінгі 200 м қоқыр өткізгішті, қоқыр айдау сорғы станциясынан ОҚС дейінгі 400 м № 1 қоқыр өткізгішті, ОҚС-1-ден КҚЖ дейінгі 300 м № 1, 2, 3, 4 қоқыр өткізгішті ауыстыру жұмыстары жүргізіліп, ФЗО-4,5, ФҚЦ-те жарықтандырылған су өткізгішін монтаждау орындалды.
13. Автотранспорт басқармасында кокс-химиялық өндіріс қалдықтарын айдау үшін ассенизаторлық машина, қар балқыту құрылғысы сатып алынды.

### 2020-2024 жылдары Қарағанды облысында экологиялық мәселелерді кешенді шешу бойынша Жол картасын әзірлеу бойынша прогресс

2020 жылы АМТ-да Қарағанды облысы әкімі мен ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі бекіткен 2020-2024 жылдары Қарағанды облысында экологиялық мәселелерді кешенді шешу бойынша Жол картасы орындауға қабылданды.

Жол картасын жасау барысында Теміртау қаласындағы экологиялық жағдайды жақсарту бойынша кешенді жоспар шаралары Отын ретінде табиғи газды пайдалану және онымен мазут пен қатты отынды ауыстыру туралы меморандум аясында нақты эмиссия көлемін 30 %-ға азайту бойынша қабылданған міндеттемелерді есепке ала отырып өзектендірілді. Жол картасында АМТ болат департаментінің 23 экологиялық жобаны жүзеге асыруы қарастырылған. Олардың ішінде негізгілері – атмосфералық ауаны, жер ресурстарын қорғау және өндіріс қалдықтарымен жұмыс істеу шаралары.



### Түр атауы: Виргин мойылы (*Párus virginiana*)

Кең және бұтақты бөрікбасы бар түспежапырақты ағаш, биіктігі 9 метрге дейін өседі, суыққа төзімді, декоративті және пайдалы жемісті өсімдік, мол гүлдейді және жеміс береді. Бақшалар мен саябақтарды көгалдандыру үшін кеңінен қолданылады.


Мойыл көптеген тамыр өсінділерін құрайды, бұл бірнеше көшет отырғызған кезде өзін-өзі қамтамасыз ететін және дамып келе жатқан популяцияны құруға мүмкіндік береді.

Экожүйелерде мойылдың бұталар және жануарлар мен құстардың өмір сүру ортасын құру ретіндегі ролі үлкен.

### Көгалдандыру жобасын жүзеге асыруда «АрселорМитталТеміртау» АҚ бұл түрдің

# 1400-ден

астам көшетін отырғызды.





## Экология бойынша чек-парақ

Экологиялық жағдайды жақсарту және экологиялық заңнамаларды сақтау үшін 2022 жылдың 3-тоқсанында темір-кен департаментінің бөлімшелерінде «Экология бойынша чек-парақ» бағдарламасы енгізіліп, жүзеге асырылуда. Жұмыстың мақсаты – өкілдіктер мен филиалдардың бас мамандарының тексеруі кезінде қоршаған ортаға әсер етудің барлық салаларын қамту. Бұл бағдарлама өндірістегі экологиялық қауіпсіздіктің әсерін күшейтуге және қоршаған ортаны қорғауға барынша көбірек жұмысшыны қатыстыруға мүмкіндік береді. Бас мамандар 6 айда 489 тексеру жүргізіп, 477 ескерту жасалды, оның 467-сі жойылса, 10-ы жойылу процесінде, берілген мерзім – 2023 жылдың қаңтарына дейін.

### Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай, көмір департаментінде түрлі шаралар ұйымдастырылды:

1. Компания қызметкерлерінің балалары арасында экологиялық тақырыпта балалардың сурет байқауы.
2. Абай қаласы № 10 мектебінің оқушыларына арналған қағаз бен пластикті ұтымды пайдалану туралы экосабақ.
3. қызметкерлердің экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған, көмір департаментінің қызметкерлеріне арналған экологиялық шаралар: Шахтинск қаласының орман белдеулерін тазалау бойынша челлендж, мини-футбол бойынша спорттық сайыстар, эко-флешмоб, «Эко след» тақырыбы бойынша мини-роликтер байқауы, пластик қақпақшаларды жинау бойынша «Игі қақпақша» жобасы және т.б.

Одан бөлек, Компанияда келесі шаралар өткізілді:

1. қоршаған ортаны қорғау және экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған эко жобаларға белсенді қатысқаны үшін болат департаментінің цехтары мен бөлімшелерін марапаттау. Марапаттау рәсімі үшін арнайы айрықша награда – «Ауыспалы кубок» тағайындалды. Ол жыл сайын жұмыс қорытындысы мен нәтижесі бойынша экология саласында барынша аз бұзушылыққа жол берген цехтан цехқа берілетін болады;
2. қызметкерлердің экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған, темір-кен департаментінің қызметкерлеріне арналған экологиялық шаралар: қызметкерлер арасында түрлі байқаулар, көшеттер отырғызу, «ЭкоПросвет» және «Қоршаған ортаға қамқорлық» экологиялық викториналары, Лисаковск филиалында «Қоршаған ортаны қорғау саласы кәсіпорындарының жұмысы туралы» ақпараттық бюллетені және т.б.

## «2020-2024 жылдары Қарағанды облысында экологиялық мәселелерді кешенді шешу бойынша Жол картасын» 2022 жылы жүзеге асыру шаралары:

Блок	Іс-шаралар	Күтілетін әсер/нәтиже	2022 жылғы орындалу статусы
Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың эмиссиясын қысқарту	Автоматты мониторинг құралдарын (газ талдауыш, шаң өлшеуіш) орната отырып, әктасты тұтандыру цехының айналмалы № 2 пешінің артындағы электр сүзгісін қайта құру	Атмосфераға бөлінетін шаң шығарындыларын жылына 120 тоннаға дейін азайту	Орындалған жұмыстар %-ы <b>70 %</b>
	Қолғаптық сүзгілерді орната отырып, агломерат бункерлері корпустарының шаң тазалау және агломерациялық цехтың әктасты ұсақтау шаң тазалау қондырғыларын қайта құру	Атмосфераға бөлінетін шаң шығарындыларын жылына 480 тоннаға дейін азайту	Агломерат бункерлерінің корпусы – <b>100 %</b> Әктасты ұсақтау корпусы, Орындалған жұмыстар – <b>82 %</b>
	№ 2 кокс цехының кокс сұрыптау аспирациялық құрылғыларын қайта құру (5 дана);	Атмосфераға бөлінетін шаң шығарындыларын жылына 100 тоннаға дейін азайту	Орындалған жұмыстар %-ы <b>80 %</b>
	ЖЭО-БАС және ЖЭО-2 қазандық цехтарының сақиналы және батареялық эмульгаторларын, электр сүзгілерін күрделі және ағымдағы жөндеу	Шығарындылардың нормативтерін сақтау Шаң шығарындыларын жылына 20 тоннаға дейін азайту	Жоспарлы жұмыстар жыл сайын жүргізіледі Жоспарлы жұмыстар жыл сайын жүргізіледі
	№ 1-4 кокс батареяларын жөндеу	Ұйымдастырылмаған шығарындыларды азайту	Жұмыстар орындалды, <b>100 %</b>
	№ 5 кокс батареясының өткізілетін газдар үшін түтін тұрбаларын демонтаждау және монтаждау	Жобалық тартылыс пен кокстану камераларының тұрақты қызуын қамтамасыз ету есебінен қызу камераларындағы толық жанбауды болдырмау	Жұмыстар орындалды, <b>100 %</b>
	Электр сүзгілерін орната отырып, № 5–7 агломашиналардың қақтау аймағының газ өткізуші трактын қайта құру	Атмосфераға бөлінетін шаң шығарындыларын жылына 2 100 тоннаға дейін азайту	№ 5 агломашинаның қақтау аймағы – <b>100 %</b> № 6, 7 агломашиналар бойынша орындалған жұмыстар %-ы – <b>45 %</b>
	Өткізілетін түтін газдарын тазалаудың жаңа жүйесін орнатып, №1 қазандықты салу	Органикалық емес шаң шығарындыларын жылына 600 тоннаға дейін, SO <sub>x</sub> – 300 тоннаға дейін төмендету	Орындалған жұмыстар %-ы <b>66 %</b>
	ЖЭО-БАС өткізуші газдары үшін түтін тұрбасын бөлшектеу және монтаждау	Атмосфераға бөлінетін ұйымдастырылмаған шаң шығарындыларын құбырлардың тартылысын арттыру есебінен 2 есе азайту (10 тонна)	Жұмыстар орындалды, <b>100 %</b>
	Өндіріс қалдықтарының теріс әсерін төмендету	Көмір дайындау цехының № 1,2 вагонды аударғыштарының шаң тазалау қондырғысын жобалау және қайта құру	Атмосфераға бөлінетін шаң шығарындыларын жылына 12 тоннаға дейін азайту
Кокс газын газ цехында күкіртсутегіден тазалау жүйесін күрделі жөндеу (қайта құру)		Кәсіпорынның СҚА шекарасында күкіртсутегінің ШРК сақтау (0,008 мг/м <sup>3</sup> )	Орындалған жұмыстар %-ы <b>52 %</b>
Күл-қоқыр жинағышты биіктету		Жер қыртысының ластануын болдырмау	Жұмыстар орындалды, <b>100 %</b>
	АМТ өндіріс пен тұтыну қалдықтарын басқару саясатына сәйкес қалдықтарды жою және өткізу, қайта өңдеу	Қоймалау көлемін жылына 1,3 млн тоннаға төмендету	Жұмыстар орындалды, <b>100 %</b>





## Экологиялық шығындар мен төлемдер

2-27

АМТ-ның қоршаған ортаны қорғауға 2022 жылғы жалпы шығындары **17,2 млрд теңгені құрады.**

Шығындарға табиғатты қорғау шаралары жоспарын, Экологиялық қор шараларын жүзеге асыру шығындары және қоршаған ортаны қорғауға салынған инвестициялар қосылған.

2021 жылғы есептік кезеңде 2020 жылмен салыстырғанда COVID-19 пандемиясы уақытында қондырғыларды жеткізудің кешігуіне байланысты табиғатты қорғау шаралары шығындарының айтарлықтай төмендеуі (50,2 %) байқалады. 2022 жылы жобаларды жүзеге асыруға қосымша техникалық шешімдерді әзірлеу есебінен 2021 жылмен салыстырғанда табиғатты қорғау шараларының шығындары 37,1 %-ға төмендеді.

Қарағанды облысында экологиялық мәселелерді кешенді шешу бойынша 2020-2024 жылдарға арналған

Жол картасын әзірлеу және жүзеге асыруды бастауға байланысты 2021-2022 жылдары 2020 жылмен салыстырғанда қоршаған ортаны қорғау бойынша жобаларға инвестициялардың айтарлықтай өсімі байқалады.

АМТ қоршаған ортаға теріс әсері үшін төлемдері 2022 жылы 5,05 млрд теңгені құрады. Төлемдердің 63 %-ы стационарлы көздерден болатын шығарындыларға жатады және 3,2 млрд теңгені құрайды. Ал өндіріс қалдықтарын орналастырудан болатын төлемдер үлесі 31 % немесе 1,58 млрд теңгеге тең.

## АМТ қоршаған ортаны қорғау шығындары, млрд теңге

	2020			2021			2022		
	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен
Табиғатты қорғау іс-шаралары шығындары	15,20	1,00	0,10	7,20	0,57	0,32	4,30	0,56	0,24
Қоршаған ортаны қорғауға салынған инвестициялар	0,02	0,50	0,11	9,16	0,09	0,04	11,58	0,45	0,08
<b>Барлығы:</b>	<b>15,22</b>	<b>1,50</b>	<b>0,21</b>	<b>16,36</b>	<b>0,66</b>	<b>0,36</b>	<b>15,88</b>	<b>1,01</b>	<b>0,32</b>

## Қоршаған ортаға теріс әсері үшін төлемдер, млрд теңге

	2020			2021			2022		
	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен
Стационарлы көздерден болатын шығарындылар	2,52	0,22	0,04	2,89	0,24	0,03	2,91	0,27	0,03
Ағызулар	0,15	0,01	0,02	0,17	0,02	0,02	0,16	0,01	0,02
Қалдықтарды орналастыру	1,27	0,17	0,14	1,49	0,19	0,14	1,21	0,21	0,15
Жылжымалы көздерден болатын шығарындылар	0,03	0,02	0,01	0,03	0,02	0,02	0,03	0,02	0,02
<b>Барлығы:</b>	<b>3,96</b>	<b>0,42</b>	<b>0,21</b>	<b>4,57</b>	<b>0,47</b>	<b>0,21</b>	<b>4,31</b>	<b>0,51</b>	<b>0,23</b>

## АМТ табиғатты қорғау заңнамасын бұзғаны үшін есептелген және төленген айыппұлдар


Көрсеткіш	2020	2021	2022
Есептік кезеңде төленген айыппұлдардың жалпы саны	15	33	55
Есептік кезеңде есептелген және төленген айыппұлдардың ақшалай құны, млрд теңге	0,01	1,38	0,06
Өткен есептік кезең үшін есептелген және осы есептік кезеңде төленген айыппұлдардың жалпы саны	-	1	1
Өткен есептік кезең үшін есептелген және осы есептік кезеңде төленген айыппұлдардың ақшалай құны, млрд теңге	-	1,88	0,001

Есептік кезеңде заңдар мен табиғатты қорғау заңнамасының нормативтік актілерін сақтамау жағдайлары үшін ақшалай құны


**0,06** млрд теңге болатын


**55** айыппұл төленді.

## АМТ 2022 жылғы қоршаған ортаны қорғау шығындары, %



## АМТ бойынша 2022 жылғы қоршаған ортаға теріс әсері үшін төлемдер, 5,05 млрд теңге, %





Ластаушы заттар шығарындылары

3-3

БІЗДІҢ  
КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

305-7

АМТ ластаушы заттар шығарындылары бойынша мәселелерді басқаруды Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасы және Компанияның экология саласындағы саясатын басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

Компания атмосфералық ауаға теріс әсер тигізетіні үшін жауапкершілікті сезіне отырып, қалада да, сонымен бірге жалпы өңірде де экологиялық қысымды төмендету бойынша шаралар қолданылады.

2020 жылғы наурызда Теміртау қаласы әкімдігімен, Қарағанды облысы бойынша экология департаментімен және «Қазгидромет» РМК филиалымен Қолайсыз метеорологиялық жағдай (ҚМЖ) туындаған жағдайда қоршаған ортаны қорғау бойынша ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. ҚМЖ жағдайында комбинат өндірісі мен цехтың технологиялық қондырғыларынан атмосфераға бөлінетін шығарындыларды қысқартуға бағытталған іс-шаралар жоспары қайта қаралды. Компания ҚМЖ кезеңіне әзірленген іс-шаралардың орындалуына бақылау жасалады, технологиялық параметрлерді бақылау есебінің журналы жүргізіледі.

Ластаушы заттардың шығарындыларын азайту бойынша іс-шаралар

Болат департаменті

Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттар шығарындыларын азайту мақсатында болат департаментінде келесі шаралар атқарылады:

ЖЭО-БАС жаңғырту

ЖЭО-БАС қазандық цехы эмиссиялардың негізгі көзі болып табылатындықтан, Компания басшылығы цехта технологиялық және экологиялық қондырғыларды жаңғырту туралы шешім қабылдады. 2021 жылдан бері цехта жаңа № 1 қазандықты салу бойынша жобамен жұмыс жүргізілуде.

Жаңа қазандық көптеген параметрлер бойынша бұрынғы қазандықтардан жақсы:

- газ тығыздығы жақсы;
- техникалық сипаттамалары жоғары;
- функционалды мүмкіндіктері көбірек;
- қатты, және газ пішінді отынмен де жұмыс істейді.

Тозған қазандық өндірістік қуаттылығы бойынша сағатына 220 тонна бу өндіре алса, жетілдірілген қазандық дәл осы уақытта 250 тонна бу өндіреді. Жаңа қазандық бес отын түрімен жұмыс істей алады: көмір, мазут, кокс, домна газы және табиғи газ. Сондықтан жаңа мүмкіндіктерге ие №1 қазандық – цехтың бүгінгі мен болашағына салынған жақсы инвестиция болып табылады.

Жаңа қазандықта газ тазалаудың екі сатылы жүйесі орнатылған. Ол шаң шығарындылары мен газдан бөлінетін күкірттің қостотығының атмосфераға таралу деңгейін барынша төмендетуге мүмкіндік береді. Сақиналы



ЖЭО-2-де №7 қазандықты салу



ЖЭО-2-дегі №7 қазандықтың құрылысы аясында заманауи шаң тазалау қондырғысы орнатылады. Жаңа қазандық түрлі отын түрімен жұмыс істей алады, бұл ластаушы заттардың атмосфераға шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді.

Келесі жұмыстар орындалды:

1. 36-48 осіндегі бас корпус ғимаратын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары – 95 %.
2. Бас корпус ғимаратын әйнектеу – 80 %.
3. Бас корпус ғимаратының шатырын салу – 75 %.
4. Конвейер орнату, шаң және көмір шикізаты үшін бункер қою – 100 %.
5. Қазандықтың қаңқасын жасау – 75 %.
6. Тартып үрлеу қондырғысын орнату – 67 %.
7. Газ өткізгіштер орнату – 30 %.
8. Жүк көтеру механизмдерін орнату – 80 %.
9. Өк шаруашылығын салу – 100 %.
10. Қызмет көрсету алаңдарын жасау – 80 %.
11. Эмульгаторлардың бірінші кезегін салу – 30 %.
12. Қондырғы астына іргетас жасау – 100 %.







## #GreenAMTeam

АМТ Теміртау қаласының іші мен айналасын көгалдандыру бойынша экологиялық жобаны жүзеге асырады. Ол ауа құрамындағы шаңның үлесін азайтуға мүмкіндік береді. Жоба толықтай Компанияның ақшасына қаржыландырылады.

Аталған жоба аясында келесі шаралар **орындалды**:

- 2022 жылғы тамызда Теміртауды көгалдандыру жобасы аясында АМТ Ө.Н. Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы және аграрлық орман мелиорациясы ғылыми-зерттеу институтымен («Ө.Н. Бөкейхан атындағы ҚазОШАҒЗИ» ЖШС) және Қарағанды орман және жануарлар әлемін қорғау шаруашылығымен шартқа қол қойды.
- «Ө.Н. Бөкейхан атындағы ҚазОШАҒЗИ» ЖШС әзірлеген 2022-2026 жылдарға арналған Теміртау қаласының айналасында «Жасыл белдеу» құру бойынша жұмыс жобасы аясында жасыл желек отырғызу үшін бөлінген 688 га жер учаскелерінің жер қыртысына зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша аумағы 344 га болатын II және III санатты орманға жарамды учаскелер анықталды.
- 2022 жылы Компания Теміртау қаласында 16 га (5 учаске) жерде 100 000 көшет отырғызды. Отырғызылған көшет түрлері: шаған жапырақты үйеңкі, пирамида сияқты терек, ақтерек, сібір алмасы (дичка), сарғылт қарақат, бұтақты қараған (сары қараған), виргин мойылы, ұсақ жапырақты шегіршін, тал.
- 2022 жылы Теміртау қаласының айналасында игерілген 102 га аумақта ұсақ жапырақты шегіршін мен шаған жапырақты үйеңкінің екпе көшеттері отырғызылды.



Аталған жоба аясында келесі іс-шаралар **жоспарланып отыр**:

- 2023 жылы «Жасыл белдеудің» қалған 242 га аумағын көгалдандыру жоспарланған (шамамен 525 000 дана екпе көшет).
- Отырғызу жұмыстары 2023 жылғы күзде аяқталады, **күтім жұмыстары келесі 3 жыл бойы (2026 жылға дейін) жалғасады**.
- Көгалдандыру жобасы аясындағы жалпы ағаш отырғызу аймағы 360 га болса, оның ішінде 344 га – Теміртау қаласының айналасы және 16 га – қала ішінде.

Отырғызылатын материалдардың жалпы саны

**1 056 000**  
дана

оның ішінде шамамен

**200 000**  
дана


қосымша отырғызу материалы бар

Аумақтарды көгалдандырумен тек мердігер ұйым жұмысшылары ғана айналысқан жоқ, сонымен бірге Компанияның көптеген қызметкерлері, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, мектеп оқушылары да көшет отырғызу ісіне қатысты.

Қаладағы «Металлург» стадионының артында жасыл саябақ пайда болды. Бұл жердің басты ерекшелігі дәл осы аллеялар болып табылады. Саябақта ерекше аллеялар үшін учаскелер берілген, олардың әрбірінде көшеттерді өкілдері отырғызған бөлімше, қоғамдық бірлестік не еншілес компания атауы жазылған тақтайша орнатылды. Уақыт өте келе аллеяны жасауға атсалысқандар мұнда келіп, өз еңбегінің нәтижесін тамашалай алады.

Бұдан бөлек, Компания Теміртау қаласының тұрғындарына көшет тарату акциясын өткізіп, АМТ аумағының санитарлық-қорғаныс аймағын көгалдандырады. Атап өту керек, қала тұрғындары көшет отырғызғаннан кейін оның күтімін де өз мойнына алады.

**СҚА аумағын көгалдандыру мақсатында 2021-2022 жылдары жапырақты тұқымдастардың 8 400-ден астам көшеті отырғызылса, қаланы көгалдандыру үшін Компания 14 000-нан астам жапырақты және бұтақты тұқымдастардың көшетін берді.**



## Көмір департаменті

**АМТ көмір департаментінде есептік кезеңде ауа алабын қорғау бойынша табиғатты қорғау шаралары жоспарының көлесі іс-шаралары орындалды:**

- Шаңды басу, өнеркәсіп алаңдарының технологиялық автожолдарын, карьер мен үйінді жолдарын, автокөлік цехының аумағын (суғару);
- Шаң аулаушы қондырғыларды жөндеу, уақытылы қызмет көрсету;
- Автокөлік қозғалтқыштарының улағыштық деңгейін есептеу және бақылау;
- Қазандық шахтасының көмір қоймасын қоршаумен жабдықтау бойынша жұмыстарды жүргізу;
- Ұйымдастырылған көздер мен СҚА шекарасында құралдармен өлшеу жүргізу.

Жыл сайын В. И. Ленин атындағы шахтада атмосфераға бөлінетін эмиссия мөлшерін азайту үшін қазандықта жылу энергиясын және газ генераторында электр энергиясын өндіруге арналған шахталық метан қолданылады. 2022 жылы қолданылған метан газының жалпы көлемі 3 437 мың м<sup>3</sup> (2021 жылы – 9 345 мың м<sup>3</sup>) болды. Бұл көмір шығындарын үнемдеу есебінен атмосфераға бөлінетін парник газдары шығарындыларын азайтуды қамтамасыз етті.

Жыл сайын көмір департаментінің кәсіпорындары Экология департаментіне құрамында ПХД (полихлорланған дифенил) бар қондырғылар есебінің жаңартылған тізілімін өткізеді. Энергетикалық май толтырылған қондырғыларды зертханалық сынау нәтижесінің негізінде 2022 жылы И. А. Костенко атындағы шахтасы мен «Энергоуголь» ӨБ-ның қондырғыларында ПХД бары расталды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы мәлімет бойынша, мердігер ұйыммен жасалған шартқа сәйкес, И. А. Костенко атындағы шахта құрамында ПХБ бар 61 конденсатор берілді, «Энергоуголь» ӨБ 96 конденсаторды өткізді. Жыл ішінде қондырғыларда ПХД жоқтығы туралы түгендеу номері мен этикеткалары жаңартылды.




## Темір-кен департаменті

Шығарындылар нормативтерін сақтау мақсатында жыл сайын қоршаған ортаны қорғау шаралары жүргізіледі. 2022 жылы Лисаковск филиалының ТБК фабрикасының ұсақтау учаскесінде № 1 және № 2 аспирациялық-техникалық құрылғыларды жөндеу жұмыстары аяқталды. Вентури құбырлары, СИОТ скрубберлері, түтін сорғыштар мен ауа өткізгіштерді толықтай ауыстыру жүзеге асырылды. Қондырғылар жұмысының тиімділігін есептеу және жөндеу-іске қосу жұмыстары атқарылып, пайдалануға берілді. Орындалған жұмыстар атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары бойынша белгіленген лимиттерді асырмауға мүмкіндік береді. Өзге кеніштер де назардан тыс қалған жоқ. «Өркен» ЖШС «Өркен – Атасу» өкілдігінде ажарлағыш білдектің әсерінен шаңданған ауаны тазалау үшін тазалау аппараты сатып алынса, «Өркен» ЖШС «Өркен – Кентөбе» өкілдігінде екі қазандықтан бөлінетін ұсақ құрғақ шаңды (күлді) аулауға арналған ЦН-15 шаң тазалау құрылғысы енгізіліп, толық қуатта пайдаланылады. «Өркен» ЖШС «Өркен – Атансор» өкілдігінің ұсақтау-байыту фабрикасында шаңданған ауаны тазарту үшін циклонды типті жаңа аспирациялық құрылғы пайдалануға берілді.

### АМТ атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындылары, мың тонна/жыл

Көрсеткіш	2020	2021	2022	2021 жылмен салыстырғандағы 2022 жылғы өзгеріс, %
Шаң	30,88	28,38	<b>29,87</b>	<b>5,3 %</b>
NO <sub>x</sub>	14,60	13,98	<b>15,12</b>	<b>8,1 %</b>
SO <sub>x</sub>	49,49	52,29	<b>51,02</b>	<b>-2,4 %</b>
CO	130,30	128,03	<b>122,54</b>	<b>-4,3 %</b>
Басқалар	0,70	0,54	<b>0,62</b>	<b>15,0 %</b>
Қатты бөлшектер (PM)	0,01	0,01	<b>0,01</b>	<b>-2,5 %</b>
Ұшатын органикалық қоспалар (VOC)	0,33	0,38	<b>0,44</b>	<b>16,4 %</b>
<b>Барлығы</b>	<b>226,27</b>	<b>223,60</b>	<b>219,62</b>	<b>-1,8 %</b>

### Ластаушы заттардың түрлері бойынша жалпы шығарындылары, 219,62 мың тонна, %



2022 жылы Компанияның атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларына CO көміртек тотығы (55,8 %), SO<sub>x</sub> (23,2 %), шаң (13,6 %) және NO<sub>x</sub> (6,9 %) көбірек үлес қосса, ең азы – ұшатын органикалық қосындылар (VOC) (0,2 %), қатты ұсақ қалдықтар (PM) (0,005%) және басқалар (0,3 %) болды.

### Шығарындылардың негізгі көздері:

- **шаң бойынша** – агломерациялық цехы, ЖЭО-БАС, ЖЭО-2. Олардың үлесіне АМТ жалпы шаң шығарындыларының 77 %-ы тиеді. Шаң эмиссиясы минералдық шикізат, отын (күлділігі) сапасына және шаң тазалау қондырғыларының жұмыс тиімділігіне тәуелді.
- **күкірт қостотығы бойынша** – агломерациялық цех, ЖЭО-БАС, ЖЭО-2. Олардың үлесіне комбинаттың жалпы күкірт ангидрит шығарындыларының 94 %-ы тиеді. Күкірт қостотығының шығарындылары агломерация

кезіндегі кен қоспасының (негізінен Кентөбе кеніші), мазуттың, қатты отын және аралық өнімнің құрамындағы күкіртке тәуелді.

- **көмір тотығы бойынша** – агломерациялық және конвертерлік цехтар. Олардың үлесіне жалпы көмір тотығы шығарындыларының 89 %-ы тиеді. Көміртек тотығының шығарындылары агломерация кезінде отынның толық емес жануымен және конвертерлік цехта шойын көміртегінің тотығуымен байланысты.


2022 жылы АМТ бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда ластаушы заттар шығарындыларының 1,8 %-ға жалпы төмендеуі байқалады. Атап айтқанда, CO шығарындылары 4,3 %-ға, SO<sub>x</sub> – 2,4 %-ға және қатты ұсақ бөлшектер (PM) – 2,5 %-ға төмендеді. Ал ұшатын органикалық қоспалар шығарындыларының (VOC) артуы лак-бояу материалдарының және электродтардың шығынының артуымен байланысты (1-қосымшаны қараңыз)

Болат департаментінде агломерат, шойын және болат өндірісінің төмендеуіне байланысты атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары 2021 жылмен салыстырғанда 2,6 % немесе 5 мың тоннаға азайды. Жалпы комбинат бойынша ластаушы заттардың меншікті шығарындылары болаттың тоннасына 60,1-ден 59,8 кг-ға төмендесе, шаң бойынша меншікті шығарындылар өткен жылмен салыстырғанда 6,1-ден 6,6-ға артты.

2022 жылы темір-кен департаментінің жалпы ластаушы заттар шығарындылары 2021 жылмен салыстырғанда 11,8 %-ға төмендеді. Бұл өндіріс және қайта өңдеу көлемінің азаюымен, аршу жұмыстарының

болмауымен (Лисаковск филиалы), ұсақтау-байыту фабрикасында (Атансор өкілдігі) жаңа аспирациялық қондырғыны пайдалануға берумен байланысты. Темір-кен департаментінде шығарынды көздерінің сапалық және сандық сипаттамаларының өзгеруіне байланысты ұшатын органикалық қосындылардың (VOC) 85,4 %-ға айтарлықтай азаюы байқалады.

2022 жылы күлділігі жоғары, сапасы төмен көмірді қолдануға байланысты көмір департаментінің шығарындылары 13,2 %-ға өсті.



### 2022 жылғы өнімнің бір тоннасына шаққандағы кг ластаушы заттардың меншікті шығарындылары

Көрсеткіш	Қатты болат	Өндірілген көмір	Темір-кен концентраты
Шаң	6,63	0,94	0,31
NO <sub>x</sub>	4,14	0,17	0,01
SO <sub>x</sub>	14,37	0,40	0,02



3-3

## ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС

306-2

### БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

Табиғи ресурстарға қамқорлық ісінде өндірістен барынша пайда тауып, бірақ мейлінше өте аз қалдық шығара отырып, қалдықсыз өндіріс құрудың маңызы зор. Компания металл сынығы мен болат өндірісінің қалдықтарын қайтадан қолдану (өзіндік не сыртқы кәсіпорындарда) мақсатында өз зауыттарында қайта өңдейді. Мұндай саясат Компания иелік ететін ресурстарды ақылмен пайдаланып, қосымша пайда табуға мүмкіндік береді.

АМТ қалдықтарды басқаруда Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамаларын, Компанияның Экология саласындағы саясатын басшылыққа алады.

Компаниядағы қалдықтар бойынша мәліметтерді жинау және мониторинг жасау автоматтандырылған салмақтық есепке алу жүйесі және дозиметрлік бақылау арқылы жүзеге асырылады, бұл шығарылатын және кіргізілетін қалдықтардың көлемін дәл есептеуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, әрбір цех ай сайын шығарылған қалдықтар туралы ақпаратты қамтитын есептілікті ұсынады. Ол тоқсан сайын мәліметтер базасындағы ақпаратпен салыстырылады.

Қалдықтарды қайта өңдеу және жою Компания ішінде де, сондай-ақ, келісімшарт негізінде сыртқы ұйымдарға беру жолымен оның сыртында да жүзеге асырылады. АМТ өкілдері сыртқы ұйыммен қалдықтарды қайта өңдеу бойынша келісімшарт жасасу алдында нормативтік құжаттардың сәйкестігін тексеру, қалдықтарды қайта өңдеуге не жоюға қажетті тиісті қондырғылардың барын растау мақсатында көшпелі аудит ұйымдастырады. Келісімшарт жасалған сыртқы ұйыммен қайталама инспекциялық аудит оның қалдықтарды қайта өңдеу және жою бойынша міндеттемелерді орындауы барысында жасалады. Мұндай тәжірибе негізінен қауіпті қалдықтар үшін қолданылады. Бүгінгі таңда мұндай көшпелі аудиттердің жиілігі регламенттелмеген, АМТ мердігер ұйымдарға тұрақты инспекциялық аудит жүргізуді қолданысқа енгізуді жоспарлап отыр.

Есептік кезеңде 2020–2024 жылдары Қарағанды облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу бойынша жол картасына сәйкес, АМТ болат департаментінде қоймалау көлемін азайту мақсатында АМТ өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару саясатына сәйкес жаңа қалдық жинағышты салу, сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдеу, жою және өткізу қажеттілігін жою және жер қыртысының ластануын болдырмау үшін күл-қоқыс жинағыш биіктету жұмыстары жүргізілді.

### #temirTAuZA\_QALA эко-челленджі

29 шілдеде болат департаментінің қызметкерлері #temirTAuZA\_QAIA эко-челленджіне қатысты. Қатысушылар Самарқан су қоймасы жағалауларының бірін қоқыс пен тұрмыстық қалдықтардан тазалады. **Акцияның мақсаты** – су қоймасын қоқыстан тазарту және адамдарды табиғатқа, оның ішінде су ресурстарына жанашыр болуға ынталандыру.

### Қалдықтардың қалыптасуы


306-1 306-3

Есептік кезеңде АМТ-да

**22,77** млн тонна қалдық қалыптасты

Қауіпті қалдықтардың қалыптасу көлемі


**2,99** млн тоннаны құраса бұл 2021 жылғы көрсеткіштен **8,7 %** -ға аз




### Компания бойынша қалдықтардың қалыптасу көлемі және айналым тәсілдері, млн тонна<sup>9</sup>

Қалдықтардың түрлері және олармен жұмыс істеу тәсілдері	2020			2021			2022		
	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен
<b>Қауіпті</b>									
Қалыптасты	3,19	0,10	-	3,16	0,10	-	2,87	0,12	-
Қалпына келтірілді	2,92	0,03	-	2,53	0,02	-	2,34	0,03	-
Жойылды	0,27	0,07	-	0,63	0,08	-	0,52	0,10	-
<b>Қауіпті емес</b>									
Қалыптасты	3,63	3,13	10,02	3,64	3,14	11,20	3,94	2,80	13,04
Қалпына келтірілді	1,35	0,31	0,16	1,19	0,27	0,32	1,14	0,17	0,28
Жойылды	2,28	2,55	9,86	2,45	2,53	10,79	2,80	2,28	12,56
<b>Барлығы</b>									
Қалыптасты	<b>6,82</b>	<b>3,23</b>	<b>10,02</b>	<b>6,80</b>	<b>3,24</b>	<b>11,20</b>	<b>6,81</b>	<b>2,92</b>	<b>13,04</b>
Қалпына келтірілді	<b>4,27</b>	<b>0,34</b>	<b>0,16</b>	<b>3,72</b>	<b>0,29</b>	<b>0,32</b>	<b>3,48</b>	<b>0,20</b>	<b>0,28</b>
Жойылды	<b>2,55</b>	<b>2,62</b>	<b>9,86</b>	<b>3,08</b>	<b>2,61</b>	<b>10,79</b>	<b>3,32</b>	<b>2,38</b>	<b>12,56</b>

### АМТ қалдықтардың қалыптасуы, млн тонна



### Өңдеу тәсілі бойынша АМТ қалдықтарының жалпы массасы, млн тонна



### Болат департаменті

Болат өндірісі үшін минералды шикізат пен отынның үлкен көлемін тұтынуына байланысты АМТ металлургиялық комбинаты Компанияның өзге департаменттерімен салыстырғанда шығаратын қалдықтарының көлемі бойынша алға шығады. Болат департаментінде есептік кезеңде қалдықтардың қалыптасу қарқыны бір тонна болатқа 1,98 тонна қалдықты құрады (2021 жылы бір тонна болатқа – 1,95 тонна және 2020 жылы – 2,06 тонна).

### Қарқынның өсуі өндірістің қауіпті емес қалдықтарының артуымен байланысты. Олар:

- көмірді байыту жынысы – қатардағы көмірдің күлділігінің жоғары болуына байланысты өндірілген көмірді қайта өңдеу көлемінің артуы есебінен;
- құрылыс қалдықтары – ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеу жұмыстарымен байланысты.

Есептік кезеңде қауіпті емес қалдықтар ішінде тұндыру машинасынан бөлінетін концентраттың азаюы есебінен көмірді байыту қалдықтарының қалыптасуы азайғаны (15,1%), сондай-ақ, шойын өндірісінің төмендеуімен байланысты кокс сұрыбының (17,7%) азаюы байқалды.

Болат департаментінде қауіпті қалдықтардың қалыптасуының жалпы төмендеуіне қарамастан, есептік кезеңде газ конденсатының қалдықтары 15,8%-ға артты, бұл кокс өндірісінің артуымен байланысты.

Металлургиялық өндіріспен байланысты қалдықтар үлесі 35,2%-ды құрайды. Олардың негізгі бөлігі металлургиялық бөлініске шикізат пен отынды дайындау сатысында және энергия тасымалдағыштардың жұмысы кезінде қалыптасады.

<sup>9</sup>Есептік жылда қалыптасқан қалдықтардың барлық көлемі қалпына келтіру/жойылуға жіберілмейді.



## Көмір департаменті

Көмір департаментінің қызметінде бір-бірінен үлкен айырмашылықтары бар кәсіпорындарында өндіріс пен тұтынудың 45-тен астам қалдықтар түрі қалыптасады. Олардың негізгілеріне келесілер жатады: өзіндік жинағыштарға (жыныстық үйінділер, қалдық қоймалары) орналасатын шахталық жыныс, флот қалдығы, күл-қож.

Қауіпті қалдықтарға күл-қоқыс жинағыш, істен шыққан шахталық өзін-өзі құтқарғыштар, майлар, сүзгілер, аккумуляторлар, майланған, тозған заттар, ағаш ұнтақтары, топырақ, құрамында сынап бар жарықтандырғыштар, ЖЖМ ыдыстары, ЛБМ ыдыстары, аспирациялық шаң жататын болса, қауіпті емес қалдықтарға флот қалдықтары, жыныстар, металл сынықтары, абразивті бұйым сынықтары, аспирациялық көмір шаңы, абразивті шаң, РТБ қалдықтары, шахталық су қоқырлары, құрылыс қалдықтары, ҚТҚ жатады.

Көмір департаментінің кәсіпорындарында жыныстық үйінділерді азайтуға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленген.

## Темір-кен департаменті

Темір-кен департаментінің кеніштерінде аршыма тау жыныстары, байыту қалдықтары, қоршаушы жыныс, қоқыр, күл-қоқыс жинағыш қалдықтары, күл аулағыш жүйенің күлі, құрылыс қалдықтары қалыптасады. Есептік кезеңде департаментте қалыптасқан қалдықтар көлемі 13,04 млн тонна болса, олардың 86 %-ы аршымалы тау жыныстарына тиесілі. Бос жыныстардың қалыптасу көлемі жоспарға сәйкес аршыма тау жыныстарының артуы есебінен өткен кезеңмен салыстырғанда 23,2 %-ға артты. Аспирациялық шаңның қалыптасу көлемінің төмендеуі кеңді қайта өңдеу және концентрат өндірісі көлемінің 50 % төмендеуі байланысты (1-қосымшаны қараңыз).


Қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобаларына сәйкес, темір-кен департаментінің барлық өкілдіктерінде полигон жинағыштарда орналасуы тиіс өндіріс және тұтыну қалдықтары келісімшарт негізінде сыртқы ұйымға беріледі. Қалдықтар уақытша контейнерлерде немесе жабдықталған алаңдарда сақталып, толуына қарай арнайы маманданған ұйымдарға жарты жылда бір реттен кем емес жиілікпен жіберіледі.

**Компания электронды құжат айналымы жүйесіне өтіп жатыр. Электронды құжаттарды қолдану есебінен АМТ қағаз қалдықтар мен қолданылған картридждер үлесін төмендетуде.**

## Қайта өңдеу және қайта қолдану

306-4

### АМТ қалпына келтірілген қалдықтар үлесі



2022 жылы АМТ-да қалыптасқан қалдықтарды қайта өңдеу үлесі төмендеп 17,4 % құрады. Болат департаментінде болат балқыту үйінділерінен металлургия өндірісінің қалдығын алу есебінен қалдықтарды қайта өңдеу деңгейінің төмендеуі орын алса, көмір департаментінде оған қалдықтар көлемінің азаюы себеп болды.

## Болат департаменті

Болат департаментінде 2022 жыл қорытындысы бойынша 3,5 млн тонна қалдық қалпына келтірілсе (2021 жылы – 3,7 млн тонна, 2020 жылы – 4,3 млн тонна), олардың 98,3 %-ын болат департаменті қайта өңдейді не ұйым ішінде қайталап пайдаланады, қалған бөлігін (1,7 %) сыртқы ұйымдарға жою мақсатында жібереді.

Қожды қайта өңдеуші цех отты-сұйық қождың барлық көлемін әрі қарай өткізу үшін өнім түріне (оның ішінде түйіршік түріндегі қож, қиыршық тас, ұсақ қалдықтар) қайта өңдеумен айналысады. Тауарлық өнім ретінде сыртқы ұйымдарға 0,45 млн тоннадан астам өнім өткізілді. 2022 жылы үйіндіден домналық қождың қосымша 0,16 млн тонна көлемі шығарылып, олар гидротехникалық құрылыс цехы, сумен қамту цехы және автотранспорт басқармасында пайдаланылды.

2022 жылы мердігер ұйымдар магниттік айыру жолымен үйіндіден болат балқыту қожын

шығарып, 0,24 млн тонна (2021 жылы – 0,30 млн тонна, 2020 жылы – 0,60 млн тонна) екінші қайтара қолданылатын материалдық ресурс (металлургиялық қалдықтар, қақ) ретінде агломерат, шойын және болат өндірісіне жіберді. Бұл 2021 жыл көрсеткішінен 20,0 % төмен.

2021 және 2022 жылдары болат балқыту қожын қайта өңдеудің 2020 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеуі болат балқыту қожы үйіндісінен металлургиялық қалдықты шығару көлемінің азаюымен байланысты.

Есептік кезеңде агломерат өндірісінде 0,85 млн тонна (2021 жылы – 0,97 млн тонна, 2020 жылы – 1,09 млн тонна) барлық қалыптасқан агломерат пен кокстың ұсақ қалдықтары, аспирациялық шаң, пешмойындық шаң, қақ, агломерациялық қож және кокс қожы пайдаланылды.

2022 жылы газ конденсатын қайталап пайдаланудың 2021 жылмен салыстырғанда 0,13 млн тоннадан 0,15 млн тоннаға (2020 жылы – 0,12 млн тонна) 15,8 % өсуі кокс өндірісі көлемінің артуымен байланысты.

Химиялық құрылғылар блогы істен шыққан желіндіру ерітіндісін қайта өңдеп оны одан әрі өндірісте пайдалану үшін қалпына келтірілген қышқыл мен темір тотығын алуға арналған. 2022 жылы 0,04 млн тоннадан астам қышқыл, 0,007 млн тоннадан астам темір тотығы қалпына келтіріліп, өндіріске жіберілді. Бұл қалыптасқан қалдықтардың 100 %-ына тең.

Технологиялық ағын суларды тазалаудан кейін қалған майлар мен май қождары сыртқы ұйымдарға әрі қарай қайта өңдеу және жақпа материалдарын алу үшін жіберіледі. 2022 жылы 0,004 млн тонна немесе 100 % қалдық майлар және құрамында майы бар илемдеу цехының қождары, май-қождары (шөгінділер) қайта өңделді.

Бұрын сыртқа шығарылып, химиялық қалдықтардың үйінділеріне орналастырылған коксхимиялық өндірістің қауіпті сұйық қалдықтары – фустар 2012 жылдан, ал 2015 жылдан бастап қышқыл жабысқақтар 100 % көлемде өндіріске қайта оралады. 2022 жылы 0,0004 тонна фус және 0,0004 млн тонна қышқыл жабысқақ жойылды.

Темір-бетон өнімдері мен металл конструкциялары цехында кәсіпорын цехының қалдықтарын (отқа төзімді кірпіш

миксерді тазалау қалдықтары, нафталин тазалаудан қалған алюмогель, еріткіш қалдықтары) қайта өңдеу ұйымдастырылды.

№ 3 қалдық қоймасы бойынша көмір флотациясының қалдықтарынан концентрат алу мақсатында қождар мен қалдықтарды тереңдету, қазу жұмыстары жүргізіледі. Ол қатты отынды ішінара ауыстыра отырып, ЖЭО-БАС-та қолдануға арналған. Алынған қож бен қалдықтардың басым бөлігі № 2 қалдық қоймасына тасымалданады (мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес, № 2 қалдық қоймасын қалпына келтіру № 3 қалдық қоймасының қожын пайдалану арқылы жүзеге асырылуы қажет).

Гартмырышты қайта өңдеу нәтижесінде қоспасыз таза мырыш өндіріске қайта жіберіледі, ал балқыту қалдықтары қайта өңдеу және мырышты ақ сыр мен тыңайтқыштар өндіру үшін ұйымдарға жіберіледі. 2022 жылы 0,002 млн тоннадан астам гартмырыш қайта өңделді.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қағаз бен пластик қалдықтар полигонында орналастыруға тыйым салатын экологиялық заңнама талаптарына сәйкес, АМТ цехтары мен бөлімшелерінде істен шыққан қағаздар мен пластик бөтелкелер қалдықтарын бөлек жинау бойынша жұмыс ұйымдастырылды. Қалдықтарды жою мақсатында сыртқы ұйымдарға жіберіледі. 2022 жылы 0,0001 млн тоннадан астам қағаз бен пластик қалдықтары жиналып, қайта өңдеуге жіберілді.

## Көмір департаменті

Көмір департаментінде есептік кезеңде 0,2 млн тонна (2021 жылы – 0,3 млн тонна, 2020 жылы – 0,3 млн тонна) қалдық қалпына келтірілсе, олардың 98,1 %-ын көмір департаменті өзінің қажеттіліктері үшін қайталап пайдаланады, қалған 1,9 % үлесін (қара және түсті металдардың сынықтары және ұнтақтары) болат департаментіне қайта өңдеу мақсатында жібереді.

Шахталық жыныс пен күл-қоқыс жинағыш кірме жолдарын төсеу, кірме жолдарын су басуының және саздануының алдын алу және қалпына келтіру үшін ішінара қолданылады. Одан бөлек, көмір департаментінің кәсіпорындарында қалдықтың келесі түрлері ішінара қолданылады: резервуарларды тазалау кезінде қалыптасатын мұнай қожы, қолданылған майлар, қолданылған кварц құмы, ағаш өңдеу қалдықтары, өсімдік шаруашылығы қалдықтары,

резина қалдықтары, жылу оқшаулағыш қалдықтары, ЛБМ қондырғысының ыдыстары, ЖЖМ қондырғысының ыдыстары, істен шыққан арнаулы киімдер.

## Темір-кен департаменті

Темір-кен департаментінде 2022 жылы өзіндік қажеттіліктерге қайталап қолданылатын қалдықтардың көлемі 0,28 млн тоннаны (2021 жылы – 0,32 млн тонна, 2020 жылы – 0,15 млн тонна) құрады. Бұл қалыптасатын қалдықтардың жалпы көлемінің 2,2 %-ын құрайды.

Темір-кен департаментінде ұсақтау-байыту фабрикасында магниттік айыру кезінде қалыптасатын байыту қалдықтары қоймада жиналып, толық көлемде өзіндік қажеттіліктерге, оның ішінде жолдарды төсеу және қалыптастыруға пайдаланылады.



## Қалдықтарды орналастыру 306-5

### Болат департаменті

Есептік кезеңде маңызды экологиялық және әлеуметтік жоба – күл-қоқыс жинағыш бөгеттің құрылымын биіктете отырып күшейту жобасын жүзеге асыру аяқталды. Бұл жоба бөгеттің құрылымын күшейтіп қана қоймай, жаңа өндіріс қалдықтары қоймасын салу қажеттілігін жойды. Сәйкесінше қосымша жер ресурстарын ластаудың алдын алды.

Бөгеттің құрылымын күшейту кезінде материал ретінде домна қожы пайдаланылып, бұл жинақталған техногенді минералдық заттардың (домна қожы) көлемін азайтуға мүмкіндік берді және



аумақта қож бен күл-қоқыс жинағыш қалдықтарының үйілуінің алдын алды. Бөгеттің құрылымын күшейту және биіктету жобасы бойынша күл-қоқыс жинағыш қоймасы батыс және шығыс секцияларға бөлінді. 2022 жылы батыс секция бойынша қайта құру жұмыстарының нәтижесінде қойманың көлемі 18 млн м<sup>3</sup> артса, бөгет 101,3 метрге биіктеді. Бұл күл-қоқыс жинағышты пайдалану мерзімін 14 жылға ұзартады. Дәл осындай жұмыстарды шығыс секциясында да орындау жоспарланған.

Бөгетті биіктету жобасының аясында 2022 жылы мердігер ұйымдардың күшімен күл-қоқыс жинағыш тұтастығы мен тұрақтылығына мониторинг жасау жүйесінің автоматтандырылған құралы монтажданды. Бұл ретте сүзулік зерттеулер үшін пьезометр, ал бөгет қабырғасының жағдайын (қисаю бағыты, өлшемі, жылдамдығы) анықтау үшін инклинометр қолданылды. Бұдан бөлек, халықаралық компания АМТ барлық қондырғыларына спутниктік мониторинг жүргізеді. Мониторинг мәліметтері автоматтандырылған есеп жүйесінде сақталады.

Күл-қоқыс жинағышты кезең-кезеңмен қалпына келтіру жобасы әзірленген. Бірінші кезеңді бастаудың алдын ала мерзімі 2045 жылға белгіленген.

### Көмір департаменті

2022 жылы 2,4 млн тонна (2021 жылы – 2,6 млн тонна, 2020 жылы – 2,6 млн тонна) қалдық жойылды, олардың барлығы дерлік (99,9 %) Компания аймағында орналастырылды және жойылды. Қалған 0,1 % бөлігі сыртқы ұйымға жою мақсатында берілді. Орналастырылатын қалдықтардың негізгі бөлігін көмір өндірісінде жанама өнім болып саналатын жыныстар құрайды.

### Темір-кен департаменті

2022 жылы темір-кен департаментінде 11,6 млн тонна (2021 жылы – 9,98 млн тонна, 2020 жылы – 9,16 млн тонна) қалдық және 0,93 млн тонна аршыма тау жыныстары мен байыту қалдықтары Компания шегінде қалпына келтіру жұмыстары үшін пайдаланылды.

2022 жылы темір-кен департаментінің байыту қалдықтарын орналастыру көлемінің өткен кезеңмен салыстырғанда 47 % (1-қосымшаны қараңыз) төмендеуі кенді өндіру және қайта өңдеу көлемінің азаюымен байланысты.

### Қалдық қоймалары

Компания қалдық қоймаларының қауіпсіздігін басқару бойынша өз қызметінде тиісті заңнаманы, өндірістік-техникалық нұсқаулықты, апатты жою жоспарын, Қалдық қоймаларын басқару бойынша жаһандық салалық стандартты (GISTM) және халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.

Болат департаментінің аумағында сыйымдылығы 23,8 млн м<sup>3</sup> № 2 қалдық қоймасы (қазір пайдаланылмайды) және қолданыстағы сыйымдылығы 18 млн м<sup>3</sup> № 3 қалдық қоймасы бар. № 2 қалдық қоймасын қалпына келтіру және консервациялау жұмыстарын 2030 жылға дейін аяқтау жоспарланған.

Айта кету керек, болат департаментінде құрғақ қоймалауға көшу жобасы әзірленген және болашақта қоюлатқыштарды іске қосқаннан кейін пасталық сақтау әдісін қолдану жоспарланып отыр. Бұл қоршаған ортаға қысымды азайтып, капиталды салымдарды азайту есебінен экономикалық пайданы арттыруға мүмкіндік береді.

Темір-кен департаментінде 1972 жылдан бері жобалық сыйымдылығы 212 млн м<sup>3</sup> және қалдықтардың жалпы массасы 91,5 млн тонна (жобалық салмағы 340 млн тонна) болатын негізгі қалдық қоймасы қолданылады. Одан бөлек, сыйымдылығы 1,5 млн м<sup>3</sup> апаттық қалдық қоймасы пайдаланылады. 2022 жылы мердігер ұйым бөгет, тірек призмасы, апаттық және негізгі қалдық қоймаларының табан жағалауына топографиялық түсірілім (қалыптасқан қалдық көлемін, жиналған су көлемін, қалдық қоймасының сыйымдылығын анықтау) және төрт магистральді және таратушы пульпа өткізгіштеріне түсірілім жасалды.

АМТ көмір департаментінде Қарағанды облысының Абай қаласында жаңа № 2 қалдық қоймасы пайдаланылады. Қалдық қоймасының сыйымдылығы 10,2 млн м<sup>3</sup>, сыятын қалдықтардың жалпы массасы 1,6 млн тонна. Сыйымдылығы 8,2 млн м<sup>3</sup> және төгілген қалдықтардың жалпы массасы 6,9 млн тоннаны құрайтын ескі қалдық қоймасы қолданыстан шығарылды.



## СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

3-3

303-1


### БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ



АМТ суды жауапкершілікпен қолдану бойынша міндеттемелерді сақтаудың маңызын сезіне отырып, су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету және ағын сулардың сапасын жақсартуға айрықша көңіл бөледі. Компанияның экология саласындағы саясаты су ресурстарына теріс әсерді, оның ішінде ластаушы заттарды ағызуды азайту және болдырмауды қарастырады. АМТ Теміртау қаласының тұрғындарын жылу, ыстық сумен қамтамасыз етіп, көріздік ағын суларды тазалаумен айналысады.

Компания өндірістік циклдің барлық кезеңдерінде су ресурстарын пайдаланады. Өндірістік қажеттіліктер үшін сумен қамтамасыз ету жердің беткі қабатындағы су нысандарынан, жерасты су көздерінен, қалалық сумен қамту жүйелерінен су алу жолымен жүзеге асырылады. Aqueduct платформасының мәліметтеріне сәйкес, АМТ өндірістік алаңдарының негізгі бөлігі орташа су ресурстарының жетіспеушілігіне ие аймақтарда орналасқан. Тек қана бір алаң (Ұлытау облысындағы Атасу кеніші) су ресурстарының жетіспеушілігі өте жоғары аумақта жұмыс істейді.

### Aqueduct платформасына сәйкес АМТ өндірістік алаңдарының су жетіспеушілігі тәуекел деңгейінің картасында<sup>10</sup> орналасуы



88 <sup>10</sup>Су жетіспеушілігі тәуекелінің деңгейі жалпы қолданылатын су көлемі мен жерүсті және жерасты су қорларынан қолданылатын жаңартылатын судың ара қатынасы арқылы айқындалады.



АМТ барлық үш департаментінде айналымды сумен қамту жүйесі жұмыс істейді. Тазартылған суды технологиялық мақсатта қайта пайдалану су тұтыну көлемін азайтып, қоршаған ортаға түсетін қысымды төмендетеді. Айналымды сумен қамту жүйесінің тиімділігін арттыру үшін АМТ-да Су шаруашылығы бойынша стратегия әзірленуде. 2022 жылы Компанияның су шаруашылығын зерттеу бойынша жұмыстар жүргізіліп, оларды 2023 жылдың бірінші тоқсанында аяқтау жоспарланып отыр. Болат департаментінде тұйық айналымды циклді құру жобасын әзірлеу мақсатында суды салқындатқыш тоғанға ағызу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары басталды.

Көмір департаментінің кәсіпорындарында оқшауланған тазалау құрылғыларының (шахталық су тұндырмаларының қабылдау құдықтарын тазалау, жуу, жөндеу) құрамында шағын резервті ыдыстар жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шараларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Темір-кен департаменті бұған дейін кәсіпорынның су ресурстарына әсерін анықтау мақсатында жүргізген зерттеуінің нәтижелерін, сонымен қатар өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы аясында су ресурстарына мониторинг жүргізу, су тұтыну және су ағызу есебін жүргізу, тазалау құрылғыларын пайдалану ережелерін сақтау талаптарын ескере отырып, өндірістік операцияларды жүзеге асырады.

### Болат департаменті

Болат департаментінде таза су Самарқан су қоймасынан ЖЭО-БАС салқындату үшін және Қ. Сәтпаев атындағы арнасынан технологиялық қажеттіліктер (химиялық тазартылған және тұзсыздандырылған су дайындау) үшін алынады. ЖЭО-2 қондырғыларын салқындату үшін және айналымдық цикл шығындарын толтыру үшін салқындатқыш тоғаннан су алынады. Күл-қоқыс жинағыш, № 3 қалдық қоймасының, сорғы және газ тазалау станцияларының, металлургиялық комбинат цехтарының айналымдық суы гидро күл жою, газ тазалау

құрылғыларында, илемдеу цехтарында жолақтарды суыту үшін қолданылады. Сергиопольдің Жоғарғы бьефі кен орнындағы жерасты ұңғымалардан алынатын ауыз су технологиялық және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарда қолданылады.


Есептік кезеңде өндірістік қажеттіліктерге таза суды пайдаланудың үлесі<sup>11</sup> өндірілген болаттың бір тоннасына 62,7 м<sup>3</sup> сәйкес келеді.

### Су алу


303-3

Есептік кезеңде АМТ су алудың жалпы көлемі 240,82 млн м<sup>3</sup> құрады (қосымшаны қараңыз). Компанияда су шығынын есепке алу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19/1-274 бұйрығымен бекітілген «Суды алғашқы есепке алу» ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Болат департаментінде суды мейлінше беткі су нысандарынан алу жүзеге асырылса, темір-кен департаменті үшін судың негізгі көзі технологиялық процестерге сәйкес келетін шахталық сулар (94 %-ға дейін) болып табылады.

### АМТ бойынша су алу, млн м<sup>3</sup>




### АМТ 2022 жылғы су алу көздері




Темір-кен және көмір департаменттерінде қайталап қолданылатын су көлемін төмендету есебінен Компанияның айналымдық сумен қамту үлесінің азаюы байқалады.


### АМТ бойынша айналымды сумен қамту үлесі



### АМТ таза суды өндірістік қажеттіліктер үшін пайдалануы



### Бір тонна болатқа шаққандағы суды алу және ағызудың бөлшек көрсеткіштері



### Көмір департаменті

Көмір департаментінің шаруашылық-тұрмыстық, технологиялық және қосалқы қажеттіліктері үшін су жерасты су орындарынан алынады. Технологиялық қажеттіліктер үшін тазартылған шахта суы пайдаланылып, нәтижесінде шахта алаңдарын құрғату жүзеге асырылады. 2022 жылы көмір өндіру көлемінің төмендеуіне қарамастан, жалпы су алу көлемі департаментте 20% артты. Бұл көмірді байыту көлемінің артуымен байланысты.

### Темір-кен департаменті


Темір-кен департаментінің шаруашылық-ауыз су, нысандарды техникалық және қосалқы сумен қамту қажеттіліктері үшін су жерасты су орындарының ұңғымаларынан және қалалық су құбырынан алынады. Су алу арнайы су пайдалануға алынған рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

Темір кенін өндіру процесімен тау ұңғымалары мен ашық карьерлердің қалыптасуы кезінде судың жердің беткі қабатына шығып жиналуы қатар жүреді.

Департамент кеніштері суды сорып алып, оны темір-кен департаментінің технологиялық қажеттіліктеріне жұмсауға мүмкіндік беретін сорғы станцияларымен жабдықталған. Шахталық су техникалық және өндірістік (бұрғылау білдектерінің, перфораторлардың жұмысы, кенді өндіру және ұсақтау процесінде суландыру) қажеттіліктерге және байыту қондырғыларында қолданылады. Карьерлік су департаментте фабриканың айналымды сумен қамту жүйесінде, сондай-ақ кенді байыту және карьер мен үйінділердің технологиялық жолын суландыру және шаңды басу үшін қолданылады.

Атмосфералық жауын-шашынның аз болуына байланысты жерасты су азайып, бұл темір-кен департаментінің айналымды сумен қамту жүйесіне қосатын карьерлік су көлемінің азаюына әкелді. Есептік жылда департаменттің айналымды сумен қамтуы 46% төмендеп, 28,14 млн м<sup>3</sup> құрады.

<sup>11</sup>Бір тонна болатқа меншіктік жалпы су тұтыну көлемі таза суды алудың меншіктік көлемі мен бір тонна өндірілген болатқа пайдаланылған судың меншіктік көлемінің ара қатынасы ретінде есептеледі.



## Су өткізу

303-2 303-4


АМТ-да ағын суларды жіберу ҚР қолданыстағы заңнамаларының талаптарына, РША нормативтеріне, эмиссияға берілген рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

Ағын сулардың сапасы мен санына бақылау жасау үшін АМТ-да ағын сулар көлемі мен су шығаратын орынның ағын суындағы ластаушы заттарға мониторинг жасалады. Болат департаментінің су шығару орнындағы ағын суларға талдау апта сайын табиғат қорғау бөлімінің су қоймаларын қорғау зертханасында жүргізілсе, көмір және темір-кен департаментінде тәуелсіз аккредиттелген зертхана тоқсан

### АМТ бойынша 2022 жылы барлық аудандарға су ағызудың қабылдаушы су нысандары бойынша жалпы көлемі, млн м³

	2022		
	Болат	Көмір	Темір-кен
Жерүсті сулар	193,62	3,58	-
Үшінші тараптарға су жіберу, оның ішінде:	-	0,43	0,04
Муниципалды тазалау құрылғылары	-	0,43	0,03
Сыртқы ұйымдарға жіберу	-	-	0,01
<b>Барлығы</b>	<b>193,62</b>	<b>4,01</b>	<b>0,04</b>

### АМТ су өткізу көлемі, %



сайын зерттеу жасайды. Шығарылатын су көлемін бақылау үшін су есептеу құралдары қолданылады. Олар шығарылатын судың дәл есебін жүргізуге мүмкіндік береді. Жыл сайын жердің бетіндегі су қоймалары мен су ағысындағы су сапасына қадағалау жасалып, кәсіпорын орналасқан аймақта жерасты суларының сапасы бақыланады.

АМТ бойынша су өткізудің жалпы көлемі есептік кезеңде 197,67 млн м³ құрады. Бұл ретте болат департаментіне өткізілетін ағын сулардың 98 %-ы тиесілі. Тазартылған ағын суларды шығару негізінен жердің беткі су қоймаларына шығарылып, тек аз ғана бөлігі (1 %-дан аз) үшінші тараптарға беріледі.

## Болат департаменті

ндірістік ластанған ағын сулар негізінен технологиялық қондырғыларды салқындату және үрлеу циклдерінде, сонымен қатар кокс газын гидротазалау және домна газының конденсатын аулау кезінде қалыптасады. Бұл сулар толық биологиялық тазалау үшін тазалау құрылғылары цехына (ТҚЦ) жіберіледі. Одан бөлек, АМТ барлық цехының шаруашылық-тұрмыстық ағын сулары, қаланың шаруашылық-тұрмыстық ағын сулары және қалалық өнеркәсіптік кәсіпорындардың ластанған ағын сулары келіп түседі. ТҚЦ цехында тазаланғаннан кейін ағын сулар Нұра өзеніне құйылады.

Технологиялық ағындар айналымды циклге, күл-қоқыс жинағышқа және қалдық қоймаларына ағызылады. Қондырғыларды салқындату үшін пайдаланылған өндірістік «шартты таза» сулар жауын-шашын кәріз жолымен су шығару орындарына, одан әрі салқындатқыш тоғандарға жіберіледі. Салқындатқыш тоғанға сыймаған су су өткізу түйіні (СӨТ) арқылы Самарқан су қоймасына ағызылады.

**Жерүсті су қоймалары Самарқан су қоймасы мен Нұра өзеніне ағызылған ластаушы заттардың көлемі 2022 жылы 108,3 мың тонна (2021 жылы – 121,4 мың тонна, 2020 жылы – 116,2 мың тонна) болса,**

**бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 10,6 %**

**Ластаушы заттарды ағызу массасының төмендеуі салқындатқыш тоғанға түсетін жауын-шашын суының аз көлемімен байланысты.**

**2022 жылы ластаушы заттардың бөлшек ағызылуы да**

**5,8 %-ға төмендеді**

## Көмір департаменті

Шаруашылық-тұрмыстық ағын сулар негізінен қалалық ағын суларды қабылдау коллекторларына, сонымен қатар жергілікті рельеф пен буландыратын тоғандарға жіберіледі. Тек «Саран» шахтасында шаруашылық-тұрмыстық сулар шахталық сумен араласып, тазалаудан өткен соң Соқыр өзеніне ағызылады.

2022 жылы «Қазақстан», «Абай», «Шахтинская», «Тентек», В.И. Ленин атындағы шахтада шахталық, шаруашылық-тұрмыстық және кәріздік сорғы станцияларының тазалау құрылғыларына күрделі жөндеу жүргізілді.

## Темір-кен департаменті


Лисаковск филиалының шаруашылық-тұрмыстық бағыттағы ағын суы қалалық кәріз жүйелеріне жіберіледі. Атасу кенішінде шаруашылық-ауыз су қажеттілігі үшін пайдаланылатын ұңғыма суы өзіндік тазалау құрылғыларына түсіп, байыту фабрикасының айналымдық цикліне қайтып оралады. Кентөбе кенішінде Alta Air Master Pro шаруашылық-тұрмыстық ағын суды тазалау құрылғылары пайдаланылады. Олар 2021 жылы пайдалануға берілген. Тазартылған сулар кеніштің арнайы жабдықталған буландырушы тоғанына түседі. Атансор кенішінің суы тұндырғыштарға түсіп, одан әрі оны ассенизациялық машиналар сыртқы мамандандырылған ұйымдарға тазалау үшін тасиды.

Департаменттің өндірістік қызметі барысында қалыптасатын қалған шахталық және карьерлік судың қажетсіз көлемі арнайы жабдықталған буландырғыш тоғанға ағызылады.

Атасу кенішінде 2022 жылы жинағыш-буландырғыш тоғанға жіберілген ластаушы заттардың көлемі 6,1 мың тоннаны құрады. Бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 30,6 % көп. Оның өсіміне байыту құрылғысында су тұтыну көлемінің азаюы және шахталық су ағынының артуы себеп болды. Кентөбе кенішінде карьерлік суды буландырғыш тоғанға ластаушы заттарды ағызу көлемі 2022 жылы 63 тоннаны құраса, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 50 % аз. Оның азаюына суландыруға пайдаланылатын су көлемінің артуы және карьерлік су ағынының азаюы себеп болды.

Ағын суларға талдауды ластаушы заттарды анықтау үшін мемлекеттік стандарттарды қолданатын аккредиттелген

зертхана жүргізеді. Темір-кен және болат департаменттерінің ағын суларында келесі ластаушы заттардың үлесі басым: өлшенген заттар, аммоний азоты, фенолдар, мұнай өнімдері, жалпы темір, АББЗ, ОБҚ, ОХК, сульфаттар, хлоридтер, марганец, барий және полифосфаттар. Есептік кезеңде Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің темір-кен департаментіне жасаған тексеруінің нәтижесінде буландырғыш тоғанға ағызылатын тазартылған шаруашылық-тұрмыстық ластаушы заттар ағынында эмиссия нормативтерінен асып түсу тіркелді. Лимиттерден асып түсу электр энергиясы жұмысындағы ақаулармен, сәйкесінше тазалау құрылғыларының тұрақты жұмыс істей алмауымен байланысты. Болат департаментінің ағын суларында темір, сульфаттар, хлоридтердің артық салмағы анықталды. Компания ластаушы заттарды нормативтен артық шығарғаны үшін айыппұлдарды уақытылы төледі.





## Су тұтыну

303-5

### Су тұтынудың қайтарымсыз көлемі, млн м<sup>3</sup>

	2020			2021			2022		
	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен
Табиғи көздерден жалпы су тұтыну көлемі	227,44	6,72	5,42	220,11	6,93	4,37	228,33	8,37	4,13
Табиғи көзге су жіберу	193,94	3,87	-	205,00	3,88	-	193,62	4,01	-
Су тұтыну	33,51	2,85	5,42	15,11	3,05	4,37	34,70	4,36	4,13
<b>АМТ бойынша барлығы</b>	<b>41,78</b>			<b>22,52</b>			<b>43,19</b>		

Темір-кен департаменті табиғи көздерге су жібермейді. Барлық ағын сулар тұйық жүйеде айналады, тазалаудан өткеннен соң не тазаланбастан буланғыш тоғандарға жіберіледі, болмаса тазалау үшін арнайы ұйымдарға жіберіледі. Көмір департаментінің қайтарымсыз су тұтыну көлеміне жергілікті жердің бедеріне, қолдан жасалған тоғандарға (сүзгілеу алаңы, буланғыш тоған) жіберілген сулар жатқызылса, болат департаментінде күл-қоқыс жинағышқа және қалдық қоймаға жіберілген су жатқызылады.

### Биоалуантүрлілік пен жерлерді пайдалану

## БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

Қазақстан Республикасы табиғат қорғау заңнамасын және экология саласындағы Компания саясатын, нормативтік құжаттарды, ішкі стандарттарды, бұйрықтар мен өкімдерді басшылыққа ала отырып, АМТ биоалуантүрлілік пен жерлерді пайдалану мәселелерін басқаруды жүзеге асырады.

Шаңды ұстап қалу, сонымен бірге қатысу аймақтарында биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында АМТ аумақтарды көгалдандырумен белсенді айналысады. Бұл экологиялық дәліздерді құруға мүмкіндік береді. Компания көгалдандыру бойынша келесі шараларды жүзеге асырады:

- АМТ Теміртау қаласының төңірегі мен қала ішін көгалдандыру бойынша экологиялық жобаны жүзеге асырады. Жоба аясында келесі ағаштар отырғызылды: шаған жапырақты үйеңкі, сібір алмасы (дичка), пирамида сияқты терек, ақтерек, сарғылт қарақат, ағаш пішіндес қараған (сары қараған, виргин мойылы, шағын жапырақты шегіршін, тал). **2022 жылы Теміртау қаласының айналасындағы жасыл аумақтағы жоспарлы 344 га аймақтың ішінде орманды 102 га учаскеге 226 мың дана сеппе көшет отырғызылды. Сеппе көшет отырғызылған жердің ауданы 360 гектарға тең, оның ішінде 344 га Теміртау қаласының айналасында болса, 16 га қала ішінде (толығырақ «Ластаушы заттар шығарындыларын басқару» бөлімінен қараңыз).**

- Өнеркәсіптік алаң аумақтары мен кәсіпорындардың СҚА шекараларында көшет отырғызу және оларды күтіп-баптау жұмыстары жүргізіледі. **2022 жылы қайың, қарапайым қарағай, пирамидалық терек, ақтеректің 880 көшеті отырғызылды. Сондай-ақ, Шахтинск және Абай қалаларының көшелерінде, парктер мен мектептерде 4 153 көшет отырғызылды.**
- Темір-кен департаменті кеніштерінің аумақтарын көгалдандыру жыл сайын жүргізіледі. **Есептік жылда қылқан жапырақты және жапырақты ағаштардың 250 көшеті отырғызылды. Лисаковск қаласы әкімдігінің қолдауымен өнеркәсіптік аумақта қарағайдың 150 көшеті егілді.**



## Биоалуантүрлілік әсер

304-1

304-2

304-4

АМТ өндірістік аумақтары қорғалатын аумақтар мен биоалуантүрлілік үшін жоғары құндылығы бар аумақтардан алыс орналасқан. Ең жақын орналасқан аса қорғалатын табиғи аумақтарға келесілер жатады:

- Қарағанды облысында Кентөбе кенішінен 45 км қашықтықтағы Қарқаралы ұлттық паркі;
- Қостанай облысының Лисаковсктегі кенішінен 330 км қашықтықтағы Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы;
- Қостанай облысының Лисаковскі кенішінен 512 км қашықтықтағы «Алтын дала» табиғи резерваты.

Болат, көмір, темір-кен департаменттерінің өнеркәсіп алаңдарындағы биоалуантүрлілік ҚОӘБ және балама құжаттармен 100 % қамтылған.

Компания қызметі барысында айтарлықтай әсерге ұшыраған жануарлар мен өсімдіктер тіркелген жоқ. Аймақтардың түр құрамы АМТ қатысатын табиғи аймақтағы жағдайға сай келеді, фитоценоз жағдайы қалыпты, өсімдік қабатының нашарлауы тіркелмеген. АМТ қатысатын аймақтарда ХТҚО қызыл тізімі мен Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы қорғалатын түрлердің ұлттық тізіміне енген түрлер жоқ.

### Мекен ету орындарын қалпына келтіру

304-3

АМТ ұсақтау-байыту фабрикасы мен «Батыс Қаражал» шахтасының өндірістік қызметі барысында қалыптасатын өндірістік қалдықтардың көмегімен қазылған орындарды қайта қалпына келтіру жұмыстарын жалғастырады. Учаскені толық қалпына келтіру бойынша жұмыс жобасын қайта қараудан кейін оны 2098 жылға дейін орындау міндеті белгіленді.

Учаске Ұлытау облысының 136 га аумағында орналасқан. Өндірістік қалдықтарды қазылған орындарды қалпына келтіруге пайдалану үйінді жинағыштар үшін жер қазу қажеттілігін жойып, кенішті жабу кезінде кен орнын жоюға қажетті уақытты

қысқартады. Бүгінгі таңда қалпына келтіру процесінде қалдықтың 5 түрі қолданылады. Олар – қоршаушы жыныс, кенді байыту қалдықтары, қоқыр, күл-қож қалдықтары және құрылыс қалдықтары. 2022 жылы карьерді қалпына келтіру жұмыстарына 708 мың тоннадан астам өндіріс қалдықтары қолданылды.


Бұдан бөлек, Қарағанды облысында ауданы 11,7 га Тоғай-1 кен орнын қалпына келтіру жұмыстары басталды. Жұмыс карьердің шұңқырын көму, үйіндінің баурайларын салқындату, жердің беткі қабатын құнарландыру және көпжылдық шөптерді егуден тұрады. Көпжылдық шөптерді егу жұмыстары 2023 жылға жоспарланған.

Қостанай облысында негізгі қалдық қоймасы бөгетінің (Лисаковск филиалы) баурайының 1 га беткі қабатында биологиялық қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бұл SiO<sub>2</sub> 20-70 % бейорганикалық шаң шығарындыларын жылына 0,223 тоннаға төмендетуге мүмкіндік береді.

АМТ қатысатын аймақтардың экожүйесі далалық және құрғақ далалық аумақтарға жатады және қанағаттанарлық жағдайда. «Абай» шахтасының қызметі барысында топырақтың отыруы нәтижесінде жерүсті аймақтардың саздануы орын алып, жерүсті және жерасты сулармен толығып отыратын шағын көлдер пайда болды. Бұл экожүйеде балық және суда жүзетін құстардың түрлері (үйрек, су құзғыны, құтан, аққулар) бар.







КЛИЕНТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК  
ЖӘНЕ ӨНІМ  
САЛАСЫНДАҒЫ  
ИННОВАЦИЯЛАР



## Түр атауы: Тапал шегіршін (Ulmus pumila)

Биіктігі 25 м шамасындағы ағаш. Өзінің ареалының құрғақ аудандарында аласа ағаш түрінде өседі. Өркенінің қабығы тегіс, сұр-қоңыр немесе ашық сұр түсті. Алайда қарайып қара-сұр болуы және араға уақыт салып жырымдалуы да мүмкін. Жапырақтары эллипс-сопақтан эллипс-ланцет пішіндес немесе жұмыртқа-ланцетті болып келеді. Ұзындығы 2-8 см, ені 1,2-3,5 см, ұшы өткірленген және симметриялық негізге ие.

Жер қыртысының өнімділігі мен ылғалдылығына талапшыл емес, оның аз тұздылығына шыдамды. Жарық сүйгіш, қысқа төзімді өсімдік. Тамыры ұзын, шнур пішіндес. Шегіршіннің тез өсуге бейімділігіне қарап, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бұл ағаш түрін өз жобасын жүзеге асыру аясында таңдап алды.

2022-2023 жылдары тұрақты жасыл массивті қалыптастыру үшін

# 701 800-ден

астам көшет пен сеппе көшет отырғызылады.

## КЛИЕНТТЕРГЕ КЕПІЛДІК ЖӘНЕ ӨНІМ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

### БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

2-23

414-1

414-2

Компания өз қызметінде көптеген тауар, жұмыс және қызмет жеткізушілерімен жұмыс істейді. Олар негізгі дайын өнім – болат өндірісіне өз үлесін қосады. Болаттың екінші қайта өңдеу үшін жарамдылығы, мықтылығы, өміршеңдігі тұрақты даму үшін инновациялық шешімдер әзірлеуде айрықша маңызға ие және болатты экологиялық өмір салтындағы маңызды материал етеді. Біздің өнімнің негізгі тұтынушылары машина жасау және құрылыс салалары, электр техникалық өнеркәсіп және автомобиль жасау болып табылады.

**9001 сапа менеджменті жүйесі саласында халықаралық стандартқа сәйкестік сертификатына ие АМТ-ның жеткізулерді басқару жолы өз жеткізушілерінің сапаның жоғары стандарттарын сақтауына, этикалық тәртіпке, экономикалық және әлеуметтік стандарттарды сақтауына бағытталған.**

Компания өз мойнына бірінші классты өнім өндіру бойынша міндеттемені алады, бұл үшін жаңа әлемдік технологиялар негізінде компания мамандары әзірлеген біртұтас шаралар жүйесі жүзеге асырылады.

АМТ мердігерлер, жеткізушілер, сатып алушылар, бірлескен кәсіпорындар және өзге серіктестермен жұмыс барысында адам құқықтарын сыйлау және қолдауға ұмтылады. АМТ бизнес жүргізуде ең жоғарғы этикалық және құқықтық стандарттарды ұстанады және сыбайлас жемқорлық пен асыра пайдаланушылыққа төзбейді. Компанияда жеткізушілермен өзара қызмет адалдық, әділеттілік, ашықтық және өзара құрмет қағидаларына сүйеніп құрылады. Бұл қағидалар өзге құжаттармен бірге Іскерлік мінез-құлық кодексі және Сыбайлас жемқорлықпен күрес ережесін қамтитын Заңнамалық талаптарды сақтау бағдарламасында жазылған.

«АрселорМиттал» Тобының деңгейінде қабылданған Жауапты сорсинг кодексі кәсіпорынның жеткізушімен өзара қызмет процесін, сондай-ақ жауапты сорсинг аясындағы талаптарды айқындайды. Кодекс «АрселорМиттал» корпоративтік саясаттары мен қағидаларын, оның ішінде Іскерлік мінез-құлық кодексін, сондай-ақ адам құқықтары, еңбекті қорғау, экология саласындағы саясатын және сыбайлас жемқорлықпен күрес ережесін толықтырады және қолдайды. Біз жеткізушілерді жауапты сорсинг бағдарламасын тұрақты жақсарту және дамыту үшін әріптестікке шақырамыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәлімдеме АМТ қызметінде сыбайлас жемқорлық әрекеті мен Компания мен контрагент арасында мәмілеге төзбеушілікке және оны қатаң сақтауға бағытталған.

2022 жылы тамызда Компанияда мердігерлермен жұмыс және оларды дамыту бойынша жаңа бөлім құрылды, ол нарықты тендералды зерттеуді жүргізу, басқару, жеткізушілерді алдын ала бағалау және тексеру, кейін оларды тіркеу, сонымен қатар субмердігерлерді тексеру және жұмыс істеп жүрген жеткізушілерді бағалау істеріне жауапты.

Компания басшылығы тарапынан көтерілген мұндай бастама тауар, мердігерлік жұмыс және қызметтерді сапа, баға, өндіріс тиімділігі және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стандарттарын сақтау тұрғысынан іріктеудің тиісті сапасын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындаған болатын.

Қазіргі таңда бөлімнің қызметі мен жауапкершіліктері сатып алулар бойынша стандартты операциялық процедураларына енгізілген. Олар келесілерді қамтиды:

- жеткізушіні іздеуге сұрау формасын;
- бірінші деңгейлі жеткізушінің мүмкіндіктерін бағалау анкетасын – бұл құжаттың мақсаты әлеуетті жеткізуші туралы барынша толық және нақты ақпарат алу болып табылады. Анкета әлеуетті жеткізушінің портфолиосын, қызмет формасын (өндіруші, сатушы/дистрибьютор және т.б.) бағалауға, ғимарат пен өндірістік алаңдарда жеткізушіге нақты және толық баға беруді қамтитын екінші деңгейлі бағалау қажеттілігін жоя отырып, жеткізушінің техникалық және қаржылық жағдайын тексеру;
- жаңа жеткізушіні тіркеу негіздемесінің үлгісі және т.б.


Шарт жасасу алдында жеткізуші туралы ақпарат жиналып, контрагенттің іскери абыройына, қаржылық жағдайына және жұмысты орындаудағы тәжірибелік мүмкіндіктеріне кешенді тексеру жүргізіледі. Біздің жеткізушілер де Жауапты сорсинг кодексі, Адам құқықтары жөніндегі саясат және Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі ережені сақтау міндеттемелерін өз мойнына алуы тиіс.

АМТ тек өз қызметкерлеріне ғана емес, сонымен қатар жеткізу тізбегіндегі мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне де қамқорлықпен қарайды. Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген ұмтылыс АМТ мен мердігер арасында жұмысты бастау алдында жасалатын үлгілік шартта жазылады. Аталған шарт аясында мердігерлер Компанияның қауіптерімен, тәуекелдерімен және экологиялық аспектілерімен танысып, ЖҚҚ қолдануға және қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау ережелерін қатаң сақтауға міндеттенеді. Мердігер қауіпсіздік техникасы мен өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзған жағдайда АМТ кез келген талап бұзушылық анықталған сәттен бастап шартты дереу бір жақты бұзуға құқылы.

Соңғы үш жылда Компания департаменттерінің әрбірінде сатып алу көлемінің тұрақты өсімі байқалады.

Осылайша, 2022 жылы сатып алу көлемі

# 798,8 млрд теңгені



құраса, бұл өткен есептік кезеңнен 21 % артық (2021 жылы – 660,4 млрд теңге, 2020 жылы – 453,1 млрд теңге).


Сатып алулардың

# 80 %-дан астамы


болат департаментіне тиесілі. Бұл металлургиялық комбинат өндірісінің ауқымымен байланысты. Ол көптеген қосалқы бөлшектерді, шығындалатын материалдарды ғимарат, құрылыстарды бөлшектеу үшін және жөндеу, құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін мердігерлерді қажет етеді.



**Сатып алулардың жалпы көлемі, млрд теңге**



**Компания жеткізушілерінің жалпы саны**



**МЕМЛЕКЕТІШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ**

204-1

**2021 жылы қабылданған «Өнеркәсіптік саясат туралы» ҚР заңына сәйкес, ДСҰ-на кіру бойынша ауыспалы кезеңнің аяқталуына байланысты «Қазақстандық қамту» терминін «мемлекетшілік құндылықтар» терминіне ауыстырып ребрендинг жасалды.**


Бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған өндірісті арттыру мақсатында АМТ өзінің басты басымдықтарының бірі ретінде мемлекетшілік құндылықтардың артқанын мәлімдеді. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында мемлекетшілік құндылықтарды дамыту бойынша 5-10 жылға арналған бағдарлама әзірленді.

Бұл бағдарлама 6 даму векторынан тұрады:

1. Тауар, жұмыс және қызметтердегі мемлекетшілік құндылықтардың үлесін арттыру.
2. Жергіліктендіру (АМТ қызмет ететін өңірлердегі шағын және орта бизнесті дамыту) – жергілікті тауар өндірушілердің жаңа өндіріс ашуына қолдау көрсету.
3. Өнімнің жаңа түрлерін шығару.
4. Қазақстандық мамандарды оқыту.
5. Өңірлерде және жалпы Қазақстанда өнім сату желілерін дамыту.
6. Өңірді әлеуметтік дамыту.

Отандық тауар өндірушілерден тауар сатып алу арқылы АМТ Компания қатысатын өңірлерде және жалпы Қазақстанда бизнесті дамытуға қомақты үлес қосады. 2022 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша Компания жергілікті жеткізушілерден сатып алған тауар, жұмыс және қызметтердің жалпы сомасы 607,3 млрд теңгені (2021 жылы – 568,3 млрд теңге, 2020 жылы – 375,5 млрд теңге) құрады. Барлық департаменттер бойынша мемлекетшілік құндылықтардың нақты үлесі ел бойынша жоспарлы көрсеткіштерден жоғары.

**2022 жылы жергілікті жеткізушілерден сатып алу көлемі, 607,3 млрд теңге, %**



Импортты алмастыру мақсатында Компания орташа мерзімді кезеңге арналған жоспарды әзірледі. Ол Компанияға отандық өндіріс тауарларын сатып алу есебінен мемлекетшілік құндылықтар пайызын бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді. Жергіліктендіру бағдарламасы бойынша Компания Қарағанды облысының өндірушілерінен тауар сатып алу арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарынан жаңғыртуға және жаңаларын құруға көмектеседі. 2023 жылғы жоспарға Теміртау қаласында тоқылмаған материал өндірісі бойынша фабриканы іске қосу жобасы енгізілген. Барлық техникалық сипаттамалар растаудан өткеннен кейін АМТ сынақ шартын жасасу мүмкіндігін қарастырады.

**АМТ-дағы 2022 жылғы мемлекетшілік құндылықтардың жоспарлы және нақты үлесі, %**

Жалпы сатып алу, оның ішінде:	Болат департаменті		Көмір департаменті		Темір-кен департаменті	
	Үкімет жоспары бойынша % ҚҚ	Нақты % ҚҚ	Үкімет жоспары бойынша % ҚҚ	Нақты % ҚҚ	Үкімет жоспары бойынша % ҚҚ	Нақты % ҚҚ
Тауарлар	70	71,58	16	25,17	21,5	25,35
Жұмыстар	90	94,01	85	95,63	85	99,83
Қызметтер	95	97,01	85	98,93	85	98,78



Өңірлік бөлек сауданы дамыту мақсатында Теміртау және Астана қалаларында жұмыс істеп тұрған сауда үйлерінен бөлек, АМТ Алматы, Орал және Ақтау қалаларында сату бойынша қосымша сервис орталықтарын ашты. Қарағанды облысының отандық тауар өндірушілерін қолдау үшін «Металлургия және металл өңдеу» кластері құрылды. Кәсіпорындарға металл илемін сатып алу кезінде жеңілдіктер беріледі. Шағын және орта бизнес кәсіпорындары АМТ өнімдерін жоғары қосылған құнға ие ванна, жуғыш, радиатор, бояу тығын, профиль, шелек тағы басқа тауарлар өндірісіне қолданады.

Қарағанды облысының отандық тауар өндірушілерін қолдау және олармен қарым-қатынасты жақсарту аясында Компания жыл сайын ниеттестік хаттамалары мен меморандумдарға қол қояды. Осылайша, 2022 жылдың басында Қарағанды облысы әкімдігі мен АМТ арасында 85 млрд теңге сомаға мемлекетшілік құндылықтарды дамыту бойынша әріптестік туралы меморандумға қол қойылды. 2022 жылғы 12 айда оның нақты орындалу сомасы 135 млрд теңгені құрады. Компания болашақта да мемлекетшілік құндылықты дамытып, Қарағанды облысы мен Қазақстанның отандық тауар өндірушілерін қолдауға ниетті.

Мемлекетшілік құндылықты дамыту бойынша әріптестік туралы меморандумды орындау, млрд теңге

	2021 Жоспар / Нақты	2022 Жоспар / Нақты
Меморандум	80 / 142	85 / 135
Шикізат емес тауарлар	26 / 34,2	35 / 50,3
Шикізат тауарлары	54 / 107,9	50 / 84,7

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет

## БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

АМТ тәуекелдерді басқару жүйесі «АрселорМиттал» Тобының корпоративтік саясатына негізделеді. Тәуекелдерді басқару Компанияның стратегиялық дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Компанияның келеңсіз оқиғаларды алдын ала болжап, оларды жою не салдарларын жеңілдету бойынша шаралар жоспарын құру арқылы бизнесті сәтті жүргізуіне көмектеседі. Бұл қызметтерді тиімді жүзеге асыру үшін Компанияда екі топ – Негізгі қорлардың тәуекелдері басқармасы және Қаржылық тәуекелдер басқармасы құрылған. Комплаенс қызметі 2022 жылы келесі негізгі тәуекелдерді айқындады: қолданылатын халықаралық санкция режимдерін сақтамау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау саласындағы талаптарды сақтамау.

«АрселорМиттал» Тобының және өншілес кәсіпорындары мен филиалдары қай жерде жұмыс жүргізбесін олардың қызметі сыбайлас жемқорлықпен күрес заңнамаларының талаптарын сақтауға бағытталған. Мұндай заңнамаларға келесілер жатады: Экономикалық әріптестік және даму ұйымының сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы конвенциясы (ЭӘДҰ конвенциясы), Еуропа кеңесінің сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік конвенциясы (қаңтар, 1999 жыл) және Топ компаниялары қызметін жүргізетін елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша заңдары, оның ішінде сыртқы экономикалық қызметте сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы АҚШ заңы (FCPA).

«АрселорМиттал» Тобының сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша ережесі, қолданыстағы заңнамалары мен ішкі саясаттары негізінде АМТ жұмысшылары жасаған барлық алаяқтық және пара алу жағдайларына еңбек шартын бұзуға дейінгі түрлі жаза мен санкциялар қолдану қарастырылған. Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша ереже келесі сілтеме бойынша қолжетімді:



### Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және қолданылатын шаралар

205-1 205-2

Компанияның барлық бөлімшелерінде жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізіліп, алдын алу шаралары әзірленеді. 2022 жылы Компания келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтап тиісті әрекет ету шараларын айқындады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша негізгі шаралардың бірі-өзіндік және мердігер қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелер мен процедуралар туралы оқыту және ақпараттандыру болып табылады.

Тәуекел	Әрекет ету шаралары
Сыбайлас жемқорлық төлемін жасау не басқа тәсілмен сыбайлас жемқорлық қызметіне іскери серіктестерді тарту	Іскери серіктестердің сенімділігі процедурасына сәйкес іскери серіктестердің сенімділігін тексеру
Сатып алу және сату саласындағы сыбайлас жемқорлық	<ol style="list-style-type: none"> <li>Мүдделер қақтығысы туралы декларация беру процедурасы</li> <li>Іскери серіктестердің сенімділігі процедурасына сәйкес іскери серіктестердің сенімділігін тексеру</li> <li>«Іскери сыйлықтарды алу мен ұсыну және көңіл көтеру процедурасына» сүйене отырып, тендерге қатысушы мемлекеттік қызметшілермен немесе өзге тұлғалармен өзара әрекет ету</li> </ol>
Үшінші тараптан төлем жасау	Memo 3 <sup>rd</sup> Party Receivables сәйкес үшінші тарапты тексеру
Сыйлықтар, іскери қонақ болу, сапарлар	Компания қызметкерлеріне АМТ сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша ережесін оқыту Компания қызметкерлерімен толтыру үшін сыйлықтар мен ойын-сауық тізілімі қарастырылған
Қайырымдылық жарналары / корпоративтік жауапкершілік бойынша салымдар	Қайырымдылық қорының сенімділігін және оның басшыларының анкеталық мәліметтерін тексеру
Жалған құжаттар мен шот-фактураларды қолдану	Компания қызметкерлеріне АМТ сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша ережесін оқыту

2022 жылы Компанияның

# 559 қызметкері

оқудан өтсе, олардың ішінде 15%-ы басшылар және 85%-ы мамандар болды. Бұл өткен кезеңдермен салыстырғанда 5 есеге жуық көп (2021 жылы – 121 адам, 2020 жылы – 126 адам).

Есептік кезеңде


# 1 032 іскери серіктестер

(2021 жылы – 1 137, 2020 жылы – 697) Компанияда қабылданған және қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет тәжірибелері мен әдістері туралы ақпараттандырылды.






**Департаменттер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелер мен процедураларға оқудан өткен қызметкерлер, адам**



**Санаттар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелер мен процедураларға оқудан өткен қызметкерлер, адам**



«АрселорМиттал» Компаниясы халықаралық саудаға қатысады, сондықтан оның қызметі экономикалық санкциялар туралы түрлі нормативтік-құқықтық құжаттармен, сондай-ақ «АрселорМиттал» Тобы деңгейінде қабылданған Экономикалық санкциялар туралы ережемен реттеледі. Ереже келесі сілтеме бойынша қолжетімді:



Санкциялық тізімге енген контрагенттермен әріптестік, ақша жылыстату, сыбайлас жемқорлыққа көмектесу, тәуекелдерін төмендету мақсатында комплаенс қызметі контрагенттерге кешенді тексеру жүргізеді. Тексеру DowJones платформасын, ашық көздерді қоса алғанда сенімді мәліметтер базасын қолдану арқылы жүзеге асырылады. DowJones платформасы контрагент туралы толық ақпарат енгізген кезде тәуекелдерге автоматты бағалау жүргізеді, сонымен қатар келесі санаттар бойынша сәйкессіздіктерді анықтауға мүмкіндік

береді: жақын серіктестер/байланысты кәсіпорындар, бақылау тізімі, келеңсіз жаңалықтар, мемлекеттік секторға тиістілік. Егер тәртіп бұзушылық қаупі бар болса, мәміле жасасу үшін Комплаенс бөлімінің мақұлдауын алу қажет. DowJones платформасының басты артықшылығы ол енгізілген контрагенттерге нақты уақыт режимінде автоматты мониторинг жүргізіп, жаңадан енгізілген санкциялар мен «АрселорМиттал» Тобының серіктестеріне қатысты заңнаманың бұзылуы саласындағы кез-келген келеңсіз жаңалықты уақытылы анықтауға мүмкіндік береді.




**Өнім саласындағы инновациялар**

2022 жылы F3TKЖ жұмыстарына 1,2 млрд теңге бөлінді. Есептік кезеңде AMT EN 10025–2019 стандарты бойынша S355JR, S355J0, S355J2, S355K2 маркалы болаттан және ҚР СТ 3120 пен МЕМСТ 19281–2014 бойынша 17Г1С-У маркалы болаттан ыстықтай илемделген өндірісті, жылыту радиаторын жасау үшін 08кп маркалы болаттан суық илемді, МЕМСТ 14918–2020 және EN 10346–2015 стандарты бойынша мырышты илемді, ST 009:2011 (Румыния) бойынша B500C маркалы болаттан термо күшейтілген арматуралы илем өндірісін игерді.

2022 жылы болат департаментінде F3TKЖ бойынша 12 жоба жүзеге асырылды. Олардың арасында кокс батареяларының қаптамасының тозуға төзімділігін арттыру үшін қолдану мақсатында отқа төзімді қалау қалдықтарын қайта өңдеу; технологиялық жақпаларды тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау, ыстық илем үшін Parsytec дефектоскопиялық жүйесін енгізу, механикалық қасиеттеріне жоғары талап қойылатын мырышты илем өндіру технологиясын әзірлеу жобалары бар.

AMT-да рационализаторлық ұсыныстарды қабылдау жүйесінің жұмысы жалғасуда. Бұл бағыт бойынша гранқожды жою және алу шығындарын төмендету үшін КХӨ химиялық қалдықтарын қайталап пайдалану әдістемесі әзірленді.

Есептік кезеңде болат илемінің механикалық қасиеттері тұрақтандыруға, көмір пласттарына геодинамикалық талдау жасау және модельдеу жасауға бағытталған ғылыми-зерттеу әзірлемелері жүргізілді. Кеніштерді кеңейту үшін темір кені қорын растау мақсатында геологиялық барлау кампаниясы жалғасын тапты.





# ӘЛЕУМЕТТІК САЛА



## ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ БОЙЫНША БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3 2-23 2-8

АМТ өзіне біздің қызметкерлердің адам құқықтарын сыйлау міндеттемесін алады. Біз әлемдік ауқымдағы Халықаралық адам құқықтары декларациясында қамтылған тиісті аспектілерді бірыңғай қолдануға қол жеткізу мақсатында жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саясатымызды дамытып келеміз. Біз жұмысшыларымыздың адам құқықтарын білуі және олардың жұмыс орнында және Компания қызметі тікелей әсерін тигізетін жергілікті қоғамдастықтарда құрметтеуі үшін оқытуға міндеттенеміз.

АМТ қызметкерлері болып табылмайтын өзіндік қызметкерлер мен жұмысшылармен жұмыс бойынша қызметінде Компания ҚР Еңбек кодексін, корпоративтік Адам құқықтары жөніндегі саясатты, сондай-ақ ішкі ережелер, жұмысшы жалдау, еңбекті төлеу, сыйақы есептеу және т.б. бойынша нұсқаулықтарды басшылыққа алады. Соңғы үш жылда өзіндік және мердігер қызметкерлердің ереуілдері тіркелген жоқ.

Сыйақы саясатының механизмдері жоғарғы буын басшыларын және өзге қызметкерлерді жұмысқа алу, ынталандыру және ұстап қалуға арналған. Сыйақы саясаты ұйымның тұрақты дамуға үлесі мен стратегиясын қосымша қолдайды және мүдделі тараптардың көзқарастарына сай келеді. Жоғарғы басшылық органына берілетін сыйақы – белгіленген еңбек төлемі.

Жоғарғы буын басшыларына берілетін сыйақы тұрақты бөліктен (еңбекақының белгіленген бөлігі) және ауыспалы бөліктен (белгіленген KPI орындау нәтижелері бойынша сыйақы) тұрады. Белгіленген еңбекақы қызметкердің функционалды міндеттеріне негізделіп, еңбекті төлеудің көпдеңгейлі формасы қолданылып белгіленеді. KPI өндірістік, экономикалық, қаржылық көрсеткіштерді, сонымен бірге өндірістік алаңдарда қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды жақсарту көрсеткіштерін қамтиды.

Компанияның әрбір басқарушы жұмысшысына жұмысқа қабылдар алдында санат беріледі. Ол Компания саясатына сәйкес ұйымдағы деңгейіне қарай және атқаратын функционалы мен жауапкершілігіне байланысты (Personal Designation) өзгеріп отыруы мүмкін:

- VP
- GM
- M
- Exempt



### Түр атауы: Мортылдақ тал (S. fragilis)

Биіктігі 15 м дейін ағаш. Бұтақтары буындарында әлсіз, қатты желде тез сынады. Талдың мортылдақ атауы да осы үшін берілген. Көктемде басқа тал түрлерінен бұрын жапырақтанғанымен, вегетацияны ең соңғылардың бірі болып аяқтайды. Жарық сүйгіш және аязға төзімді, жер қыртысының өнімділігі мен ылғалдылығына орташа талапшыл. Өмір сүру ұзақтығы 80 жыл. Тез өседі. Сабағы не шыбығы арқылы көбейеді.

Су айдындары, арықтар жағасында, ылғалды көгалдарда, құмда, бұталардың арасында өседі. Мортылдақ талды шағын орманды аудандарда, кеңінен өсіріп, жолдардың, өзендердің, су айдындарының қорғаныс жолақтары үшін, көгалдандыру мақсатында кеңінен қолданады. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ жобаны жүзеге асыру үшін бұл ағаш түрін тез өсуге қабілеттілігіне қарап таңдап алды.

### Тұрақты жасыл массивті қалыптастыру үшін

# 3 200-ден

астам көшет отырғызылды.



Сыйақы мөлшерін айқындау процесіне жоғарғы басшылық органы қатысады, тәуелсіз ұйымдардың сыйақыларын айқындау бойынша «Еңбекақыларға шолу» консультанты қолданылады, сондай-ақ сыйақы мөлшеріне қатысты мүдделі тараптың пікірі ескеріледі.

GEDP корпоративтік бағдарламасы бойынша жұмысшының ағымдағы қызметіне бағалау (Performance rating) жүргізгеннен және кәсіпорын жұмысының нәтижелері алынғаннан кейін жыл сайын сыйақы мөлшері қайта қаралуы мүмкін. Жоғарғы басшылық органға және жоғарғы буын басшыларына жыл сайынғы бонус кәсіпорын жұмысының нәтижелері алынғаннан және GEDP


бағдарламасы бойынша бағалар бекітілгеннен кейін төленеді. Жыл сайынғы бонус белгіленген сыйақы мөлшерінен коэффициенттер ескеріле отырып есептеледі:

- сыйақының мақсатты пайызы, түрлі санат үшін (Personal Designation);
- кәсіпорын нәтижелілігінің коэффициенті;
- GEDP корпоративтік бағдарламасына сәйкес жұмысшының ағымдағы қызметін бағалау (Performance rating) негізінде жеке коэффициент.

### Жұмыспен қамту 2-7 2-8 401-1


АМТ ірі кәсіпорын болғандықтан, ел бойынша 31 мың адамды<sup>12</sup> жұмыспен қамтамасыз етіп, тұрақты жалақы беріп қана қоймайды, сонымен бірге қызметкерлер мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсетеді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания жұмысшыларының саны **31 042 адамды** құрады.

### Департаменттер бойынша 2022 жылғы қызметкерлер құрылымы, 31 042 адам, %




- Болат департаменті – 14 789 адам
- Көмір департаменті – 13 663 адам
- Темір-кен департаменті («Өркен» ЖШС) – 2 590 адам

### 2022 жылғы санаттар бойынша қызметкерлердің құрылымы, 31 042 адам, %




- Жұмысшылар – 24 715 адам
- Басшылар – 3 417 адам
- Мамандар – 2 691 адам
- Орындаушылар – 219 адам

### 2022 жылғы қызметкерлердің жынысы бойынша құрылымы, 31 042 адам, %




- Әйелдер – 7 639 адам
- Ерлер – 23 403 адам

### 2022 жылғы қызметкерлердің жасы бойынша құрылымы, 31 042 адам, %



- 30 жасқа дейін – 4 523 адам
- 30-50 жас – 16 599 адам
- 50 жасан жоғары – 9 920 адам

<sup>12</sup>Еншілес компаниялардың қызметкерлері мен қарыздық еңбекті қоса алғанда 33 803 адам.



### Есептік кезең соңындағы мәлімет бойынша қызметкерлердің жынысы туралы нақты көрсеткіштер

Департамент	2020			2021			2022		
	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы
Болат	9 174	3 960	13 134	9 590	4 136	13 726	10 287	4 502	14 789
Көмір	10 763	2 091	12 854	10 755	2 251	13 006	11 189	2 474	13 663
Темір-кен	1 836	636	2 472	1 841	655	2 496	1 927	663	2 590
<b>Компаниядағы барлығы</b>	<b>21 773</b>	<b>6 687</b>	<b>28 460</b>	<b>22 186</b>	<b>7 042</b>	<b>29 228</b>	<b>23 403</b>	<b>7 639</b>	<b>31 042</b>

### Есептік кезең соңындағы мәлімет бойынша қызметкерлердің еңбек шартының санаты бойынша нақты көрсеткіштер

Көрсеткіш	2020		2021		2022	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Мерзімсіз еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер саны	17 220	5 207	16 156	4 964	15 308	4 819
Мерзімді еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер саны	4 553	1 480	6 029	2 079	8 095	2 820
Кепілдендірілмеген жұмыс күні шартымен жұмыс істейтін қызметкерлер саны	-	-	-	-	-	-
Толық жұмыс күні шартымен жұмыс істейтін қызметкерлер саны	21 766	6 679	22 184	7 033	23 403	7 632
Толық емес жұмыс күні шартымен жұмыс істейтін қызметкерлер саны	7	8	1	10	-	7

### Есептік кезең соңындағы мәлімет бойынша қызметкер болып табылмайтын жұмысшылардың жалпы саны

Көрсеткіш	2020			2021			2022		
	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен	Болат	Көмір	Темір-кен
Қарыз еңбегі	371	988	8	282	739	10	357	683	15
Мердігерлер	2 390	842	462	2 700	900	563	3 692	921	504
Еншілес кәсіпорындар	650	1 108	13	653	1 049	4	714	983	9
<b>Барлығы</b>	<b>3 411</b>	<b>2 938</b>	<b>483</b>	<b>3 635</b>	<b>2 688</b>	<b>577</b>	<b>4 763</b>	<b>2 587</b>	<b>528</b>

### Жаңа қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы


401-1 401-2 401-3

2022 жылы Компанияда негізінен 30 бен 50 жас аралығындағы


# 4 277 (14,1%) жаңа қызметкер

3 227 (75%) ерлер және 1 050 (25%) әйелдер.


2022 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жынысы бойынша ақпарат, 4 277 адам, %




2022 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жас Тобы бойынша ақпарат, 4 277 адам, %



2022 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің облысы бойынша ақпарат, 4 277 адам, %








### Жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жынысы бойынша жалпы саны

Департамент	2020		2021		2022	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Болат	488	210	1 196	427	1 616	625
Көмір	127	33	738	282	1 270	352
Темір-кен	213	55	271	88	341	73
<b>Компаниядағы барлығы</b>	<b>828</b>	<b>298</b>	<b>2 205</b>	<b>797</b>	<b>3 227</b>	<b>1 050</b>

### Есептік кезеңде жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жасы бойынша жалпы саны


Департамент	2020			2021			2022		
	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары
Болат	220	387	91	549	903	171	747	1 296	198
Көмір	68	86	6	356	555	109	605	916	101
Темір-кен	105	125	38	121	177	61	133	219	62
<b>Компаниядағы барлығы</b>	<b>393</b>	<b>598</b>	<b>135</b>	<b>1 026</b>	<b>1 635</b>	<b>341</b>	<b>1 485</b>	<b>2 431</b>	<b>361</b>

### 2022 жылы жұмыстан шыққан қызметкерлердің жынысы бойынша ақпарат, 2 463 адам, %



■ Ерлер – 2 012 адам  
■ Әйелдер – 451 адам


### 2022 жылы жұмыстан шыққан қызметкерлердің жас тобы бойынша ақпарат, 2 463 адам, %



■ 30 жасқа дейін – 387 адам  
■ 30-50 жас – 1 066 адам  
■ 50 жастан жоғары – 1 010 адам

Есептік кезеңде еңбек қатынастары бұзылған қызметкерлер саны 2 463 адамды (2021 жылы – 2 234 адам, 2020 жылы – 2 175 адам) құрады. Кадр тұрақсыздығы коэффициенті 2021 жылғы 7,8 %-дан 2022 жылы 8,1 %-ға артты (2020 жылы 7,5 %). Тұрақсыздықтың негізгі себептеріне Теміртау қаласынан көшіп кетушілік жатады.

### 2022 жылы жұмыстан шыққан қызметкерлердің облысы бойынша ақпарат, 2 463 адам, %



■ Қарағанды облысы – 2 200 адам  
■ Ақмола облысы – 52 адам  
■ Қостанай облысы – 129 адам  
■ Ұлытау облысы – 82 адам

### Есептік кезеңде жұмыстан шыққан қызметкерлердің жынысы бойынша жалпы саны

Департамент	2020		2021		2022	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Болат	634	241	780	251	920	258
Көмір	832	136	747	121	837	128
Темір-кен	279	53	266	69	255	65
<b>Компаниядағы барлығы</b>	<b>1 745</b>	<b>430</b>	<b>1 793</b>	<b>441</b>	<b>2 012</b>	<b>451</b>

### Есептік кезеңде жұмыстан шыққан қызметкерлердің жасы бойынша жалпы саны

Департамент	2020			2021			2022		
	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары
Болат	94	313	468	168	398	465	202	532	444
Көмір	65	246	657	89	306	473	107	395	463
Темір-кен	66	140	126	74	162	99	78	139	103
<b>Компаниядағы барлығы</b>	<b>225</b>	<b>699</b>	<b>1 251</b>	<b>331</b>	<b>866</b>	<b>1 037</b>	<b>387</b>	<b>1 066</b>	<b>1 010</b>


### Есептік кезеңде жұмыстан шыққан қызметкерлердің өңір бойынша жалпы саны

Облысы	2020				2021				2022			
	Болат	Көмір	Темір-кен	Компания бойынша барлығы	Болат	Көмір	Темір-кен	Компания бойынша барлығы	Болат	Көмір	Темір-кен	Компания бойынша барлығы
Қарағанды облысы	875	968	146	1 989	1 031	868	143	2 042	1 178	965	57	2 200
Ақмола облысы	-	-	62	62	-	-	57	57	-	-	52	52
Қостанай облысы	-	-	124	124	-	-	135	135	-	-	129	129
Ұлытау облысы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	82	82

Есептік кезеңде баланың үш жасқа дейінгі күтімі үшін демалысқа кетуге құқылы барлық қызметкерлердің 4 %-ы, 26 % әйелдер демалысқа шықты. Қызметкерлерді ұстап қалу пайызы<sup>13</sup> 2022 жылғы есептік кезеңде 96 %-ды құрады.

### Бала күтімі бойынша демалысқа құқығы бар қызметкерлердің жынысы бойынша жалпы саны

Департамент	2020		2021		2022	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Болат	1 231	260	1 366	291	1 510	339
Көмір	1 707	135	1 694	155	1 804	176
Темір-кен	378	83	374	84	388	78
<b>Компаниядағы барлығы</b>	<b>3 316</b>	<b>478</b>	<b>3 434</b>	<b>530</b>	<b>3 702</b>	<b>593</b>



<sup>13</sup>GRI 401-3 формуласында ол бала күтімі бойынша демалыстан оралғаннан кейін 12 ай ішінде жұмысты жалғастырған қызметкерлер санының өткен есептік кезеңде бала күтімі бойынша демалыстан оралған қызметкерлер санына қатынасы ретінде есептеледі.



### Бала күтімі бойынша демалыс алған қызметкерлердің жынысы бойынша жалпы саны

Департамент	2020		2021		2022	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Болат	3	75	6	90	3	111
Көмір	6	38	4	35	3	37
Темір-кен	-	1	-	6	-	4
<b>Компаниядағы барлығы</b>	<b>9</b>	<b>114</b>	<b>10</b>	<b>131</b>	<b>6</b>	<b>152</b>

### Бала күтімі бойынша демалыстың аяқталуына байланысты жұмысқа оралған қызметкерлердің жынысы бойынша жалпы саны

Департамент	2020		2021		2022	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Болат	7	60	3	76	3	84
Көмір	10	102	17	121	11	140
Темір-кен	1	18	-	18	1	13
<b>Компаниядағы барлығы</b>	<b>18</b>	<b>180</b>	<b>20</b>	<b>215</b>	<b>15</b>	<b>237</b>

### Бала күтімі бойынша демалыстың аяқталуына байланысты жұмысқа оралған және содан кейінгі 12 ай ішінде жұмысты жалғастырған қызметкерлердің жынысы бойынша жалпы саны

Департамент	2020		2021		2022	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Болат	5	53	2	63	1	71
Көмір	10	102	14	116	10	131
Темір-кен	-	16	-	17	1	12
<b>Компаниядағы барлығы</b>	<b>15</b>	<b>171</b>	<b>16</b>	<b>196</b>	<b>12</b>	<b>214</b>

### Көптүрлілік пен тең мүмкіндіктер



АМТ қызметкерлердің жынысы мен лауазымына қарамастан олардың бәрін лайықты еңбекақымен қамтамасыз етуге тырысады. Соңғы 3 жылда Компаниядағы ең төменгі жалақы ҚР бойынша ең төменгі жалақыдан 55 %-ға артық. Ерлер мен әйелдердің орташа еңбекақысы 2022 жылы 20-30 %-ға артты.

### Компания бойынша қызметкерлердің санаттары бойынша әйелдердің ерлерге қарағанда орташа жалақысының арақатынасы

Санаттар	2020	2021	2022
Басшылар	0,8	0,8	0,8
Мамандар	0,7	0,7	0,7
Орындаушылар	3,6	1,7	2,1

### Компания бойынша қызметкерлердің санаттары бойынша әйелдердің ерлерге қарағанда орташа сыйақы сомасының арақатынасы

Санаттар	2020	2021	2022
Басшылар	0,7	0,7	0,7
Мамандар	0,7	0,7	0,7
Орындаушылар	2,3	1,1	1

Компания раса, ұлт, жыныс, жас, діни сенім, саяси көзқарас, физикалық жетіспеушілік немесе өзге де айырмашылықтарды қоса алғанда кез-келген дискриминация түріне төзбеушілік саясатын жүргізеді. Компания жұмысшылардың әрбіріне мансаптық өсім үшін дискриминациясыз тең мүмкіндіктер беруге ұмтылады. Есептік кезеңде дискриминация деректері тіркелген жоқ.

Жоғарғы ранг<sup>14</sup> басшылары арасында жергілікті тұрғындар арасынан жалданғандар үлесі артып келеді. Есептік кезең соңындағы мәлімет бойынша, жоғарғы басшылықтың 67 %-ы өңір өкілдерінен тұрса, олардың ішінде әйелдердің үлесі – 8 % болды. Өткен жылы жоғарғы басшылық құрамында жергілікті тұрғындар мен әйелдер болмаған.

### Жұмысшыларды әлеуметтік қолдау




Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау оларға ҚР еңбек заңнамасында қарастырылған әлеуметтік кепілдіктер беру, сондай-ақ Компания кәсіпорындарында әрекет ететін ұжымдық шарт аясында жұмысшылар мен олардың отбасыларының мүшелеріне әлеуметтік сипаттағы қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер беру бойынша шаралар кешенін қамтиды.

Қызметкерлерге жасалатын қамқорлық қызметкерлердің Компанияға деген бейілділігін арттырып, ынтасын күшейтеді, кадр тұрақсыздығын төмендетеді. Мұның бәрі кәсіпорынның жалпы қызметіне оң әсер беріп, нәтижесінде Компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Қызметкерлерге қамқорлық көрсету мақсатында АМТ оларға медициналық сақтандыру, бала күтіміне демалыс, қызметкерлер тасымалы, зейнетақымен қамсыздандыру, еңбек қабілетінен айырылған кездегі көмек түрінде әлеуметтік жеңілдіктер береді, сондай-ақ жылдық бонус беру арқылы жұмысшыларды материалдық түрде ынталандырады.




<sup>14</sup>Жоғары рангты басшыларға Бас директор және бас директордың орынбасарлары жатады.

### 2022 жылғы қызметкерлердің жынысы мен санаты бойынша ақпарат, %




### 2022 жылғы қызметкерлердің жасы мен санаты бойынша ақпарат, %




### Компания толық жұмыспен қамту шартымен еңбек ететін өз жұмысшыларына келесі әлеуметтік қолдау түрлерін ұсынады:

- әлеуметтік медициналық сақтандыру және қайғылы оқиғалардан міндетті сақтандыруға аударымдар жасау;
- уақытша еңбек қабілеттілігінен айырылған жағдайда қаржылай көмек;
- міндетті кәсіби зейнетақы жарналары;
- өзіндік және жалдамалы транспортпен қызметкерлерді жұмыс орнына тасымалдауды ұйымдастыру;
- қызметкерлерді материалдық ынталандыру;
- бала күтімі бойынша демалыс.



### 2022 жылы қызметкерлерді әлеуметтік қолдау түрлері, 42,80 млрд теңге, %



### Бірлестіктер еркіндігі және ұжымдық шарттар

2-30 407-1

Компаниядағы адамдардың құқықтары туралы саясат кәсіподақтарға бірігу құқығының еркіндігі қағидасын қамтиды. АМТ жұмысшылардың қауымдастық еркіндігі және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын толықтай қолдайды және ұжымдық шарт ережелерін орындайды, сондай-ақ кәсіподақ өкілдерімен бірге жұмыс істейді. Бұл ретте негізгі қағидалардың бірі кәсіподақ жұмысына араласпау, олардың құқықтары мен мүдделерін сақтау болып табылады. Біз кәсіпорынның жұмыс берушісі мен кәсіподақ ұйымдарының ашық өзара қызметіне ұмтыламыз. Кәсіподақ ұйымдары кәсіпорында жұмыс істейтін, кәсіподаққа мүше адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, өкілдігін жүзеге асыруға бірдей құқықтарға ие. Біз АМТ бірінші кәсіподақ ұйымдарының сайланбалы органдарын келіссөз жүргізу, ұжымдық шартты жасасу және орындау кезінде біздің жұмысшылардың мүдделерін қорғайтын өкілетті орган ретінде мойындаймыз.

Болат және көмір департаменттерінде жұмысшылардың мүддесін екі кәсіподақ қорғайды, атап айтқанда олар: АМТ АҚ «Жақтау» металлургтер кәсіподағы» ҚБ және «Қорғау» көміршілер кәсіподағы» ҚБ. Ал темір-кен департаменті жұмысшыларының мүдделерін төрт кәсіподақ қорғайды: Кентөбе кенішінің бастапқы кәсіподақ ұйымы «Өркен» ЖШС – «Қарағанды облысының тау-кен металлургия өнеркәсібі еңбекшілерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ филиалы, «Өркен-Атасу» қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы – «Казпрофметалл» ӨТКМК» ҚБ филиалы, «Өркен» қызметкерлер кәсіподағының ұйымы -«Казпрофметалл» ӨТКМК» ҚБ филиалы, «АтансорӨркен» қызметкерлер кәсіподағының ұйымы – «Казпрофметалл» ӨТКМК» ҚБ филиалы.

Тұрақты негізде қызметкерлер бойынша директорлардың кәсіподақ өкілдерімен кездесулері өткізіліп тұрады.

Сондай-ақ топ-менеджменттің Компания жұмысшыларымен өндірістік алаңдарда «ашық диалог» форматындағы кездесулерін өткізу тәжірибесі енгізілді. Компания жұмысшылардан түсетін шағымдар мен ұсыныстарға мониторинг жүргізді.

Жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын тиімді басқару мақсатында Ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелерімен айналысатын екіжақты комиссия, сонымен қатар жеке еңбек дауларын қарау бойынша келісім комиссиясы жұмыс істейді.


2022 жылы болат департаментінде келісім комиссиясының 31 отырысы өтіп, оларда болат департаменті жұмысшыларының 48 өтініші қаралды, ал көмір департаменті жұмысшыларының 32 өтініші келісім комиссиясының 28 отырысында қаралды. Темір-кен департаментінде 2022 жылы келісім комиссиясының 4 отырысы болып, жұмысшылардан түскен 5 өтініш қаралды.

Айта кету керек, келісім комиссиясының барлық мүшелері жыл сайын ҚР еңбек заңнамасын қолдану бойынша оқып, келіссөз жүргізу және еңбек даулары кезінде консенсусқа қол жеткізу дағдыларын дамытып отыруы керек. Бұл бірінші кезекте комиссияның өзінің жұмысының тиімділігі үшін керек. Бірлескен жұмыс пен конструктивті диалогтың маңызын түсіне отырып, Компания жұмыс беруші тарапынан да, жұмысшылардың өкілдері тарапынан да келісім комиссиясына мүше адамдардың оқуын қаржыландырады.

### Есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұжымдық шартпен қызметкерлердің

**97%-ы қамтылған**

### Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау, млрд теңге



### Ұжымдық шарт бойынша 2022 жылғы жалпы шығындар

**13 % артып, 30,6 млрд теңгені**

құрады (2021 жылы – 26,7 млрд теңге, 2020 жылы – 14,7 млрд теңге).

### Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлер саны және ұжымдық шарттар бойынша жалпы шығындар, млрд теңге


	2020		2021		2022	
	Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлер	Ұжымдық шарт бойынша шығындар	Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлер	Ұжымдық шарт бойынша шығындар	Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлер	Ұжымдық шарт бойынша шығындар
АМТ (болат және көмір департаменттері)	25 272	14,0	25 600	25,2	27 771	29,0
«Өркен» ЖШС (Темір-кен департаменті)	2 243	0,7	2 323	1,5	2 358	1,6
<b>Барлығы</b>	<b>27 515</b>	<b>14,7</b>	<b>27 923</b>	<b>26,7</b>	<b>30 129</b>	<b>30,6</b>

Ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес, 2022 жылғы желтоқсанда жұмысшыларға жыл қорытындысы бойынша бір жолғы жылдық сыйақы (13-ші жалақы) берілді.

Ұжымдық шартқа сәйкес медициналық көмек беру және сауықтыру аясында Компания қызметкерлерге шипажай және демалыс үйлеріне жолдама беріп, жыл сайын жұмысшылардың балаларына жазғы сауықтыру лагерлерінде демалыс ұйымдастырады. Компания балансында қазіргі уақытта «Шахтер» демалыс үйі, «Самал» шипажай профилакторийі, «Жартас» шипажайы, «Факел» және «Романтик» балалар сауықтыру лагерлері бар. Олардан бөлек, АМТ өзінің қызметкерлеріне салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасайды («Миттал» спорт кешенінің әлеуметтік нысандары, «Шахтер» теннис орталығы), білім алу және шығармашылық өсу үшін әлеуметтік мәдени ортаны құрады (балалар-жасөспірімдер орталығы, АМТ халқы ассамблеясы, қазақ мәдени орталығы). Әлеуметтік нысандарды ұстап тұрудың жалпы шығындары 2022

жылы 1,2 млрд теңгені құрады.

АМТ және «Жақтау» металлургтер кәсіподағы» ҚБ және «Қорғау» көміршілер кәсіподағы» ҚБ арасында жасалған АМТ болат және көмір департаменттерінің жұмысшыларының бірыңғай ұжымдық шартына, сондай-ақ «Өркен» ЖШС жеке ұжымдық шартына тараптардың өкілдері 2021 жылдың желтоқсанында қол қойып, олар 2022 жылғы 1 қаңтардан 3 жыл мерзімге күшіне енді. Ұжымды шарттар кәсіподақ ұйымдарына мүше жұмысшыларға, сондай-ақ кәсіподаққа мүше болып табылмайтын, бірақ ұжымдық шартқа қосылған жұмысшыларға қатысты әрекет етеді. Сонымен бірге, АМТ ұжымдық шартында тек қана кәсіподақ ұйымдарының мүшелеріне ғана әрекет ететін жеңілдіктер мен кепілдіктер тізімі бар. Ұжымдық шарт күші жүрмейтін жұмысшыларға қатысты ұжымдық шарттардың жекелеген жеңілдіктері мен кепілдіктері жұмыс беруші және/немесе жұмыс берушінің шешімімен еңбек шарты бойынша қарастырылуы мүмкін.



Ұжымдық шарт еңбек қатынастарын және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді реттеу, қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктерді бекіту, құқықтар мен міндеттердің ара-жігін ажырату, жұмыс беруші мен жұмысшылардың мүдделерін сақтау, кәсіпорынның жұмысы мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.



Оқу және білім беру

Шарт жалпы бөлімнен және 32 қосымшадан тұрады, оның негізгі бөлімдері келесілер:

- тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- еңбек қатынастары;
- жұмыс уақыты және демалыс уақыты;
- кәсіби дайындық және қайта дайындық;
- еңбекті төлеу;
- қосымша әлеуметтік жеңілдіктер мен төлемдер;
- медициналық көмек және сауықтыру;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау;
- кәсіподақтар мен олардың мүшелері туралы ереже.

## БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

404-3

АМТ – қалыпты және жылдам дамып келе жатқан компания. Тұрақты даму жолында инновациялық шешімдер іздеу барысында біз күн сайын түрлі сынақпен бетпе-бет келеміз. Мұндай міндеттердің шешімін табу жұмысшылардың бастамашылық дамытып, көшбасшылық қасиеттерімен танылуына мүмкіндік береді. Алға ұмтылу мен талант көптеген жұмысшыларға қиын жұмыс ортасында үздік болуға көмектесіп, олардың мансаптық шекараларын кеңейтті. Мұндай жұмысшылардың әлеуетін жүзеге асыруына қолдау көрсету үшін АрселорМиттал Университет Кампус Қазақстанда түрлі дамыту жобалары бар. Олардың тізімі Компаниядағы басымдылығына қарай толықтырылып отырады.

Біздің қызметкерлерге арналған оқу бағдарламалары енгізу АМТ жұмысшыларына өз лауазымында тиімдірек болып, өзінің сарапшылығын жақсартып, жаңа білім алуына мүмкіндік береді және Компания саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Білім беру ресурстары Компания қызметкерлерінің бәріне қолжетімді.

АМТ Қазақстандағы бөлімшелерінде перформанс-менеджмент, қызметкерлердің тиімділігін басқару, қызметкерлердің мақсаттары мен дамуын бақылау бойынша корпоративтік бағдарлама жұмыс істейді. Бұл бағдарлама Компанияның басшылық құрамына арналған және Қазақстан аумағындағы Компанияның барлық бөлімшелері мен департаменттеріне, яғни болат, көмір департаменттері, «Өркен» ЖШС-не және басқаларға таралады.

**GEDP – Қызметкерлерді дамытудың жаһандық бағдарламасының басты мақсаты – Компанияда негізгі басшылық лауазымдарды иеленуге дайын болашағы зор жас таланттар арасынан резервті ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге біліктілік деңгейін арттыру болып табылады. Бұл негізінен қызмет нәтижелерін және қызметкерлердің әлеуетін бағалау жолымен жүзеге асырылады.**


Аталған бағдарлама Компанияны басшылық құрамына бәріне міндетті болып табылады. Бұл бағдарламаға қатысатын басшылар жыл сайын мақсаттарды (KPI) толтырады. Олар жылына екі мәрте бағаланып, қайта қаралады. Көрсетілген мақсаттар талқыланып, қайта қаралып, сонымен қатар өзектілігінің болмауына байланысты қызметкер басшысы тарапынан жойылуы да мүмкін. Мақсатты тиімді қою және бағалау үшін қызметкер мен тікелей басшысы арасында тұрақты кері байланыс жүйесі жолға қойылған.

## GEDP ПРОЦЕСІ

### Ұйымдастырушылық дамыту

Өзге HR процестермен ынталандыру резерв НІРО байланысты жыл сайынғы GEDP талдау және модерация

### Бастапқы фаза Ұйымдастырушылық мақсаттарды қою



#### Фаза 1

Ағымдағы қызметті жеке жоспарлау

#### Фаза 4

Қадам 1  
Жыл сайынғы бағалау

Қадам 2  
Бағаларды талқылау

#### Фаза 2

Пікірлер және тәлімгерлік

#### Фаза 3

Жыл ортасындағы шолу





Жүйе толықтай цифрландырылған және интерфейс тұрақты негізде мәліметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етіп, жұмысшы мен жұмыс беруші арасында кез келген уақытта байланысты жүзеге асырады. Осы процеске қатысатын қызметкер, басшы және қызметкерлер қызметінің жұмысшысынан басқа ешкімге бұл мәліметтер қолжетімді болмайды. Бұл құпия процесс.

Бір жылғы жұмыс нәтижесі бойынша қызметкерлер ең алдымен бір жылғы нақты жұмыс нәтижелерін ұсыну арқылы өз бетінде бағалау жүргізеді, одан кейін тікелей басшысы мақсаттар мен нәтижелерін мақұлдап, бекітеді. Жыл соңында атқарылған жұмыстың нәтижелері негізінде мақсаттарды бекіткен соң жұмысшыларға рейтингтер (бағалар) беріледі. Рейтингтердің 2 шкаласы бар: жұмыс үшін рейтинг және қызметкер әлеуетінің рейтингі. Жұмыс рейтингі қызметкер атқарған нақты жұмысты бағалайды. Әлеует рейтингі қызметкердің даму, әлеуетін, қызметкердің Компания аясында көлденең және тігінен даму мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді.

Аталған рейтингтер жұмысқа жылдық сыйақы беру есебінде қолданылады. Рейтингтер валидациясы Компанияны басқарудың жоғарғы деңгейлерінде жүзеге асырылады. Бонусты есептеу жүйесі аясында соңғы рейтингтерді бекіткеннен кейін жылдық бонустарды төлеу жүргізіледі. Қызметкерді жылдық бағалау нәтижелері, жылдық сыйақы мөлшері қатаң құпия ақпаратқа жатады.

Сондай-ақ бұл бағдарлама аясында әрбір жұмысшы жеке даму жоспарын толтырып, ол қызметкерлер қызметі тарапынан қадағаланады. Жұмысшылардың қажеттілігіне сәйкес, аталған қызметкерлердің біліктілігін бағалау бойынша мақсатты дайындық жүргізіледі.

Осылайша, 2022 жылы АМТ және Назарбаев Университеті Жоғарғы Бизнес Мектебінің өріптестігі негізінде ұйымның барлық басшыларын қамтыған көшбасшылық бойынша жаңа 3 күндік білім беру бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарлама аясында жалпы саны 300 адамнан астам 9 топ оқудан өтеді.

Бағдарлама кезінде қатысушылар көшбасшылық тұжырымдамасын тереңірек оқып, команданы басқару бойынша академиялық білім мен практикалық стратегия алып, кризистік басқару мысалдарын қарап, сонымен қатар одан әрі жетілу үшін өзінің жеке сапасы мен эмоциялық интеллектін дамытуды бағалай алады.

Осылайша, GEDP корпоративтік бағдарламасы Компанияның дамуына мүмкіндік беретін Компанияның басқарушы буынының қызметі мен әлеуетін бағалаудың негізгі бағыттарын қамтиды.




2022 жылы нәтижелілікті бағалаудан


**407 адам өтсе, бұл өткен жылғы көрсеткіштер 10 %-ға көп**

(2021 жылы – 362 адам, 2020 жылы – 274 адам), олардың 18%-ы – әйелдер. Әкімшілік-басқарушылық қызметкерлердің 85%-ға жуығы есептік кезеңде нәтижелілікті бағалаудан өтті.


Мансаптың нәтижелілігі мен дамуын бағалаудан өткен қызметкерлер, адам




Мансаптың нәтижелілігі мен дамуын бағалаудан өткен ерлер мен әйелдер, адам



2022 жылы мансаптың нәтижелілігі мен дамуын бағалаудан өткен қызметкерлер, 407 адам %



Мансаптың нәтижелілігі мен дамуын бағалаудан өткен қызметкерлер, адам



## Қызметкерлерді дамыту 404-1

АрселорМиттал Университет Кампус Қазақстан барлық қажетті техникалық оқу құралдарымен жабдықталған екі заманауи оқу орталығынан тұрады:

- болат департаментінде қызметкерлерді оқыту және дамыту бөлімінің базасындағы оқу орталығы (ауданы 3 000 м<sup>2</sup> астам);
- көмір департаментіндегі «Шахтер» оқу орталығы (ауданы 2 075,5 м<sup>2</sup>).

АрселорМиттал Университет Кампус Қазақстан оқу бойынша бағдарламаларының құрылымы алты академиядан тұрады және оқу мен қызметкерлерді дамытудың жергілікті және корпоративтік бағдарламаларын біріктіреді. Негізгі оқу бағыттары: қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы оқу; функционалды оқыту.

2022 жылы Компанияның 49 192 қызметкері түрлі курстар бойынша теориялық және практикалық оқудан өтті. 2022 жылы үш департамент бойынша бір қызметкерге шаққандағы бір жылғы оқу сағаттарының орташа саны


# 18,4 с

(2021 – 13,12 с, 2021 – 8,63 с) болды. 12 327 сыртқы ұйым жұмысшысы мен жеке тұлғалар да АМТ оқу орталықтарында қауіпсіздік техникасы бойынша оқудан және кәсіптік оқудан өтті.

## АрселорМиттал Университет Кампус Қазақстан жанындағы академияларда 2022 жылы қызметкерлерді оқыту және дамыту бойынша мәліметтер

Атауы	Болат департаменті, адам	Көмір департаменті, адам	Темір-кен департаменті, адам
Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау академиясы	26 746	9 742	4 202
Кәсіби оқу академиясы	6 409	1 136	957

## Компанияның оқудан өткен қызметкерлерінің саны, адам



2022 жылы қызметкерлерді оқыту және дамыту бөлімінде металлургиялық өндіріс краны машинистерінің практикалық дағдыларды меңгеруіне арналған оқу аудиториясы қалпына келтірілді. Мультимедиялық кабинет және бірнеше тренинг аудиториялары ашылды.

Фирмаішілік оқу Компанияның оқу орталықтарында, сондай-ақ сыртқы оқу орталықтарында 400-ден астам мамандық бойынша жүргізіледі. Осылайша, болат департаментінің 200 қызметкері және көмір департаментінің 63 қызметкері Қазақстан және жақын шетелдің біліктілік арттыру және сертификаттау сыртқы оқу орталықтарында оқыды. Компанияның 900-ден астам қызметкері сыртқы қызмет провайдерін тарту арқылы күндізгі, онлайн және корпоративтік форматта өткізілген оқулардан өтті.

Екатеринбург қаласы Халықаралық техникалық инновациялар институтымен жөндеу қызметі мамандарының біліктілігін арттыру саласында ұзақ мерзімді әріптестік туралы шартқа қол қою маңызды оқиғалардың бірі болды. 2022 жыл ішінде Компанияның 114 қызметкері оқуға қатысты. Оқудың негізгі бағыттары:

- механикалық берілісті кешенді диагностикалау және жөндеу негіздері;
- жөндеуден профилактикаға. Ақауларға талдау және шешімдерді іздеу;
- гидравликалық жүйелерге қызмет көрсету, диагностикалау, ақауларды іздеу және жою;
- қондырғыларды техникалық диагностикалау. Қондырғылардың сенімді жұмысын қамтамасыз етудің предиктивті тәсілдері;
- өнеркәсіптік тоңазытқыштар мен құрылғыларды жөндеу және қызмет көрсету;
- электр қозғалтқыштары (түрлері, жылдамдықты реттеу тәсілдері, басқару тәсілдері, техникалық қызмет көрсету, негізгі ақаулар).

## ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ



**Ғылым және техника саласындағы қызметпен байланысты дағдылар тұрақты даму үшін аса маңызды. Сондықтан жас мамандар мен техникалық ЖОО түлектерін қолдау аясында 2022 жылы келесі жобалар жүзеге асырылды.**

### STEM ЖОБАЛАР

2022 жылы «STEM» жобаларға

# 120 млн теңгеден астам

қаржы инвестицияланып, бенефициарлар саны 4 600-ден астам адамды құрады (Абай қаласындағы оқушыларға арналған STEM-зертханаларды қоса алғанда). «STEM» корпоративтік жауапкершілік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2022 жылы ЖОО, кәсіптік және техникалық колледж студенттері АМТ бөлімшелерінде өндірістік тәжірибеден өтті: болат департаментінде 881 студент, көмір департаментінде 400 студент, темір-кен департаментінде – 139 студент, оның ішінде дуальды оқу формасы бойынша – 7 колледжден 400-ден астам студент өндірістік тәжірибеден өтті.

2022 жылғы мамырда Қарағанды индустриялық университет қабырғасында АМТ жетекші техникалық сарапшылары екі апталық мастер-класс өткізіп, оларға келесі бағыттар бойынша 200-ден астам студент қатысты:

- кокс-химиялық өндіріс;
- жобаларды басқару;
- шойын және болат өндірісінің процестері;
- оттегі-конвертерлік цехінде болат балқыту.

Компания әріптестік аясында қолдау көрсету үшін Өңірлік колледждердің қамқоршылық кеңестеріне тұрақты негізде қатысады. 2022 жылғы желтоқсанда 10 колледждің әлеуметтік осал топтарға жататын 701 студентіне Жаңа жылды мерекелеуге орай азық-түлік пакеттері табыс етілді.





## КОМПАНИЯ БАСШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН КӨШБАСШЫЛЫҚ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## «ТОП-100 ИНЖЕНЕР»

АМТ-да біз жаңа жас мамандар үшін де қолайлы жағдайлар құруға ұмтыламыз. Өршіл, икемді және нәтижеге қол жеткізуді мақсат ететін жұмысшылар индустрия саласының үздік сарапшыларынан білім алуға және жаңа дағдыларды меңгеруге қажетті шексіз мүмкіндіктерге ие болады және ауқымды инновациялық жобаларда өз мүмкіндіктерін сынай алады.

Мұндай дамыту жобаларының бірі – «ТОП-100 инженер» бағдарламасының арқасында жоғары және орта техникалық оқу орындарының

2022 жылы АМТ мен Назарбаев Университеті Бизнес Жоғарғы Мектебі әріптестігі аясында Компания басшыларына арналған көшбасшылық бойынша жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді. Пилоттық топтарға қарашада АМТ болат және көмір департаменттерінің «Өркен» ЖШС және басқа еншілес кәсіпорындардың

# 230-дан астам түлегі

мұндай мүмкіндікті пайдаланды.

# 79 басшысы қатысты

Ал 2023 жылы компанияның 300-ге жуық бірінші басшысы оқуға қатысады. Бағдарлама барысында қатысушылар тұрақты өзгеріп жатқан әлемдегі сәтті көшбасшылықтың тұжырымдамасын тереңірек зерттеуге, жоғары өндірістік командалар құру және дамыту бойынша академиялық білім мен практикалық стратегия алуға, кризистік басқару мысалдарын қарастыруға, өзінше талдау және эмоциялық интеллекті диагностикалау арқылы жетілдіру үшін жеке қасиеттерді бағалауға мүмкіндік алды. Қатысушылар бір-бірін жақсы тануға мүмкіндік беретін, сондай-ақ ұжым ішіндегі байланысты жақсартатын және бағдарламадан тыс жұмысты барынша тиімді жүргізуге бағытталған шараларға қатысу мүмкіндігін алды. Кешенді бағдарлама курсты жүргізушінің аудиториялық білім беруімен ғана шектелмейді, қатысушылар кейінгі бірнеше ай бойы онлайн платформада оқуды жалғастырып, алған білімін тәжірибе жүзінде сынап көре алады, сондай-ақ жеке коучпен кәсіби мәселелерді талқылаудың бірегей мүмкіндігіне ие болады. Бұл бағдарламаның әсерін бағалау үшін уақыт керек, дегенмен оған қатысу мүмкіндігіне ие болған көптеген Компания жұмысшыларының оң пікіріне және бағдарламаға қатысуға түрлі басшылық деңгейіндегі Компания жұмысшыларынан өтініштердің көптеп түсіп жатқанына қарап бағдарлама қазірдің өзінде жемісін беріп жатыр дегуге болады.


2022 жылғы қазанда жобаның сегізінші толқынының 7 түлегі Компанияда түрлі бизнес процестерді жетілдіру бойынша жеке жобаларды қорғап, диплом алып, оқуды аяқтады. Жобаны мақсаты түлектерді жұмысшы позицияларына еңбекпен қамтып, оларды инженерлік-техникалық құрамға дейін дамыту болатын. 2022 жылдың соңындағы мәлімет бойынша, бағдарлама бойынша оқуды аяқтаған қатысушылардың 68%-ы ИТҚ және басшы позицияларында жұмыс істеуді жалғастырып, бұл мақсатқа қол жеткізді. Сегізінші толқын бұл жобаның қорытынды толқыны болатын. Өйткені, 2023 жылы бағдарлама трансформацияланып, Компания қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сай өзектендіріледі. «ТОП-100 инженердің» орнына келетін жоба «Career Track» атауын иеленді және Компанияда жас перспективалы түлектерді әлдеқайда бәсекеге қабілетті шарттармен еңбекпен қамту, оларды қолдау мен ұйымда таланттарын жүзеге асыру мүмкіндіктерін ұсынады.


2022 жылы Тіп академиясы, Менеджмент және Көшбасшылық академиясы, Қазақстандағы түрлі Функционалды Кампус академияларында дәстүрлі күндізгі және онлайн форматтағы дамыту шаралары АМТ департаменттерінің 1 125 адамын қамтыды, олардың ішінде 26 адам «АрселорМиттал» кәсіпорындар Тобы деңгейінде корпоративтік университет бағдарламаларында өзінің басқарушылық және көшбасшылық дағдыларын дамыту мүмкіндігін алып, бүкіл әлемдегі әріптестерімен өзара қызмет ету және жетекші бизнес мектептерде оқумен байланысты ұмытылмас тәжірибе алды.

АМТ Компанияға әлеуетті жұмысшыларды дайындау және дамыту үшін білім беру гранттарын береді. 2022 жылы Компания жұмысшыларына 32 білім беру гранты бөлінді. 2022 жылғы желтоқсанда Компанияның білім беру гранттарын берудің екінші толқыны аясында студенттерден өтініш қабылдау аяқталды. 100-ден астам адам қатысуға өтініш берді. Үміткерлерді іріктеу 2023 жылғы ақпанға жоспарланған.

Компания мен «Қарағанды техникалық университеті» ҰАҚ және «Қарағанды индустриялық университеті» ҰАҚ-мен әріптестік туралы меморандум аясында 2022 жылы Компания Қарағанды индустриялық университетіне (13 грант) және Қарағанды техникалық университетіне (37 грант) жалпы саны 50 білім беру грантын бөлді.

Өндіріспен танысу, жас ұрпақты экологиялық тәрбиелеу аясында 2022 жылғы маусымда АМТ-ға экскурсиялар ұйымдастырылды. Болат, көмір және темір-кен департаменттерін жалпы саны 97 оқушы мен студент аралады.





## БІЛІМ АПТАЛЫҒЫ

**Тұрақты даму – 2022 жылы жыл сайынғы «Білім аптасы» корпоративтік бастамасын өткізу кезінде көрініс және қолдау тапқан бағыт. Үздіксіз білім алу миссиясына сүйене отырып, біз бұл трендке «өнер» тұрғысынан қарап, оны игеруде корпоративтік университет Компания жұмысшылары үшін қалай пайдалы болатынын зерттеп көрдік. Өнер – шеберлік, ол – дағды, ол – адам қабілеттерінің шығармашылық тұрғыда жүзеге асуы. Биыл тұрақты дамудың 4 басым бағыты таңдалып алынып, оның аясында біз өнер туралы әңгімеледік:**

### 1. Командада жұмыс істеу

Командада жұмыс істеу қабілеті маманның әріптестерімен тиімді өзара қызмет етіп, ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін өзінің қабілеттерін қолдануына мүмкіндік беретін бірқатар қырының болуын сипаттайды. Сондықтан бұл дағды көптеген жылдардан бері жұмыс орындарындағы ең қажетті дағды саналып келеді. Қатысушылар өзінің табиғаты мен өзінің жағдайының табиғатын жақсырақ тануға, жеке мотивтері мен өзгелердің мотивтерін түсінуді жақсартуға тырысып, жеке тиімділікті қалай арттыруға, қалауыңды басқарып, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болатынын, түрлі мәдениет өкілдерімен өзара әрекет ету жолдарын меңгеріп, коммуникация, дауларды шешу мен командалық жұмыс дағдыларын жаттықтырды.



### 2. Қауіпсіз ойлау және амандық

Шын мәнінде кез келген жұмыста кездесетін жеке реніштер, шаршау, жұмыс пен өмір арасындағы теңгерімсіздік, күйзелістің жоғары деңгейі – мұның бәрі адамның денсаулығына теріс әсер етіп қана қоймай, оның тиімділігі мен ұйым жұмысына деген ынтасын төмендетеді. Қызметкерлердің амандығы біздің корпоративтік мәдениетіміздің басымдықтарының бірі. Сондықтан біз қызметкерлердің психологиялық, физикалық денсаулығын жақсартуына мүмкіндіктер мен ресурстар беріп, энергиямен толтыруға, біздің әрбір жұмысшымыз дамып, өзінің әлеуетін толық ашуына жағдай жасадық.



### 3. Инновацияларды іздеу және құру

Инновациялар дегеніміз – «әлемді жақсартатын дүниелер». Сонымен бірге ол кез келген саланың мамандары үшін өзекті дағды, өйткені оның негізінде сыни ойлау мен мәселелерді шешу жатыр. Біз рационализаторлық ұсыныстар жүйесіне айрықша көңіл бөліп, әріптестердің сәттілік оқиғаларымен, жұмысты жақсарту салаларының практикалары мен тәсілдерімен бөлістік, жаңа технологиялармен бірге келуі мүмкін сыртқы қауіптерден қорғану тәсілдерін әңгімеледік, ал жұмысшылардың балалары өздерінің шығармашылық қырларын ашып, виртуалды шындық сабақтарына қатысты.

### 4. Ресурстарды ақылмен пайдалану

«Білім аптасы» оқыту алаңында талқылауға арналған басты тақырыптар келесілер болды: табиғатты рационалды пайдалану, қалдықтарды сұрыптау планета өмірінде қандай роль ойнайды, «жасыл энергетика» қалай біздің қалаларды тазалайды, кризис дәуірінде әлем қалай өзгереді және біздің әрбіріміз дәл қазір не істей аламыз, экология туралы түсінік қалай өзгерді және брендтер қалай экология туралы жалған түсінік қалыптастырады.

Өнер оқыту тәсілдерінің негізіне енді, сондықтан биылғы жылдың басты 4 тренді қатысушылар үшін жаңа арт мастер класс, трансформациялық ойындар мен микро оқулар форматында ашылып, бұл қатысушыларға өзінің түйсік шекарасын кеңейтіп, көптеген мәселелерге жаңа призма арқылы қарауға мүмкіндік берді. Бұл сондай-ақ, карантиннен кейінгі ұзақ жылдан кейін Кампус есіктері биыл Компания жұмысшылары үшін күндізгі форматта қайта ашылуына байланысты да мүмкін болды. Осылайша, шаралардың 68 %-ы корпоративтік университеттің дәрісханаларында өтіп, қатысушылар әртүрлі кәсіпорынның департаменттеріндегі әріптестермен кездесіп, ішкі және сыртқы сарапшылармен кездесіп, стандартты емес практикалық сессиялар уақытында өнімді білім алмасуды жақсартуға мүмкіндік алды. Ал өндірістік қажеттілік, қашықтық және өзге де себептерге байланысты Кампустағы оқуларға қатыса алмаған мамандар үшін балама тақырыптағы вебинарлар, тренингтер мен қашықтан және онлайн форматтағы ақпараттық сессиялар ұйымдастырылды. Олардың барысында күндізгі форматтан кем соқпайтын тиімді оқу ортасын құруға және өзге қатысушылармен виртуалды кеңістікте өзара әрекет етуге мүмкіндік беретін заманауи құралдар қолданылады.

2022 жылғы 6 маусым мен 14 шілде аралығында барлығы

**100** астам шара өткізілсе,

оларды әзірлеу мен өткізуге 61 ішкі сарапшы мен 26 сыртқы жаттықтырушы қатысты. Оқуға тартылған сарапшылардың

**43 %-ын** басшылар құрады

бұл Компаниядағы білімді тарату, дамыту және кейінгі буынға қалдырудың маңызын айшықтай түседі.

«Білім аптасы» уақытында оқу шараларына


**2 280** адам қатысты, ал

**420**-дан астам адам

конференция, викторина, кәсіби шеберлік байқауы және сыйлықтардың ұтыс ойынында естелік және бағалы сыйлықтарға ие болды.







Қатысу өңірлерін дамыту

БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

Халықаралық бизнестен қашан да жоғары азаматтық жауапкершілік күтіледі. АМТ секілді жаһандық компания өзі жұмыс істейтін өңірдің өмірі мен экономикасына әсер етпей қоймайды. Әдетте мұндай әсер айтарлықтай үлкен. Сәйкесінше, қоғам да кәсіпорын жұмысына өз әсерін тигізетіндіктен, өзара әрекет етудің маңызы зор. Компанияның мақсаттарын түсінуі үшін бірінші кезекте жергілікті қоғамдастықтың қалауын түсіну және қабылдау қажет.

АМТ жергілікті тұрғындардың құқықтарын құрмет тұтуға және жершілікті қоғамдастықтың мәдениеті, дәстүрлері мен құндылықтарын дамытуға ұмтылады. Ол біздің қызметіміз әсер ететін жергілікті тұрғындармен жан-жақты және ашық диалог жүргізу арқылы жүзеге асады. «АрселорМиттал» Тобының сыртқы мүдделі тараптармен өзара қызмет бойынша процедурасы бізден жергілікті қоғамдастықтармен ашық және жан-жақты диалог жүргізуді, оның ішінде әдетте назардан тыс қалып қоятын әйелдермен және балалармен өзара жұмыс істеуді талап етеді.

АМТ мемлекеттік билік органдарымен, бизнес қоғамдастықпен, қоғамдық ұйымдармен және өзге де мүдделі тараптармен әріптестікте жұмыс істейді. Компания диалог, өзара қызмет және әріптестікті қолдайды. Компания басшылығы қоғамды қандай мәселелер толғандыратынын түсініп, солармен әрі қарай жұмыс жүргізіп, аталған мәселелер бойынша қол жеткен прогресс туралы кезең сайын есеп беріп тұруға мүдделі.

Осылайша, Арселор Миттал Тобының Басқарма төрағасы ҚР Президентімен бірнеше рет кездесіп, ҚР болат балқыту және тау-кен өнеркәсібінің тұрақты жұмысы үшін инвестиция бөлу мәселесі, сонымен қатар «жасыл болат» бастамасы аясында ұзақ мерзімді әріптестік стратегиясы, әрі қарайғы серіктестік аясында әлеуметтік міндеттемелерді орындау мәселелерін талқылады. 2022 жылы ҚР энергетика министрі № 7 қазандық құрылысының прогресімен танысу үшін ЖЭО-2 құрылыс алаңына барды.

Есептік кезеңде

қоғам және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен

**25** қоғамдық тыңдау және  
**19** кездесу өткізілді

2022 жылы ақпанда қалалық мәслихат депутаттары металлургиялық комбинатта болып, АМТ экологиялық жобаларының жүзеге асу барысымен танысты. Жыл ішінде қоғам өкілдерімен және экобелсенділермен бірнеше кездесу өтіп, олар өндірістік нысандармен, өндірісті автоматтандыру жүйесімен, сонымен қатар бірінші және екінші газ тазалау жұмысымен, экологиялық жобаларды жүзеге асыру прогресімен және ЖЭО-2 орталығында жаңа қазандық салу жұмысының барысымен танысты. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің өкілдері, сондай-ақ қоғам өкілдері, Аманат партиясының депутаттары және БАҚ өкілдері АМТ табиғат қорғау қызметінің нәтижелерімен танысты.



ЖҰМЫСШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМА

Қарашада экологиялық бағыттағы «№ 16 жалпы білім беру мектебі» МКК «Отражение» ҚБ басшылары, Теміртау қаласы мәслихатының депутатымен бірге АМТ агломерация жұмысшылары үшін қоршаған ортаны қорғау тақырыбында танымдық бағдарламаны өткізді. Шарада тұрмыстық қалдықтарды азайту бойынша оқушылардың экологиялық жобалары, қоқысты сұрыптау және қордалау процесі бойынша практикалық жаттығулар, сондай-ақ энергияның балама көздерін пайдалану бойынша жоба және көптеген басқа жобалар таныстырылды. Одан бөлек, қоршаған ортаға қамқорлыққа бағытталған түрлі мастер кластар өткізілді.



Жергілікті қоғамдастықтарды қолдауға инвестициялар

203-1 203-2 413-1 413-2

Компания балансында демалыс үйлері, шипажайлар, балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерлері, спорттық кешендер және медициналық мекемелер бар. АМТ Теміртау қаласының тұрғындарына коммуналдық қызметтерді (ыстық және суық су, жылу, электр энергиясы) жеткізуші болып табылады.


Әлеуметтік жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде Компания жергілікті қоғамдастықтардың сұраныстары мен қажеттіліктерін назарға алады. Мұндай қажеттіліктер жергілікті мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесу барысында айқындалады. Одан бөлек, Компанияға ішкі/сыртқы мүдделі тараптардан қандай да бір көмек көрсету туралы өтініш хаттар түсіп тұрады.

Компания өзі қатысатын аймақтарды абаттандыру және инфрақұрылымын дамыту жобаларына қаржылай қолдау көрсетеді, білім беру, медициналық, мәдени

және спорттық мекемелерін қолдайды, сонымен қатар соғыс және еңбек ардагерлеріне, мүмкіндігі шектеулі жандарға, балалар үйлері мен халықтың әлеуметтік осал топтарына ақшалай және тауар формасында қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді.

АМТ келесідей түрлі бағдарламалар мен жобалар аясында жергілікті қоғамдастықтарға қолдау көрсетеді:

- өзара әріптестік туралы меморандумдар;
- өз бастамасы бойынша жергілікті қоғамдастықтарға арналған жобалар;
- «АМТ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі аясында қайырымдылық және өзге аударымдар бойынша саясат» талаптарына сәйкес сыртқы мүдделі тараптардың өтініштері бойынша жобалар;
- Теміртау қаласы тұрғындарының жылу және электр энергиясы шығындарын субсидиялау (2022 жылы 8,4 млрд теңге);
- аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту.



Әлеуметтік жобаларға 2022 жылы

**2,6** млрд теңге жұмсалды



Өзара әріптестік меморандумы аясында 2022 жылы АМТ

**811** млн теңгеге

Шахтинск қаласында мәдениет және демалыс паркін қайта құрып, аумағын көгалдандырды.

Сондай-ақ,

**204** млн теңге

қаражат медициналық қондырғыларға (екі күйікке қарсы кереует, жылжымалы рентген аппараты, бөлімді оттегімен орталықтандырылған қамтамасыз ету) және Теміртау қаласы Орталық ауруханасына арналған жедел жәрдем көлігіне жұмсалды.



## ШАХТИНСК ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ПАРКІН ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ

2022 жылы Шахтинск қаласының Орталық паркін кешенді абаттандыруды көздейтін ауқымды жоба аяқталды. **Бұл бастаманы жүзеге асыруға Компания 811 млн теңге инвестициялады.**

2021 жылы 30 маусымда Қарағанды облысы басшылығы мен АМТ арасында Шахтинск қаласындағы мәдениет және демалыс паркін абаттандыру жобасын қаржылай қолдау туралы меморандумға қол қойылды. Қол қойылғаннан кейін жоба алдындағы жұмыстар басталды. Бұл ретте жобаны әзірлеуге ерекше көңіл бөлінді, өйткені Орталық парк бірінші кезекте балалар үшін қауіпсіз болуы тиіс.

Паркті кешенді абаттандыру жұмыстары аясында алаңдар мен аттракциондардың іргетас жұмыстары орындалып, жаяу жүргінші жолдарына тас кеспекшелер төселді. Бұл ретте парк тұрған жер батпақты мекен екені ескеріліп, тас кеспекшелердің астына қосымша төсем жасалып, конструктивті қабат 40–50 см-ге дейін арттырылды. Бұл кейінгі деформациядан, төсеніштің отыруынан сақтау үшін екі құрғатқыш арықтар әзірленді.

Паркте кіреберіс қақпасы қайта жөнделіп, ескірген жарықшам бағаналары қайта жөнделіп, қосымша 15 бағана орнатылды. Фотозоналар ұйымдастырылды. Тұрғындардың демалуы үшін екі самалжай, келушілердің жас ерекшелігіне сәйкес үш түрлі 89 орындық қойылды. Ермак», «Карусель», «Гусеница», «Автодром» және «Тир» әткеншектерін қоса алғанда бес аттракцион орнатылды. Белсенді демалыс үшін воркаут, стритбол, баскетболмен айналысуға арналған спорттық алаңдар және скейт парк ұйымдастырылды.

Компания Шахтинск қаласының паркінде 2009 жылы орнатылған «Шахтер отбасы» ескерткішін жөндеуге және парк аумағын көгалдандыруға айрықша көңіл бөлді.

2022 жылы шахтерлер парк аумағында қарағаш, бозқараған, алма, мойыл, татар үйеңкісі, күміс терек және пирамидалық теректі қоса алғанда

**3 000** астам көшет отырғызды


Парк әкімшілігімен бірге жасыл желекке кейінгі күтім шаралары ұйымдастырылады. 2023 жылы Компания паркті көгалдандыру жұмыстарын жалғастырады. Жасыл қоршау жасап, бос жерлерге көшет отырғызып, паркті шын мәнінде Шахтинск қаласының сәніне айналдыру жоспарланып отыр.



Лисаковск қаласындағы «Алый Парус» балалар лагері үшін спорттық ойын-сауық алаңдарын сатып алу қаражаты

**50** млн теңге болды





АМТ жыл сайын мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысады. Компания кәсіби мерекелер – Металлург күні мен Шахтер күніне ерекше көңіл бөледі.

Дәстүрге сай, Металлург күні қарсаңындағы жұма күні өндіріс жетекшілері марапатталып, Даңқ аллеясындағы жаңаланған Құрмет тақтасы ашылады. 60 үздік металлургтің фотосуреті бір жыл бойы Даңқ аллеясындағы Құрмет тақтасына сән береді.

Металлург күні кәсіби мерекесіне орай, Компанияда металлург комбинатының үздік жұмысшылары мемлекеттік награда – «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды. Өндіріс үздіктері Тау-өндірістік және тау-металлургиялық кәсіпорындар қауымдастығының (ТТКК) құрмет грамотасы мен II және III дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен марапатталды.

Қарағанды, Шахтинск, Саран, Абай және Қаражал шахтерлік қалалары үшін әкімдіктер мен АМТ көмір департаменті Қарағанды облысының басты мерекесі – Шахтер күніне орай қызыққа толы бағдарлама

өзірледі. Бағдарлама барлық қалаларда әртүрлі мерекелік мәдени-бұқаралық шараларды қамтыса, олардың қатарында өнер ұжымдарының концерттік бағдарламасы, шығармашылық байқаулар, балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы, көрмелер, жәрмеңкелер, мастер-класстар, спорттық іс-шаралар және басқа да көптеген іс-шаралар жүргізілді.



Жеңіс күнін мерекелеу аясында Компания ҰОС ардагерлеріне, блокадшылар мен тұтқындарға, еңбек ардагерлеріне және Теміртау мен Қарағанды қалаларында марапатталғандарға ақша аудару түріндегі қайырымдылық көмек көрсетті. Қызметкерлер Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің үйіне барып құттықтап, гүл мен сыйлық тарту етті, сонымен қатар Қарағанды және Теміртау қалаларының ҰОС қатысушылары үшін мерекелік түскі ас ұйымдастырды.

Жалпы сомасы  
**9,7** млн теңге

Қамтуы  
**1 375** адам



Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу аясында АМТ балалар үшін екі мүгедек арбасын, Абай қаласындағы ерекше балалар үшін және Қарағанды қаласындағы аз қамсыздандырылған көпбалалы отбасылардың балаларына төтті сыйлықтар, сонымен қатар Бақты ауылдық округіндегі аз қамсыздандырылған көпбалалы отбасыларға азық-түлік пакеттерін сатып алды. Компания Теміртау қаласындағы облыстық оңалту орталығының белмелерін «Монтессори» оқу материалдарымен жабдықтап, «Дети за жизнь» ҚБ облыстық қоғамына материалдық қолдау көрсетті.

Жалпы сомасы  
**5,7** млн теңге

Қамтуы  
**1 533** адам





**Халықаралық білім күнін мерекелеу** аясында АМТ Қарағанды қаласында, Осакаров ауданы және Теміртау қаласындағы 4 балалар үйі мен үкіметтік емес ұйымға кеңсе тауарларын сатып әперді. Шахтинск, Абай, Саран, Теміртау және «Өркен» ЖШС кенішінің елді мекендерінде аз қамсыздандырылған 51 отбасының балалары кеңсе тауарлары мен киім алуға арналған сыйлық сертификатын алды. Компания сондай-ақ Қарағанды қаласындағы ҚОББ «№3 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМБ үшін мамандандырылған қондырғылар алуға және Теміртау қаласында «Облыстық балалар шипажайы» КМҚК үшін спорттық жабдықтар алуға демеушілік көрсетті.

Жалпы сомасы  
**8,3** млн теңге

Қамтуы  
**1 167** адам



**Халықаралық қарттар күнін мерекелеу** қарсаңында Компания Қарағанды қаласындағы «Ардагерлер ұйымы» ҚБ үшін компьютерлік және тұрмыстық техника, сонымен қатар Абай қаласындағы зейнет жасына жеткен қарттар, жалғызбасты адамдар, мүгедектер тұратын «№1 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КМБ үшін көп функциялы кереуеттер сатып алынды. Қарағанды қаласындағы «Добро» пансионаты үшін самалжайлар, орындықтар және өткеншектер сатып алынды.

Жалпы сомасы  
**8,5** млн теңге

Қамтуы  
**178** адам

**Жаңа жылды мерекелеу** аясында АМТ аз қамсыздандырылған отбасылар, жетімдер, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін тәтті сыйлықтар сатып әперді.

Жалпы сомасы  
**5,5** млн теңге

Қамтуы  
**1 027** адам



## STEM-зертханалар

Компания Абай қаласындағы № 14 мектеп-лицей мен № 10 гимназия оқушыларына STEM-зертханаларды тарту етті. Заманауи кешен арқылы балалар логика негіздерін, білім беру робототехникасын, конструкциялау мен бағдарламалау әліппесін меңгеріп, қоршаған әлемді танып, физика заңдарымен таныса алады, химия, экология, биология және физиология туралы білім алады.

Цифрлық STEM-зертханалар бірегей инновациялық кешеннен тұрады және оқушыларды шығармашылық дамытуға, сонымен қатар инженерлік ойлау негіздерін дамытуға бағытталған 165-тен астам тапсырмадан тұрады. Оларға 3D-принтерлер, биология, химия, физика және математиканы меңгеруге арналған робо- және пәндік жиынтықтар, графикалық калькуляторлар мен лобзик сынды төрт станокқа дейін құрастыруға мүмкіндік беретін CoolTool конструкторы, ауа райы станциясы, виртуалды шындық көзілдірігі кіреді. Зертханалар жайлы жиһазы мен LED-экрандары бар оқу сыныптарына орнатылды. Бұл кабинетте 12 және одан жоғары жастағы балалар оқи алады. Болашақта олар өз бетінше ноутбук құрастырып, бағдарламау тілін меңгеріп, логикалық және инженерлік ойлау қабілетін дамыта алады.

Жалпы сомасы  
**19** млн теңге

Қамтуы  
**2 040** адам




## Модульді типті павильондар

АМТ қаржыландыруымен республикалық мәні бар Астана – Теміртау тас жолының бойында 2022 жылы модульді типті үш жаңа павильон орнатылды. Бұл жол бойы сервисінің нысаны шағын мобильді тұрғындар топтарына арналған жағдайлар жасалған жайлы санитарлық-гигиеналық тораппен қамтылған. Модульді павильонда сауда алаңы бар және жанында автомобиль жолдарын тұтынушыларға арналған демалыс алаңдары қарастырылған. Бұдан бөлек, Компания павильондарға электр және су жүргізуді өз мойнына алды.

Жобаның жалпы құны  
**143** млн теңгені құрайды





## Адам құқықтарын сақтау

### БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

3-3

2-23

2-24

410-1

Жетекші металлургиялық және тау өндірістік компания ретінде АМТ Компания қызметін заңнамалық, этикалық және әлеуметтік нормалардың талаптарына сәйкес реттеуге міндетті. Компания қарапайым тәуекелдердің пайда болуының алдын алу және кәсіпорындағы жасырын бұзушылықтарды анықтау үшін Комплаенс бағдарламасын енгізді.

Комплаенс бөлімнің маңызды міндеттерінің бірі – қызметкерлерге Комплаенс бағдарламасының саясаттары мен процедураларын оқыту, оқу семинарларын өткізу, ақпараттық жадынамалар мен хабарламалар әзірлеу болып табылады.

Соған байланысты келесі корпоративтік саясаттар әзірленді:

- адам құқықтары туралы саясат;
- іскерлік мінез-құлық кодексі;
- сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша ереже;
- мәліметтерді қорғау саясаты;
- экономикалық санкцияларды сақтау процедурасы;
- инсайдерлер операциялары туралы ереже;
- Компания қызметінің бәсекені қорғау туралы заңнама талаптарына сәйкестігі бойынша нұсқаулық.

Адам құқықтары туралы саясат «АрселорМиттал» Тобының барлық контрагенттеріне таралады. АМТ және «Өркен» ЖШС шарттарының стандартты үлгілері контрагенттердің «АрселорМиттал» саясаттарын, оның ішінде адам құқықтары туралы саясатты және заңнамаларды сақтауы туралы бөлімді қамтиды. Адам құқықтары туралы саясатқа сілтеме:



Саясат келесілердің негізінде әзірленген:

- БҰҰ адам құқықтары туралы жалпыға ортақ декларация және Адам құқықтары туралы халықаралық билльді құрайтын екі халықаралық келісім;
- «Еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидалар мен құқықтар туралы» Халықаралық еңбек ұйымының декларациясы;
- БҰҰ Жаһандық келісімшарты.

2022 жылы болат, көмір және темір-кен департаменттерінің және еншілес кәсіпорындардың 588 жұмысшысы тиісті оқудан өтті. Қауіпсіздік қызметінің жұмысшылары адам құқықтары бойынша оқуларға 100 % қатысты (2021 жылы – 92 %, 2020 жылы – 76 %).

«АрселорМиттал» Тобының адам құқықтары туралы саясатында адам құқықтарына қатысты біздің әрекеттеріміз бен тәртібіміздің қағидалары жазылған. Компания өз мойнына жұмысшылар, мердігерлер, жеткізушілер, сатып алушылар, жергілікті қоғамдастықтар және өзге серіктестердің құқықтарын сыйлау және қолдау міндеттемесін алады.

## Кемсітушіліктің алдын алу

406-1

408-1

409-1

2-25

2-26

Компанияда кемсітушілік, балалардың еңбегін және мәжбүрлі еңбекті пайдалану деректері анықталған жоқ. Дегенмен, мұндай жағдайлардың алдын алу мақсатында АМТ келесі қағидаларды ұстанады:

1. әрбір қызметкерге және қызметкер болуға әлеуеттік әрбір үміткерге әділ және лайықты қарым-қатынасты қамтамасыз етуге ұмтылу;
2. нәсілі, тері түсі, жынысы, сексуалдық бағдарлығы, жасы, діні, этникалық ерекшелігі, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегін, саяси және өзге де көзқарасы, мүгедектігі, туылуы немесе басқа да кез келген белгілері бойынша кез келген заңсыз кемсітушілікке жол бермеу;
3. қызметкерлердің кемсітушіліксіз жұмыс тәсілдері мен халықаралық деңгейде мақұлданған жұмыс стандарттарын енгізу және ұстану;
4. жұмыстың әрбір сатысында және иерархияның әрбір деңгейінде кемсітушілік мінез - құлықты жою.

Компаниядағы кемсітушілік жағдайлары мен оған қатысты шағымдарының санын азайту мақсатында жұмысшыларға іскери тәртіп кодексі мен адам құқықтары жөніндегі саясатын оқыту қарастырылған.

**2022 жылы болат, көмір, темір-кен департаменттері мен еншілес кәсіпорындардың**

# 34 095

## қызметкер

онлайн құралдар мен семинарлар барысында іскерлік мінез-құлық кодексі<sup>15</sup> таныстырылды.

Кемсітушілік, балалар еңбегін немесе мәжбүрлі еңбекті пайдалану, болмаса олардан пайда алу сынды заңсыз тәжірибелерге тікелей емес үлес қосу жағдайларын болдырмау үшін АМТ бұл бағыттағы іскери серіктестердің сенімділігіне тексеру жүргізеді.

## Шағым және ұсыныстар беру механизмі

Қызметкерлерге арналған шағым және ұсыныстар беру механизмі болуы мүмкін заңсыз әрекеттер мен тәртіп бұзушылықтар, оның ішінде іскери тәртіп кодексін, құқықтық немесе нормативтік талаптарды сақтамаушылық, алаяқтық, бухгалтерлік есеп, аудит, банк ісін жүргізу ережелерін сақтамау, Компания мен оның еншілес ұйымдарының қарапайым қызметін жүргізу барысында пара алумен байланысты маңызды қауіптер туралы ақпараттандыруға арналған Құқық бұзушылықтар туралы саясатта қарастырылған. Бұл саясат «АрселорМиттал» Тобының деңгейінде қабылданған және келесі сілтеме бойынша қолжетімді:



Одан бөлек, Компанияның қоғаммен өзара байланысы мүдделі тараптардан түсетін шағымдар мен хабарламалар арқылы жүзеге асырылады. АМТ-ға келіп түсетін шағымдармен жұмыс процедурасы әзірленген және ол Компанияның қазақстандық сайтында жарияланған:



Мүдделі тараптар келесі арналардың бірі арқылы өзіне ыңғайлы тәсілмен шағым не хабарлама жолдай алады:

- |  |   |
|--|---|
| <b>Пошта мекенжайына</b>   | Қағаз түрінде келесі пошта мекенжайына: «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, 101407, Теміртау қаласы, Қарағанды облысы, Республика даңғылы, 1   |
| <b>Электронды пошта</b>  | <b>General.mst@arcelormittal.com</b>  |
| <b>Бағыттар бойынша «Жедел желілер»</b>                                    | Компания сайтында: <a href="https://www.arcelormittal.kz/">https://www.arcelormittal.kz/</a><br>Жаһандық «жедел желі»: <a href="http://www.arcelormittal.ethicspoint.com">www.arcelormittal.ethicspoint.com</a><br><b>8 800 080 55 32</b><br>Жергілікті «жедел желі»: <a href="mailto:HotlineTemirtau@arcelormittal.com">HotlineTemirtau@arcelormittal.com</a><br><b>+7 (7213) 96-09-09</b> |
| <b>Қаржылық заң бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі бөлімнің жедел желісі</b> |   |
| <b>Мәселелерді шешу тақталары</b>  | Көмір шахталары мен металлургиялық комбинаттың цехтарында орналасқан  |

QR-код



Шағымданудың жоғарыда аталған арналары кез-келген сипатты мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет пен кемсітушілік, еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік, іскери әдеп пен кемсітушілік салаларындағы заң бұзушылық, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдалану, сондай-ақ әлеуметтік бағыттағы өзге де шағымдар қаралады.

2022 жылы түрлі арналар арқылы болат және көмір департаменттеріне 280 шағым мен хат түссе, темір-кен департаментіне 25 шағым түскен. Барлық шағымдар мен хаттар бойынша тиісті жұмыс жүргізілді.



**Экономикалық ықпал**

**БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ**

3-3

201-1



Компания АМТ және оның еншілес кәсіпорындарының қаржылық жағдайы, сондай-ақ олардың қызметінің қаржылық нәтижелері, ақша қаражатының қозғалысы және бір жылдағы өзіндік капиталдағы өзгерістер көрініс табатын шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеуге жауап береді.

Компанияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттары (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес әзірленеді және лицензиясы бар сыртқы ұйымның тәуелсіз аудитінен өтеді. Компанияда есептік бағалау түрлерін, ұйымның бухгалтерлік есебін, қолданылатын алғашқы құжаттар формасын сипаттайтын Есеп саясаты, сондай-ақ Салық кодексін сақтай отырып, салық есебінің тәртібін белгілейтін салық саясаты әрекет етеді. Бухгалтерлік есеп ҚР ҚМ бекіткен алғашқы құжаттарға келіп тіреледі және заңды күшке ие.

Алдағы 6 айға болжамдық көрсеткіштерді (шикізат нарығындағы бағаның өзгеруі, әлемдік индекстердің өзгеруі, жоспарланған жөндеулер мен қондырғылардың жағдайы ескерілген өндіріс көлемі, саяси картина және т.б.) әзірлеу және өзектендіру, жоспарлы, күтілетін және нақты мәліметтерді салыстыру арқылы Компания АМТ-ның экономикалық көрсеткіштерді басқару жолының тиімділігін бағалайды.

**Компания келесілерге жауапты:**

- барлық кәсіпорындарда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- операцияларды ашып көрсету және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген датаға Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті деңгейде дәл беруге және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар формада есеп жүргізу;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасы заңнамасына және ХҚЕС сәйкес жүргізу;
- активтерді сақтауды қамтамасыз ету бойынша барлық мүмкін және ақылға сай шараларын қабылдау;
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және олардың алдын алу.

**Экономикалық нәтижеліктің негізгі көрсеткіштері<sup>16</sup>, млрд теңге**

	2020	2021	2022
Барлық активтер	941	1 028	1 084
Өткізуден түскен табыс	720	1 289	1 114
Еркін ақша ағыны	58	167	52
ЕВІТДА	71	414	152
Таза қарыз	124	113	136
<b>Құрылған экономикалық құн</b>			
Таза пайда	-28	213	41
<b>Бөлінген экономикалық құн</b>			
Қызметкерлердің еңбекақысы және басқа да төлемдер	118	145	183
Әлеуметтік салаға инвестициялар, оның ішінде қайырымдылық және әлеуметтік қызмет	16,3	41,1	34,5
Кәсіпорынның капиталды шығындары	95	97	140
Жеткізушілер мен мердігерлерге төлемдер	570	900	971



**Капиталды шығындар. 2022 жылдың ірі жобалары.**

АМТ капиталды салымдар жолымен өзінің негізгі жабдықтарына инвестиция салуға ұмтылады, бұл біздің нысандардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, олардың қызмет мерзімін арттырады.

Болат департаменті	Көмір департамент	Темір-кен департаменті
1. № 8-9 жаңа кокс батареялары.	1. Жаңа клетті оқпан алаңында беткі қабытты кешен нысандарын салу. 2-фаза.	1. Карьер техникасын ауыстыру.
2. № 7 кокс батареясын жөндеу.	2. Күзембаев шахтасында орталық шұралы оқпанды қайта іске қосу. 2-фаза.	2. Лисаковск. 5-учаске. ЭБЖ-110кВ және 110/6 кВ шағын станциясын салу.
3. ЖЭО-1 № 1 қазандығын ауыстыру.	3. Заманауи ұңғылау комбайндарын сатып алу.	3. Атансор. Ж/к 50 тонна кранды сатып алу.
4. ЖЭО-2 № 7 қазандығын салу.	4. Заманауи қауіпсіз мехкешенді сатып алу.	4. Кентөбе. Ж/к 55 тонна кранды сатып алу.
5. ЖЭО-1 биіктігі 150 м түтін тұрбасын салу.	5. Сыйымдылығы шағын және үлкен автобустарды сатып алу.	5. Атасу кеніші (2 дана) мен Лисаковск филиалына арналған автобустарды сатып алу.
6. Кокс газын тазарту қондырғысы.	6. Жерасты бұрғылау білдектерін сатып алу.	6. Атасу. Жарылғыш заттарды әзірлеу пунктін салу.
7. Күл-қоқыс жинағыш. 3-фаза.	7. Жерасты жылжымалы шағын станцияларды сатып алу.	7. Атасу. Ұңғыма қондырғыларын сатып алу.
8. ЖЭО-1 – № 4 құбыр компрессорын ауыстыру.	8. Оқпанға арқанның түсуінен қорғайтын оқпанды дабыл жүйесін сатып алу.	8. Лисаковск. Пульпа өткізгіштерін ауыстыру.
9. № 2 әк тұтандыру пеші үшін электр сүзгі.	9. Аспалы дизель локомотивтерін сатып алу.	9. Атасу және Атансор кеніштерінде геологиялық барлау жұмыстары.
10. № 3 ДП жаңғырту – 8 және 10-шы ауа жылытқыш.		
11. 1-2 конвертерінің қаптамасын ауыстыру.		
12. № 1 конвертер үшін салқындатқышты ауыстыру.		
13. 9 кранды ауыстыру.		
14. Қауіпсіз емес ғимараттарды күрделі жөндеу (АГӨ и ҚИҚ 2).		
15. ҚИҚ-2 және ЫМАЦ үшін электр разрядты (EDT) білікшелерді бітімдеу үшін жаңа машина.		
16. № 7 агломашинаның түтін тұрбасын күрделі жөндеу.		
17. № 7 агломашинасы үшін желілік салқындатқыш.		



## Салық және міндетті төлемдер

207-1 207-2 207-3

Компания Қазақстан Республикасы салық заңнамасына сәйкес салық төлемдерін жүргізеді. АМТ салықтық есепке алу және жоспарлау қызметінің командасы салықтарды есептеуді жүргізіп, салық заңнамасының өзгерістеріне мониторинг жүргізеді, салықтық тәуекелдерді бағалайды. Бұл мақсаттар үшін жыл сайын команда салық заңнамаларының өзгерісі және өзге релевантты мәселелер бойынша оқудан өтеді, команда ішінде өзара оқу және тәжірибемен бөлісу жүргізіледі, сабақтастық жоспарланады және жүзеге асырылады. Тәуекелдерге тәуелсіз бағалау жүргізу үшін үшінші тараптардан салықтық шолу алынып, сонымен қатар даулы мәселелер бойынша кеңес беру, түсіндіру, ұсыныстар беру жүргізіледі.

Компания салықтық тәуекелдерді анықтауды өзі жүзеге асырады, сонымен бірге салықтық кеңесшілер көмегіне де жүгінеді. Салықтық тәуекелдерге тұрақты негізде АМТ кәсіпорындары деңгейінде компания ішінде мониторинг жүргізіледі, сонымен қатар бас кеңсе деңгейінде TRQ тәуекелдерді бағалау жүйесі арқылы да жүзеге асырылады. Біріздендірілген тәуекелдер сипатталады, материалдық мәнде есептеледі, мүмкін оңтайландыру/ азайту мүмкіндіктері есептеледі және тәуекел позициясы тұрақты негізде жаңаланады. Компанияда қосымша SO<sub>x</sub> бөлімі қызмет етеді, ол Салықтық есеп және жоспарлау қызметі процедураларын қоса алғанда Компанияның барлық процедураларына тұрақты бақылау жасайды.

Компанияда салықтық стратегияны сақталуына жауапты орган – Салықтар және мемлекеттік органдар мен қоғаммен байланыс жөніндегі қызмет. АМТ өз жұмысында салық заңнамасын сақтаудың ең жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, сол арқылы өзінің мүдделі тараптары үшін құндылық құруға ұмтылады. Салықтық есептілікті уақытылы тапсыру, салықтарды төлеу, салықтық заңнаманы сақтау, ашықтық Компанияның салық төлеу бойынша көзқарасындағы негізгі қағидалар болып табылады.

**Салық стратегиясының сақталуына Салықтар және мемлекеттік органдар мен қоғаммен байланыс жөніндегі қызмет жауапты. АМТ салық саласындағы қызметін реттейтін негізгі құжаттар:**

- Қазақстан Республикасының салық кодексі.
- Заңнамалық актілер және түрлі құқықтық құжаттар.
- Компанияның салық саясаты



Компанияда салық қызметі жұмыс істейді, оның жауапкершіліктері:

- салық есептілігін уақыты әзірлеу және өткізу;
- салықтарды уақытылы төлеу;
- болашақ кезеңдерге салық міндеттемелерін жоспарлау;
- өткен кезеңдерге салық міндеттемелері бойынша түрлі талдаулар жасау;
- Компанияда жүргізілетін салықтық тексерулер (тақырыптық, кешенді, камералық бақылау) актілері бойынша жұмыс;
- Мемлекеттік органдармен өзара қызмет (сұраулар бойынша).

Компания салық органдарымен ашық, дәл және уақытылы әріптестікке ұмтылады, сондай-ақ салық мәселелері бойынша мүдделі тараптармен кеңірек диалогқа қатысуға тырысады. АМТ ақпараттық ашықтық қағидатын ұстанады және билік органдарымен, жергілікті қоғамдастықтармен және салық органдарымен конструктивті және тиімді әріптестік құруды көздейді. Компания сонымен қатар операциялық қызмет аумағындағы жергілікті билік органдарының сарапшылық кеңестеріне көңіл бөліп, қоғамдық маңызды жобаларды жүзеге асыру үшін бизнес қауымдастықтардың қатысуымен мемлекеттік билік органдары құрған сарапшылық және жұмыс топтарына қатысады.

Компанияда тәуекелдерді, оның ішінде салық тәуекелдерін басқару жүйесі әрекет етеді, ол стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін тәуекел жағдайларының туындауын болдырмайды.

Компанияның жұмыс барысында түрлі салықтық тәуекелдерге ұшырасады, олар:


1. Салық кодексінің түсініксіз мазмұны.
2. Трансферттік баға қалыптастырумен байланысты тәуекелдер.
3. Бейрезиденттерге салық салу.


Салық тәуекелдерінің алдын алу және оларды азайту мақсатында тұрақты негізде келесі жұмыстар жүргізіледі:

1. Салық заңнамасының өзгерістеріне мониторинг.
2. Қызметкерлердің семинарлар мен форумдарға қатысуы.
3. Салық органдарымен салыстыру жүргізу.

### Салықтар мен алымдар төлемі, млрд теңге

Атауы	2020	2021	2022
Салықтар мен алымдар төлемі, оның ішінде	50	132	140
корпорация пайдасына салықтар	14	85	68
жалақыдан ұсталатын салықтар	14	25	34
өзге салықтар мен алымдар	22	22	38





## ҚОСЫМШАЛАР



Түр атауы:

### Шаған жапырақты үйеңкі (*Acer negundo*)

Үйеңкі тұқымдас түспежапырақты ағаш және бұталар. Бұл кең таралған, тез өсетін, ластануға төзімді, жер қыртысының құрамын талғамайтын үйеңкі түрі. Ол құрғақ пен түтінге төзімді, жер қыртысының кез-келген түрінде де өсе береді. Фотосинтездің жоғары қарқынының арқасында үйеңкі ауаны көмірқышқыл газынан жақсы тазалап, белсенді түрде оттегі өндіреді. Үйеңкі жарақаттанған кезде биомассаны қайт қалпына келтірудің жоғары қабілетіне ие, зиянкестерге төзімді. Өте белсенді және қозғалмалы, тез өседі және ауаның ластануына төзімді. Кеулеудің бастапқы кезеңінде өте агрессивті, бұл оның дәнімен кездейсоқ белсенді таралуынан көрініс табады. Үйеңкілердің парник газдарын жоғары жұту қабілетіне қарап, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бұл ағаш түрін өз жобасын жүзеге асыру аясында таңдап алды.


Тұрақты жасыл массивті қалыптастыру үшін 2022-2023 жылдар аралығындағы кезеңде

# 325 500-ден

астам көшет пен сеппе көшет отырғызылады.







## 1-ҚОСЫМША. ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МӘЛІМЕТТЕР

Сандық деректерді салыстыру мақсатында мәндерді дөңгелектеу оннан немесе жүзден бір бөлігіне дейін орындалды, бірақ мәндерде үтірден кейінгі белгілер бар.

### Энергия тұтыну

#### Ұйым ішінде энергия тұтыну

302-1

#### Жаңартылмайтын көздерден энергия ресурстарын тұтыну, мың ГДж

Отын түрі	2020			2021			2022		
	БД <sup>17</sup>	КД	ТД	БД <sup>17</sup>	КД	ТД	БД <sup>17</sup>	КД	ТД
	Мазут	12 915,00	-	-	14 462,00	-	-	12 958,20	-
Көмір	47 657,82	-	140,69	47 460,95	-	135,16	42 836,29	-	110,00
Сұйытылған газ	1 321,10	0,03	0,14	1 975,40	0,03	0,15	1 737,00	0,03	0,15
Кокс газы	12 106,10	-	-	10 583,10	-	-	11 853,90	-	-
Домна газы	13 957,00	-	-	12 893,10	-	-	11 145,00	-	-
Табиғи газ	-	-	131,18	-	-	100,76	-	-	65,24
Бензин	55,08	0,26	16,37	53,48	0,24	17,39	56,37	0,25	17,23
Дизель отыны	659,61	3,62	419,29	614,61	4,13	437,29	646,79	3,79	446,81
Керосин	1,52	0,01	0,49	1,74	0,01	0,46	1,58	0,01	0,44
Май және жақпа	-	1,90	-	-	1,98	-	-	1,76	-
ӨТҚ (өндірістік-техникалық қажеттіліктер, өзіндік қазандықтар) арналған көмір	-	823,16	-	-	858,56	-	-	953,25	-
<b>Барлығы</b>	<b>88 673,23</b>	<b>828,98</b>	<b>708,16</b>	<b>88 044,37</b>	<b>864,95</b>	<b>691,21</b>	<b>81 235,12</b>	<b>959,10</b>	<b>639,87</b>
Қайталап қолданылатын ресурстарды есепке алмағандағы барлығы	62 610,13	828,98	708,16	64 568,17	864,95	691,21	58 236,22	959,10	639,87

### Ластаушы заттар шығарындылары

305-7

#### Ластаушы заттардың (ЛЗ) атмосфераға шығарындылары, мың тонна/жыл

Ластаушы заттардың түрлері	2020			2021			2022		
	БД	КД	ТД	БД	КД	ТД	БД	КД	ТД
	Шаң	23,6	6,0	1,2	21,2	5,9	1,2	22,2	6,7
NO <sub>x</sub>	13,4	1,1	0,0	13,1	0,8	0,0	13,9	1,2	0,0
SO <sub>x</sub>	46,7	2,7	0,1	49,7	2,6	0,1	48,1	2,8	0,1
CO	127,7	2,4	0,1	125,2	2,7	0,1	119,5	2,9	0,1
Басқалар	0,5	0,0	0,1	0,5	0,0	0,0	0,5	0,0	0,1
Қатты бөлшектер (PM)	-	-	0,0	-	-	0,0	-	-	0,0
Ұшатын органикалық қоспалар (VOC)	0,3	-	0,0	0,3	-	0,0	0,4	-	0,0
<b>Барлығы</b>	<b>212,4</b>	<b>12,2</b>	<b>1,6</b>	<b>210,1</b>	<b>12,0</b>	<b>1,5</b>	<b>204,7</b>	<b>13,6</b>	<b>1,3</b>

### Қалдықтармен жұмыс

306-3

#### АМТ қалыптасқан қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың массасы, млн тонна

	2020			2021			2022		
	БД	КД	ТД	БД	КД	ТД	БД	КД	ТД
	<b>Барлық қалыптасқан қалдықтар, олардың ішінде:</b>	<b>3,19</b>	<b>0,10</b>	<b>0</b>	<b>3,16</b>	<b>0,10</b>	<b>0</b>	<b>2,87</b>	<b>0,12</b>
Домналық қож	1,87	-	-	1,89	-	-	1,64	-	-
Болат балқымалы қож	0,78	-	-	0,71	-	-	0,66	-	-
Аспирациялық шаң (СД)	0,12	-	-	0,14	-	-	0,14	-	-
Газ конденсаты	0,12	-	-	0,13	-	-	0,15	-	-
Темір қағы	0,08	-	-	0,08	-	-	0,07	-	-
Басқалар	0,22	0,00	-	0,22	0,00	-	0,20	0,00	-
Күл-қож	-	0,10	-	-	0,10	-	-	0,12	-
<b>Барлық қалыптасқан қауіпті емес қалдықтар, олардың ішінде:</b>	<b>3,63</b>	<b>3,13</b>	<b>10,02</b>	<b>3,64</b>	<b>3,14</b>	<b>11,20</b>	<b>3,94</b>	<b>2,80</b>	<b>13,04</b>
Көмірді байыту жынысы	0,91	2,91	-	0,82	2,79	-	1,32	2,45	-
Көмірді байыту құйрығы	0,10	-	-	0,30	-	-	0,26	-	-
Күл-қож қалдықтары	1,20	-	-	1,23	-	-	1,13	-	-
Аглолем	0,65	-	-	0,56	-	-	0,49	-	-
Кокс елемі	0,18	-	-	0,16	-	-	0,13	-	-
Қара металл ломы	0,47	-	-	0,42	-	-	0,44	-	-
Басқалар	0,13	0,00	-	0,16	0,00	-	0,17	0,00	-
Флот қалдықтары	-	0,21	-	-	0,34	-	-	0,35	-
Аршыма тау жыныстары	-	-	8,09	-	-	9,05	-	-	11,15
Құрғақ магнитті сепарация, құрғақ гравитация қалдықтары	-	-	1,87	-	-	1,91	-	-	1,66
Аспирациялық шаң (қалдық коды N 01 03 08)	-	-	0,00	-	-	0,00	-	-	0,00
Қоқыр	-	-	0,06	-	-	0,23	-	-	0,23
<b>Барлық қалыптасқан қалдықтар:</b>	<b>6,82</b>	<b>3,23</b>	<b>10,02</b>	<b>6,80</b>	<b>3,24</b>	<b>11,20</b>	<b>6,81</b>	<b>2,92</b>	<b>13,04</b>

### Қалпына келтірілген қалдықтар

306-4

#### Болат департаментінде қайталап қолданылған және қайта өңделген қауіпті және қауіпті емес қалдықтар массасы, млн тонна

Қалдықтар типі	Қалдықтарды қалпына келтіру орны	2020	2021	2022
<b>Барлық қалпына келтірілген қауіпті қалдықтар, олардың ішінде:</b>	Компания шегінде:	1,04	2,03	2,34
	Арнайы ұйымға беру:	1,88	0,50	0,01
Домна қожы	Компания шегінде:	-	1,27	1,64
	Арнайы ұйымға беру:	1,87	0,49	-
Болат балқымалы қож	Компания шегінде:	0,60	0,30	0,24
Аспирациялық шаң	Компания шегінде:	0,12	0,14	0,14



**Болат департаментінде қайталап қолданылған және қайта өңделген қауіпті және қауіпті емес қалдықтар массасы, млн тонна**

Қалдықтар типі	Қалдықтарды қалпына келтіру орны	2020	2021	2022
Газ конденсаты	Компания шегінде:	0,12	0,13	0,15
Темір қағы	Компания шегінде:	0,08	0,08	0,07
Басқалар	Компания шегінде:	0,13	0,12	0,09
	Арнайы ұйымға беру:	0,00	0,00	0,01
